

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономиканың дамуының 2003-2005 жылдарға арналған Индикативтік жоспары туралы

Маңғыстау облысы мәліхатының 2002 жылғы 20 желтоқсандағы N 23/237 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 22 қаңтарда N 1322 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспарларын әзірлеу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес облыстық мәслихат шешім етті:

1. Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономиканық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған Индикативтік жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық

мәслихат хатшысы

Кіріспе

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған осы Индикативтік жоспары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу Ережесіне, ҚР Үкіметінің 24.04.2002 жылғы N 470 қаулысымен бекітілген. 2002-2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметі Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарына сәйкес әзірленді.

1 Тарау. Әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаты мен негізгі бағыттары

1. Әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасау

Маңғыстау облысының экономикасында шикізаттық бағыт басым, яғни облыста өндірістік өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемінің 90 пайызынаң астамын мұнайгаз секторы өнімін өндіру үлесі құрайды. Ауыл шаруашылығы іс жүзінде дамыған және облыста ЖӨӨ бары 0,3 пайыз құрайды.

Әлем рыногында ішкі мұнай бағасы конъюктурасының жақсаруы, сондай-ақ бірқатар техникалық іс-шараларды іске асыру мұнай өндіруші кәсіпорындарға 1999 жылғы салалық құлдырауды тоқтатуға және кейіннен жыл сайын мұнай өндіру көлемін 1,1 - 1,5 млн. тоннаға дейін арттыра бастауға мүмкіндік туғызды. 2001 жылы 2000 жылғы 9,3 млн. тоннаның орнына 10,8 млн. тонна мұнай өндірілді.

Мұнай өндірудің өсу қарқыны ағымдағы жылында сақталды және қаңтар-сәуір айларында 2001 жылдың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда 117,4 пайыз құрап, 3,9 млн

т о н н а

м ұ н а й

ө н д і р і л д і .

Облыста бір мезгілде табиғи газ өндіру көлемі пластикалық қысымның төмендеуінен, кен орындарында табиғи газ қорының азаюынан тұрлаулы төмендеп кетеді. 2001 жылдың қорытындысы бойынша газ өндіру көлемі, 2000 жылғы деңгейінен 2,7 пайызға, ағымдағы жылдың 4 айында өткен жылдың тиісті деңгейінен 10,4 пайызға қысқарды.

Меншік газ көздерінің жетімсіздігі облысты облыстан тыс жерлерден, ішінара Атырау облысынан ("Тенгизшевройл" ЖШС БК) меншік газ құнынан айтарлықтай артық бағамен сатып алуға мәжібір етеді. Бұл бірінші кезекте энергоресурстар үшін және ішінара аймақтағы жалғыз энергиямен қамтамасыз етіп тұрған кәсіпорын - "МАЭК" РМК үшін күрделі проблема. Табиғи газ өндіру көлемінің одан әрі төмендеуі энергия ресурстарының барлық түрінің тез қымбаттауына әкеледі, нәтижесінде аймақ халқының өмір сүру деңгейінің төмендеуі, өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнының артуы, олардың базарлардағы тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуінің негізгі факторларының бірі болып табылады.

Негізіне, мұнайгаз секторы дамуының оң ілгерілеушілігі өнеркәсіптің басқа салаларындағы кәсіпорындардың шаруашылық қызметі мен экономиканың басқа да жүйесін активтендіруге бейімдеді.

Өнеркәсіп өнімі көлемінің физикалық индексі 2000 жылы 107,5 пайыз, 2001 жылы 116,3 пайыз құрады.

2001 жылы пластикалық масс зауытында өндіріс жаңартылып, 0,67 мың тонна көлемінде полистирол өнімінің бірінші партиясы шығарылды. Ағымдағы жылдың төрт айында зауытта 4,7 мың тонна полистирол өндірілді.

Осы уақытта, химия кешені проблемасы бұрынғыша шешілмеген күйде қалып отыр. 2 жылдан астам созылған соттасудан жоғары бәсекелестік, экспортқа бағытталған өнім өндіру мен іске асыру мүмкіндігін кешіктіріп отыр. Өндірістің білікті қызметкерлері жұмыссыз қалып, облыстан тыс жерлерге мамандардың ағылуы етек алды.

Ауыл шаруашылығында жағдай жақсарды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2000 жылы 0,2 пайызға, 2001 жылы 7,9 пайызға артты. Жыл сайын мал басының барлық түрлері орташа 7-8 пайызға өсті.

Облыста кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі жоғары деңгейде қалып отыр. 2000 жылы негізгі капиталға 36,02 млрд.тенге инвестиция жолданды немесе 1999 жылғы деңгейден 3,1 есе жоғары, 2001 жылы өткен жылдан 1,5 есе артық. Сонымен қатар инвестицияның 80 пайызға жуығы бұрынғыша мұнайгаз саласына, қалған көлемі басқа салаларға, оның ішінде энергетика мен әлеуметтік жүйеге бағытталғанын атап өту керек.

Құрылыс саласы жанданды, ол әлеуметтік жүйе объектілерінің іске қосылуымен куәландырылды. Соңғы екі жылда 4 жалпы білім беретін мектеп салынып, пайдалануға іске қосылды, Жаңаөзен қаласында спорт кешенінің құрылысы аяқталды, 4 елді

мекенге газдандыру жұмысы жүргізілді, қалалар мен аудандарды абаттандыру бойынша жұмыстар жүзеге асты. Тұрғын үй құрылысының көлемі артты.

Жүк тасымалы көлемінің ұлғаю беталысы байқалды. Көліктің барлық түрімен барлығы 2000 жылы алдыңғы жыл деңгейінен 1,4 еседей артық, 2001 жылы 1,3 есе жүк тасымалданды. Әуе және автомобиль көліктері үшін бұл беталыс ағымдағы жылы да т ұ р а қ т ы .

Ағымдағы жылы "Ақтау теңіз порты" РМК КТК-ның пайдалануға іске қосылуы мен N 4; 5 және 9 мұнай айлақтарын "Қазтеңіз тасымалфлоты" ҰТКК ЖАҚ берілуімен байланысты проблемалар туындады, яғни 2002 жылғы жүк тасымалы мен жүкті аударып тиеу көлеміне айтарлықтай ықпалын тигізді.

Негізінен, экономиканың нақты секторындағы дамудың тұрақты қарқыны әлеуметтік саясатта көптеген мәселелерді жетістікпен шешуге итермелейді.

Облыста облыс әкімінің 2000 жылғы 7 сәуірдегі N 385 шешімімен бекітілген "2000-2002 жылдарға арналған кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі Аймақтық бағдарламаны" іске асыру бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Сол себепті жұмыссыздық деңгейі 2001 жылдың басында 11,9 пайыздан 5,4 пайызға дейін төмендесе, 2002 жылдың басында жағдай бойынша 3,8 пайыз.

Әлеуметтік қамту мен әлеуметтік көмекке жергілікті бюджеттің шығысы 1,2 есеге ұлғайды. Жыл сайын меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдар аз қамтылған азаматтарға 50 - 60 млн. теңге мөлшерінде қосымша материалдық көмек к ө р с е т е д і .

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, құрылыстың барлық салаларында өндіру көлемінің өсуі облыс бюджетінің қалыптасуына оң әсерін тигізді. Нәтижесінде, облыстың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт, күш құрылымдарының дамуына 2000 жылы 1999 жылымен салыстырғанда 1,7 есе артық қаржы жолданды, 2001 жылы - 2000 жы л ғ ы д е ण г е й г е 7 , 1 п а й ы з .

Облыстың қаржы жағдайының жақсаруы жергілікті бюджеттен жалпы пайдаланыстағы жергілікті маңызды автомобиль жолдарына жөндеу жүргізуге және пайдалануға беруге 2000 жылы 300 млн. теңге, 2001 жылы 912,2 млн. теңге бөлуге м ү м к і н д і к т у ғ ы з д ы .

Ағымдағы жылы бюджет қалыптастыру тәртібінің өзгеруінен кооперативтік салық бөлігі толықтай республикалық бюджетке бағытталады, жергілікті бюджетке салық түсімі көлемінде маңызды өзгерту енгізеді. Қортындысында облыс бюджетіне шығысталған болжамдық бағасы 2002 жылы 2001 жылғы деңгейден 34,5 пайыз төмен. Тиісінше, жыл бюджетінің шығыс бөлігі, негізінен, ағымдағы жылы күрделі сипат таситын және іске асыруды талап ететін бірқатар іс-шараларды қаржыландыруға қаралмайды. 2002 жылғы бюджеттің шығыс бөлігінде облыстың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының дамуына жұмсалатын шығын 2001 жылмен салыстырғанда 69,5 пайызға қысқарды.

Бүгін аймақтың дұрыс дамуын қолдау үшін қосымша кемінде 15 млрд. теңге керек.

Бүгін аймақтың дұрыс дамуын қолдау үшін кемінде қосымша 15 млрд. теңге керек.

2. 2003-2005 жылдарға арналған облысты дамытудың басымдықтары

Экономика дамуының болашақтағы міндеттері - өнеркәсіп секторы өндірісінің тұрлаулы өсу қарқынын сақтау, тоқтап тұрған кәсіпорындар өндірісін қалпына келтіру және сауықтыру, өнеркәсіпті импорт алмастыру өнімдерін шығаруға бағыттау.

Аймақ экономикасында мұнайгаз кешенінің дамуы бұрынғыша басымдылықта қ а л а д ы .

Мұнайгаз саласының даму қарқынының сақталуы өнеркәсіптің басқа салаларының тұрақты дамуына, сервистік қызмет көрсету түрлерін кеңейтуге, шағын және орта бизнес субъектілері санын арттыруға бейімделетін болады.

Аймақ экономикасында перспективалы және басым бағыттардың бірі химия және мұнайхимия өндірісін дамыту болып табылады. Негізгі шикізат - мұнай, ілеспе газ бар, әрекет етуші өндіріс - химия кешені, пластикалық масс зауыты, Жаңаөзен қаласындағы г а з а й ы р у з а у ы т ы .

Аймақта мұнайхимия мен химияның дамуы мұнайды қайта өңдеу өнімдеріне республика қажеттілігін қамтамасыз етуге, аймақта экспортқа бағытталған өндіріс құруға бейімделетін болады. Облыста негізгі жағдайы республикалық Концепцияның аналогиялық жобасымен сәйкес келетін Ақтау қаласындағы мұнайхимия кешенін құру Концепциясының ж о б а с ы әзірленуде.

Көлік инфрақұрылымының дамуы жалғасуда.

ҚР Президенті осы жылдың 26 сәуірінде Маңғыстау облысында "Ақтау Теңіз порты" АЭА құру туралы Жарлыққа қол қойды.

АЭА құрудың басты мақсаты - "Ақтау теңіз порты" РМК бәсекеге қабілеттілігін нығайту және халықаралық рынокта жүк тасымалы мен ТРАСЕКА жүк қозғалысы маршрутында б а с ы м б а ғы т т ы ұстау.

"Ақтау теңіз порты" РМК үшін Каспийде ТМД елдерінің порттары арасында негізгі бәсекелес Астрахань және Оля (Рессей), Махачкала, Бау, Түркменбашы болып т а б ы л а д ы .

Арнаулы экономикалық аймақ құрудан күтілетін екінші мақсат - облыс аумағында ішкі және сыртқы рынокта АЭА аумағында аса тәртіп орнату жолымен, салық және кеден жеңілдіктері мен артықшылықтары қаралған бәсекеге қабілетті әртүрлі өндірістерді жоғары қосылған бағасымен орналастыру.

Аймақ үшін Ақтау қаласындағы халықаралық әуежайдың дамуы аз емес маңызға ие .

Ақтау халықаралық әуежайымен жүзеге асатын жүк және жолаушы тасымалы көлемі жыл сайын артып келеді және бұл бағыт Солтүстік Каспий қайраңындағы перспективаның ашылуымен байланысты сақталып келеді.

Сонымен қатар, әуежай инфрақұрылымы халықаралық талапқа ашық жауап

бермейді. Ағымдағы жылы жолаушы және жүк терминалы құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын жасақтау жоспарларында 2003 жылы құрылысын бастау жоспарлануда. Қаржыландыруды тікелей инвестиция немесе қарыз қаражаты есебінен қамтамасыз ету көзделген.

Кәсіпорында "ИСО-9000" сапа стандарты жүйесін, автомобиль жолдары желісін дамыту бағдарламасын, құрылыс индустриясы базасын дамыту, тұрғын үй қорын қалпына келтіру және жөндеуді енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру, сондай-ақ бұрын қабылданған барлық әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру жалғасатын болады. Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес мәсекелесі, жаңа жұмыс орындарын ашу басымдылықта қалады.

2 Тарау. Өнеркәсіптің дамуы

1. Талдау: 2000-2002 жылдар

Өнеркәсіп дамуының көрсеткіштері. Экономиканы дамуы үшін 2000 жылы қалыптасқан қолайлы жағдай, аймақтағы экономикалық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған бірқатар шараларды іске асыру іс жүзінде өнеркәсіптің барлық саласында даму қарқынының елеулі түрде өсуіне ықпал етті, яғни бұл 2001 жыл үшін де с и п а т т а л д ы .

2000 жылы үй шаруашылығын қоса алғанда меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар 192,5 млрд. теңге көлемінде өнеркәсіп өнімін өндірді, бұл 1999 жылғыдан 7,5 пайыз артық. 2001 жылы өндірілген өнім көлемі 217 млрд. теңгені құрады. Сол себепті физикалық көлем индексі 916,3 құрады.

Осындай беталыс 2002 жылы да сақталды.

2002 жылдың қаңтар-сәуірінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі үй шаруашылығы есебімен әрекет етіп тұрған бағада 69994,3 млн. теңгені құрады, яғни өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 18 пайызға артық.

Облыста 2002 жылдың аяғына дейін 235,4 млрд. теңге көлемінде өнеркәсіп өнімі өндірілетін болады немесе 2001 жылғы деңгейден 12,6 пайыз артық.

Маңғыстау облысында өнеркәсіп өнімі өндірісінде тау-кен өндіру саласы а й т а р л ы қ т а й ү л е с а л а д ы .

Тау-кен өндіру өнеркәсібі өнімінің үлесі 2000 жылы 93,3 пайыз немесе 179,6 млрд. теңге, 2001 жылы 92,8 пайыз немесе 196,3 млрд. теңгені құрады.

Жаңа кен орындарын игеріп әзірлеуге және әрекеттегі қабаттардың мұнай қайтарымдылығын арттыру жөнінде шаралар алу, сондай ақ 74 жаңа ұңғыманы қатарға қосу және ұңғымалардың әрекет етіп тұрған қорын күрделі жөндеу есебінен мұнай өндіру көлемінің 2000 жылы 1,2 млн. тоннаға мұнай өсуіне қол жеткізілді. Газ өндіру де осының алдындағы жылдың деңгейінен 0,8 пайыз жоғары.

2001 жылы 10,8 млн. тонна мұнай өндірілді, яғни 2000 жылғы деңгейден 1,5 млн. тоннаға артық. Сонымен қатар табиғи газ өндіру көлемі осы жылы 2,7 пайызға қысқарды. Негізгі себебі - газ қорының азаюы және әрекеттегі газ кенорындарындағы

қ а б а т

қ ы с ы м ы н ы ң

т ө м е н д і г і .

Ағымдағы жылы өнеркәсіптің таукен өндіру саласында шикі мұнай мен ілеспе газды өндіруді 17,4 пайызға арттыру есебінен өнім көлемінің өсуінің жоғарғы қарқыны сақталады. 2002 жылдың төрт айында 3,9 млн. тонна мұнай өндірілді, яғни өткен жылдың тиісті кезеңінен 17,4 пайыз артық.

2002 жылы 12,7 млн. тонна мұнай өндіру жоспарлануда, яғни 2001 жылдан 17,6 п а й ы з а р т ы қ .

2002 жылдың аяғында тау-кен өндіру саласындағы өнім көлемі 219,9 млрд. теңгені қ ұ р а й д ы .

Өндеу өнеркәсібінде өндіріс көлемінің өсуі 2000-2001 жылдар аралығында тиісінше 106 және 127,7 пайыз болып, тұрақты күйде қалады.

2000 жылы өндеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің артуына тоқыма және тігін өнеркәсібі өнімдері өндірістерінің өсуі есебінен қол жетті. 2000 жылы 85,9 млн. теңгенің өнімі өндірілді, яғни 1999 жылғы деңгейден 2,8 есе жоғары.

Тоқыма және тігін өнеркәсібі өнімдері өндірісінің айтарлықтай өсуі "Ақбөбек" ААҚ мен "Жанарыс" ААҚ және УПП КОС кәсіпорындарында Ішкі Істер Министрлігі кәсіпорындарының, жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы киімдері мен арнаулы аяқ киімдерін (3 есе), сондай-ақ төсек орын жамылғыларын (2,1 есе) тігу жөніндегі т а п с ы р ы с т а р д ы ж а с а қ т а д ы .

2001 жылы тоқыма және тігін өнеркәсібінде 95,1 млн. теңгенің өнімі өндірілді, яғни 2000 жылмен салыстырғанда 10,7 пайызға артық.

Сонымен қатар өткен жылмен салыстырғанда, 2001 жылы жұмыс киімі мен дайын тігін бұйымдарын тігу (барлығы 42,6 пайызға орындалды), төсек орын жамылғылары (49,8 пайыз) көлемінің төмендеуі беталысы байқалды. Өнім көлемінің төмендеуінің негізгі себебі тігіншілердің негізгі серігі - ірі жер қойнауын пайдаланушылардың тапсырыстарының қысқаруы болып табылады.

2002 жылдың қаңтар-сәуірінде тоқыма және тігін өнеркәсібінде өнім көлемі өткен жылдың тиісті кезеңі деңгейімен салыстырғанда негізінен жұмыс киімін шығару көлемінің азаюы (4,49 пайызға), есепті мерзімде төсек орын жамылғыларын тігуге тапсырыстардың, сондай-ақ дайын тоқыма бұйымдарының болмауы есебінен 45,9 пайызға азайып кетті. УПП КОС, "Жанарыс" ЖШС және "Ақбөбек" ААҚ кәсіпорындары тігін цехтарының жүктемесі 20-25 пайызды құрады.

Толығымен 2002 жылдың қорытындысы бойынша 98,9 млн. теңге көлемінде тоқыма және тігін өнімдері шығарылады деп күтілуде.

Тері, былғары өнімдері мен аяқ киім өндірісінде 2000 жылы 73,3 млн. теңгенің өнімі өндірілді, яғни алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен Ішкі Істер Министрлігі мекемелерінің тапсырыстары есебінен 2,5 есе жоғары, 2001 жылы аталған өнімді шығару көлемі 16,6 пайызға қысқарды.

2002 жылдың төрт айы да өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда аяқ киім

өндірісінің көлемі 74,7 пайызға төмендеумен сипатталады.

2002 жылдың аяғына дейін қазіргі уақытта кәсіпорындармен пысықталып, жер қойнауын пайдаланушы - кәсіпорындармен шартты іске асыру есебінен 126,1 млн. теңгеге аяқ киім және былғары өнімдері шығарылатын болады, яғни 2001 жылмен салыстырғанда 1,1 есе артық.

Тамақ өнеркәсібінде қышқыл сүт-ағарған өнімдерін өндіру жөніндегі өндіріс дамытылды. Жұмыс істеп тұрған "Ақтау Сүт" кәсіпорны өнім түрлерін кеңейтті және 2000 жылы қазіргі заманға сай қалыптасу желісін енгізу арқасында өнім шығару көлемі арттырды.

2001 жылы кәсіпорынмен 1198,4 тонна сүт өнімі өндірілді, 2002 жылы 1702,8 тоннаға жеткізу күтілуде.

2001 жылы "Гамма" ЛТД ЖШС сүт өндірісі жөніндегі шағын зауыты пайдалануға іске қосылды, осыған байланысты ағымдағы 2002 жылы сүт өнімдерін өндіру көлемін 2001 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,5 есе өсіру күтілуде.

Ағымдағы жылы кондитер желісін іске қосуды жүзеге асыру жоспарлануда, яғни тамақ өнімдерін шығару номенклатурасы әртүрле өндіреді. Жылдың аяғына дейін 36 млн. теңге сомасында 144 тонна кондитер бұйымдары өндірілетін болады.

2002 жылдың қорытындысы бойынша 371,1 млн. теңгенің тамақ өнімдері өндіріледі деп күтілуде.

Аймақтың химия өнеркәсібінде 2000 жылы айтарлықтай құлдырауға жол берілді. Өнім шығару көлемі 1999 жылғы деңгейден 68,7 пайызға төмендеді. "АКПО" АҚ кәсіпорны мен "Ақтал ЛТД" ЖШС химия кешені бірқатар шынайы себептер бойынша ұзақ уақыт бойына тоқтап тұрды. Олардың қызметін жаңартуға ҚР Үкіметі мен облыстың әкімият тарапынан бірқатар жылдар бойына әрекет жасалды, оның ішінде 2000 жылы да, бірақ нәтиже бермеді.

2001 жылы химия өнеркәсібінде өнім шығару көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 2001 жылғы желтоқсанда пластикалық масс зауытын қалпына келтіру есебінен 1,7 есе өсті. 2001 жылдың аяғына дейін 670 тонна стирол полимері шығарылды.

2002 жылдың 4 айында "ЗПМ" ЖШС пластикалық масс зауытында 222,6 млн. теңге сомасында 4691 тонна стирол полимері шығарылды, яғни химия өнеркәсібі бойынша толықтай өнім өндіру көлемі 14,8 есеге артты.

Ағымдағы жылдың аяғына дейін химия саласында өнім өндіру көлемі 2,9 млрд. теңгені құрайды деп күтілуде. Пластикалық масс зауытында полистиролдың барлық маркасын шығару 12 мың тоннаны құрайды.

Машина жасауда 2000 жылы 2067,9 млн. теңге сомасында өнім өндірілді, яғни 1999 жылғы деңгейден 1,5 есе жоғары.

Салаға негізінен мұнай өндіруші кәсіпорындар үшін орта және ұсақ габаритті жабдықтар - Ц2НШ750 реакторы, НБ-125 (9Мгр) сорғысы, ПП-0,63 м жол жылытқыштары және басқалар өндіретін, сондай-ақ оларға жөндеу бойынша қызмет

көрсететін "Каспиймұнаймаш" ААҚ мен "Каскор-Машзавод" ААҚ екі кәсіпорны ұ с ы н ы л д ы .

2001 жылы 3137,7 млн. теңгенің өнімі өндірілді, яғни 2000 жылғы деңгейден 1,5 есе ж о ғ а р ы .

2002 жылғы қаңтар - сәуірде машина жасауда физикалық көлем индексі 78,9 пайызды құрады, немесе 2001 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,1 пайыз аз өнім өндірілді. Өндіру көлемінің азаюы машина жасау кешені кәсіпорындарына тапсырыстардың болмауымен байланысты.

Толықтай өндеуші өнеркәсіптерде 2002 жылдың аяғында өнім өндіру көлемі 8,3 млрд. теңгені құрайды немесе 2001 жылғы деңгейден 36 пайы жоғары, яғни үлкен мөлшерде химия өндірісін қалпына келтіру мен сүт және қышқыл сүт өнімдерін өндіру көлемінің өсуімен байланысты.

Электр энергиясы, газ және су өндірісінде физикалық индекс көлемі 2000 жылы су жинау, тазалау және тарату көлемі 100,4 пайызды құрап 1999 жылмен салыстырғанда 1,6 есе болды, яғни облысқа квотадан тыс келгендердің, көшіп келушілердің облыстың қала сыртындағы саясай учаскесіне белсенді орналасуымен байланысты және тиісінше суды қажетсіну көлемін арттырды. Сонымен қатар, электр энергиясын өндіру және тарату бұрынғы деңгейде қалды, бумен және ыстық сумен қамту 11 пайызға азайды.

2001 жылы өндіріс көлемі 2000 жылғы деңгейден өндіріс көлемінің артуы есебінен 1,6 пайыз және пластикалық масс зауытының қалпына келтірілуімен байланысты электр энергиясын тарату - 6,8 пайыз, газ типті жылу тарату 6,9 пайызға өсті.

2002 жылдың қаңтар-сәуірінде физикалық көлем индексі 2001 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 93 пайыз, бумен және ыстық сумен қамту көлемі 21,2 пайыз, газ типті жылу өндіру мен тарату 8,6 пайызға азаюына жол берілді.

2002 жылдың аяғына дейін өнім өндіру көлемі 10,1 млрд. теңге құрайды.

Өнеркәсіп өнімінің экспорты. Маңғыстау облысында экспорттың негізгі тауары үлесіне экспорттың жалпы көлеміні 90 пайыздан астамы кіретін шикі мұнай болып табылады. Экспорт көлемінің қалған 4-5 пайызы тіс пастасын, металл сынықтары, мүйізді ірі қара мал терісі мен жүн кіреді.

2000 жылы өндірілген 9,3 млн. тонна мұнайдың 7,4 млн. тоннасы экспортталды немесе жалпы көлемінің 79,6 пайызы. 2001 жылы өндірілген 10,8 млн. тонна мұнайдың 8,8 пайызы экспортталды (81,5 пайыз). Осындай динамика 2002 жылдың қаңтар-сәуірінде де сақталды - өндірілген 3,9 млн. тонна мұнайдың 2,5 млн. тоннасы экспортқа тиелді.

Өнеркәсіп секторында жұмыспен қамту. Аймақ экономикасындағы жұмысқа қамтылғандардың жалпы санының негізгі үлесі өнеркәсіпте 27440 адам құрайды немесе 37,5 пайыз, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде 15781 адам, өңдеу өнеркәсібінде 5307 адам, электр энергиясын, газ және су өндіру мен саратуда 6352 адам.

Өнеркәсіп секторында жұмыспен қамтылған жұмысшылар саны 2000 жылы 1999

жылмен салыстырғанда 14,5 пайызға артты, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде 22,7 пайыз, өңдеу өнеркәсібінде 3,2 пайыз, электр энергиясы, газ және су өндіру мен т а р т у д а 3 , 4 п а й ы з .

2001 жылы өнеркәсіп секторындағы жұмысшылар саны 2000 жылмен салыстырғанда 17,9 пайызға артты және 32,3 мың адамды құрады, оның ішінде тау-кен өнеркәсібінде 20,3 мың адам (28,5 пайыз), өңдеу өнеркәсібінде 5,5 мың адам (3,8 пайыз), электр энергиясы, газ және су өндіру және таратуда - 6,5 мың адам (1,6).

Өнеркәсіпте шаруашылық қызметінің белсенділігі осы саладағы жұмысшылар санының ілгерідегі арту қарқынына бейімделеді. 2002 жылдың бірінші тоқсанының қортындысы бойынша өнеркәсіп өндірісіндегі сан өткен жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 18,1 пайызға артты және 32173 адамды құрады.

2002 жылдың аяғында өнеркәсіпте 33,9 мың адам жұмыспен қамтылатын болады, 1,5 мың жұмыс орны іске берілді, оның ішінде жаңа өндіріс құру есебінен 0,5 мың жұмыс орны.

Өнеркәсіптегі инвестиция. 2000 жылы облыс өнеркәсібін дамытуға 23,7 млрд. теңге көлемінде инвестиция жолданды, яғни 1999 жылғы деңгейден 7 есе артық, 2001 жылы - 44,7 млрд. теңге, яғни негізгі капитал инвестицияның жалпы көлемінің 80,7 қ ұ р а й д ы .

Өнеркәсіпте пайдаланылған қаражаттың жалпы көлемінің 96,4 пайызы - ішкі мұнай мен газ өндіруге, 0,08 пайыз тас карьерлерін әзірлеуге бағытталады. Негізінен қаражат кен орындарын өнеркәсіптік жайластыруға, технологиялық құрал-жабдықтардың, көлік құралдарының жаңасын сатып алуға және пайдаланыстағыларды ауыстыру мен басқаларға инвестірілендірілген.

2000-2001 жылдар кезеңінде инвестицияның жалпы көлемінің көп үлес салмағын (51,8 пайыз) Солтүстік Бозашы кен орны және "Өзенмұнайгаз" ААҚ Ақтас, Қарамандыбас кенорындарында өнеркәсіптік жайластыру өткізген Тексако Норс Бозашы Компаниясымен инвестрленді.

"Қаражанбасмұнай" ААҚ, "Қаракұдықмұнай" ЖШС, "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ, "Қазполмұнай" БК мен "Партееееекс Қазақстан Корпорейшн" филиалы компанияларымен мұнай өндіруді дамытуда инвестиция көлемі тұрақты өсіп келеді. 2001 жылы олармен 13 млрд. теңге көлемінде инвестиция игерілді, яғни 2000 жылғы деңгейден 2,2 есе көп (5,9 млрд. теңге).

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде өнеркәсіпте 7,2 млрд. теңге ретімен инвестиция игерілді, жыл аяғына дейін 50,3 млрд. теңге игеріледі деп күтілуде, яғни 2001 жылғы деңгейден 1,4 есе жоғары.

Өнеркәсіп дамуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар. Маңғыстау облысы әкімиятының, кәсіпорын басшыларымен бірлескен өнеркәсіптің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, тоқтап тұрған өндірісті қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар деңгейінде 2000 жылы Химия кешенін қалпына келтіру және дамыту бағдарламасы

әзірленді, нәтижесінде зауыт құрал-жабдықтарын қайта жаңарту және жетілдіру бойынша жұмыстар атқарылды, жаңа өнімдер - натрий триполифосфаты, аммиак селитраты және ванадия пятиокисі шығару игерілді.

"Ақтал Лтд" ЖШС мамандарымен технология әзірленді және Қазақстанның металлургия зауыттарына қадетті жоғары қоспалы болат балқытуға арналған ванадий пятиокиси алу жөніндегі тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғы құрылды. Алайда туындаған соттық тексеру кәсіпорын қызметін бүгінгі күнге дейін тоқтатып қойды.

Облыста 1999 жылдан Өзен кенорның сауықтырудың Дүниежүзілік қайта жаңарту және дамыту Банкісі арқылы қаржыландырылған және ұңғылардың өнімділігін қалпына келтіру, мұнай өндіру көлемін арттыру қаралған жоба жүзеге асырылуда.

"Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ кәсіпорындарында негізгі өндіріс жұмысының тиімділігін арттыру мақсатымен әрекет етпейтін қор ұңғыларын қалпына келтіру қамтылған және өндірістің тиімділігі мен тәртібіне жалпы бақылауды жүзеге асырып, барлық бөлімшелер қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын "Ойл Сервис Компани" ЖШС құрылды. Аталған кәсіпорынмен олардың қызметін үйлестіру және алдыңғы қатарлы технологиялар мен жаңа техникаларды көбірек қарқынды енгізу негізінде өндірісті сауықтыру бағдарламасы әзірленді және іске асырылуда.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мұнай өндіру айтарлықтай өсті - 2000 жылы 1998 жылмен салыстырғанда 820 мың тонна мұнай артық өндірілді, ұңғыларға жоспардан артық жөндеу жұмыстары жүргізілді - жоспардағы 230 ұңғы орнына 253 ұңғы жөндеді.

2001 жылдың аяғында 4 жыл бойы тұрған пластикалық масс зауытының өндірісі қалпына келтіріліп, өнім шығаруды бастады.

Ағымдағы жылы облыста химия саласының әрекет етіп тұрған кәсіпорындары базасында химия өндірісін құру тұжырымдамасын әзірлеу жұмыстары басталды.

2001-2002 жылдар ішінде облыстық әкімияттан "Ақтау теңіз порты" РМК бірлесіп "Ақтау теңіз порты" арнаулы экономикалық аймағын құру жөнінде ҚР Үкіметіне материалдар әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізді. ҚР Президентінің ағымдағы жылдың 26 сәуіріндегі Жарлығымен біздің облыс аумағында АЭА құру туралы шешім қабылданды. АЭА құру аймақта инвестиция ағынын толықтай белсендірудің, осы өнеркәсіпті әртараптандырудың ізіне түсті.

Өнеркәсіп технологиясы. Зерттеу және дамуы. Облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарының көпшілігінде беретін өндірістік-технологиялық бағаларды жаңартуды және жетілдіруді қажет етеді.

Кәсіпорындар бар негізгі қордың жарамдылық дәрежесі бірнеше жыл бойында 56 пайыз деңгейінде қалып отыр, тозу дәрежесі 45 пайыз шамасында.

Негізгі қордың тозуының жоғарғылығына қарамастан, оларды жаңарту баяу жүріп жатыр. Өндірісті дамытуға бағытталған инвестицияның талдауы көрсеткендей, 2000 жылы негізгі қорға кірістеуге салынған инвестицияның әрбір теңгесі 1997 жылғы 0,76

теңгенің орнына 0,44 теңгеден келеді. 2001 жылы да онша жақсы емес ахуал қосылды.

Сонымен қатар, облыс кәсіпорындарының бірқатарында өндірісті жетілдіруді жүргізуге, технологияның, өнімнің жаңа түрлерін игеруге әрекет жасалып жатыр.

Облыс аумағында іс-қимыл жасайтын "Модульдік Технология Корпорациясы" соңғы екі жыл бойы мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі технологияларды енгізу бойынша, Жалғызтөбе кенорнында мұнай негізінде битум мен эмульсия өндіру жөніндегі екі модульді - блок қондырғысының құрылысы не үшін ұйымдастырылғаны жөнінде жұмыстар жүргізуде. Сондай ақ осы мұнайдан үзінді ванадия технологиялар әзірлеу бойынша зерттеу жүргізеді.

"НИПИМұнайгаз" ЖАҚ ғылыми-зерттеу институтымен облыста "Ақтал Лтд" ЖШС базасында мұнай өндіру саласы үшін фосфор органикалық жалғауын өндіруге (қарриозияға қарсы реагенттер, бет-активті және жуу құралдар мен басқалар) әзірлемелер өткізілді.

"Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ кәсіпорындарында ұңғылардың өнімділігін арттыру мақсатымен ресей кәсіпорындарымен бірлесіп, соқпадыдай аймағындағы қабаттың гидроүзігін өткізудің жаңа әдісі енгізілді. 2000 жылы аталған әдісті қолданудан алынған әсер - мұнай өндіру 63 мың тоннаға артты.

Кәсіпорындармен технологиялық қайта жабдықтау жоспарында 2000 жылы 354 бірлік жаңа техника сатып алынды, оның ішінде 100 бұрама сорысы.

Бұлардан басқа, "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ базасында терең сорғыларды сынаумен және жөндеумен, басқа да технологияларды енгізумен айналысатын "Технотрейдинг Лтд" Маңғыстау филиалы ашылды. Аталған фирмаларда бұрынғы пайдаланыстағы радиациялық ластанған сорғылық-сығымдағыш құбырғылары (НКТ-ССҚ) өңдеу жөніндегі учаске құрылды, ұнтақпен пісіру және тозаңдату әдісімен тетікті қалпына келтіру технологиясы енгізілді.

Кәсіпорындарда 2001-2000 жылдар бойы технологиялық құрал жабдықтар жы жаңарту жөніндегі іс-шаралар жалғасуда.

"Өзенмұнайгаз" ААҚда ДЖЖДБ (ЕБРР) қарыз қаражаты есебімен Өзен кенорнын сауықтыру жобасын іске асыру деңгейінде жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру мақсатымен жаңа технологияларды енгізу жөніндегі іс-шараларды өткізуге арналған "Тәжірибелік-өндірістік эксперименталды басқарма" филиалы мен "Жаңа Ойл Сервис" ЖШС құрылды. ЖШС жанынан несие есебімен сатып алынған арнаулы технологиялар автоколоннасы құрылды, оның есебінде жүзеге асырылып жатырған жұмыстардың тиімділігін айтарлықтай көтеруге ықпал жасайтын америкада шығарылған "Кардвелл" жедел бұрғылау қондырғысы бар.

Қорғаныс кешені кәсіпорындары базасында құрылған "Каспиймұнаймаш" ААҚ машина жасау кәсіпорындарында әрекет ету қуаты базасында өнімнің жаңа түрлерін шығару жөнінде бизнес-жоспар әзірленді:

- мұнай өндіру саласы үшін, қазіргі уақытта Ресейден импортталатын 3Мгр типті

с о р ғ ы

ш ы ғ а р у ;

- өнімділігі сағатына 150 мың тонна болатын ГТПА типті теңіз суын термиялық айыратын тұщыту қондырғысын шығару. Жоба мақсаты - тұщыту техникасымен өндіруге сәйкес қамтамасыз ету жүйесін құру.

Өндіруші өнеркәсіпте 2001 жылы "Гама" Лтд ЖШС шағын сүт зауыты пайдалануға іске қосылды, яғни сүт өнімдерін шығару жөніндегі кәсіпорындарында бұрын қолданылмаған голландия технологиясы негізге алынды.

Ағымдағы жылы облыстық әкімиятпен облыстың инновациялық даму басқармасын әзірлеу жоспарлануда.

Шағын бизнес секторы. 2000 жылы аймақтың өнеркәсіп секторында 500 шағын кәсіпкерлік субъектісі қамтылған, яғни 1999 жылғы деңгейден 35,4 пайыз артық. 1861 млн. теңге сомасында өнім өндірілді (1999 жылдан 6,0 есес жоғары). Жұмыспен қамтылғандардан көпшілік үлес өнеркәсіпте тау-кен өндіру саласына тиеді.

2001 жылы өнеркәсіп секторында шағын бизнес субъектілерінің саны 2000 жылмен салыстырғанда 33 пайызға азайып, 392 бірлікті құрайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілер санының азаюы ОКЭД өзгерістер негізінде статистика органдары мен салық комитетімен салыстырмалы тексеру өткізумен байланысты.

Өнеркәсіп секторында шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемі 2001 жылы 1700,7 млн. теңгені құрады.

2001 және ағымдағы жылы өнеркәсіп секторында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қамтылу құрылымы мәнді өзгерген жоқ. Өнеркәсіп секторында шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар саны өткен жылы 2367 адамды құрады (2000 жылға 101,1 пайыз), 1.05.2002 жылға 2387 адам (2001 жылға 100,8 пайыз).

Өнеркәсіпте қамтылған шағын бизнес субъектілерінің саны 455 бірлікті құрады, ағымдағы жылдың аяғында өнеркәсіпте 625 шағын кәсіпорын жұмыс істейтін болады, оларда жұмыспен қамтылғандар саны 6,1 пайызға өсті және 2511 адамды құрайды.

Тұрғын үй құрылысы және құрылыс материалдарын өндіру. Облыста 2000 жылдан бастап тұрғын үй құрылысының қарқыны айтарлықтай өсті, яғни құрылыс саласында өнім өндіру көлемінің өсу факторларының бірі болып табылады.

2000 жылы облыста 48512 шаршы метр тұрғын үй іске қосылды, яғни 1999 жылғы көрсеткіштен 1,7 есе артық, оның ішінде кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебімен 14269 шаршы метр, азаматтардың өз қаражаттары есебімен 34243 шаршы метр.

2001 жылы тұрғын үйді іске қосу көлемі қаржыландырудың барлық көздері есебімен 50858 шаршы метрді құрады немесе 2000 жылғы деңгейге 104,8 пайыз, олардан құрылыс салушы жеке тұлғалар күшімен 41511 шаршы метр, кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебінен 5105 шаршы метр, бюджет қаражаты есебімен 4242 шаршы метр.

Ағымдағы 2002 жылы тұрғын үй құрылысының қарқыны жеткілікті жоғары болып

қалады. Ағымдағы жылдың 4 айында 23,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға іске қосылды, 2001 жылғы тиісті деңгейден 2,6 есе жоғары.

Жалпы көлемінен жергілікті бюджет қаражаты есебінен 4,2 мың шаршы метр тұрғын үй және тұрғындар қаражатымен 19,7 мың шаршы метр іске қосылды.

2002 жылдың аяғында 72,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілетін болады, олардан құрылыс салушы жеке тұлғалар күшімен 45,2 мың шаршы метр, кәсіпорындардың өз қаражатымен 21,7 мың шаршы метр және жергілікті бюджет есебінен - 6 мың шаршы метр тұрғын үй.

Тұрғын үй құрылысындағы тандану және құрылыс саласындағы кәсіпорындардың құрылыс өнімдерін шығару көлемін азайту мұнайгаз секторында өндірудің өсуінің тұрлаулы қарқынына бейімделді және олардың инвестициялық саясатын белсенділеу. Құрылыс материалдарын өндіру көлемін арттыру үшін қуатты ынта Баутин кентіндегі (Аджиб ККО) теңіз операцияларын қолдау базасының құрылыс басында және Каспий теңізінде бұрғылау үшін жасанды арал құрылысын салу, сондай-ақ әлеуметтік сала объектілері мен тұрғын үй құрылыстары көлемінің артуымен қызмет етті (2000 жылы 4 мектеп; 2 мектеп және 2 мектепке қосымша құрылыс, Жаңаөзен қаласында 50 орынды қонақ үй, Ақтау қаласында 2 көппәтерлі тұрғын үй - 2001 жылы; драма театрдың, перзентхананың екінші бөлігінің құрылысы - 2002 жылы және басқа да объектілер).

Облыс өндірілетін құрылыс материалдарының негізгі номенклатурасы: темір бетон бұйымдары, тас-ұлтас қабырға материалдары, қиыршақ тас, құрылыс топырақтары, терезе және есік жақтаулары, тауар бетоны.

Маңғыстау облысында құрылыс материалдарын өндірумен айналысатын кейбір ірі кәсіпорындар: "Ақтас" ЖШС, "Теміртас" ААҚ, "Сүйіндік" ЖШС, "Ұлтас" ААҚ, "АғашТасАсфальт" ЖШС, "Өндірісік кәсіпорындар басқармасы" ЖШС, "Мырзабек" ЖШС, ДГП "Еңбек - Ақтау" МК.

Облыс бойынша өндірілген ұлтас көлемінің жиынтығы 2000 жылы 87,5 мың куб метрді құрады, 1999 жылғы өндіріс көлемінің салыстырғанда 1,1 есе артық.

Темір бетонқұрылымы 2000 жылы 39173 тонна шығарылды, яғни 1999 жылғы деңгейден 4,3 есе артық. 83,4 мың куб.метр табиғи құм мен қиыршық тас өндірілді.

2001 жылы материалдар өндіру мен құрастыру өсу қарқынының беиалысын арттырды. Сала кәсіпорындарымен 155,7 мың куб метр көлемінде тасө ұлтас өндірілді немесе 2000 жылғы деңгейге 179 пайыз, құм, саззауыт пен қиыршық тас 159,4 мың куб метр құрылыс құрылымдары дайындалды немесе 2000 жылғы деңгейге 175 пайыз.

2002 жылғы қаңтар-сәуірде толықтай облыс бойынша 51,4 мың куб метр ұлу тас, 34,8 мың куб метр көлемінде құм мен қиыршақ тас, 8000 тонна бетоннан құрылыс материалдары өндірілді.

2002 жылдың аяғына дейін құрылыс материалдарын шығару көлемін 2001 жылғы деңгейден жоғары орташа 7-8 пайызға арттыру күтілуде.

Өнеркәсіп дамуының негізгі проблемалары.

1. Облыстың әрекет етіп тұрған кенорындарында олардың артық қорының қысқаруына байланысты газдың тапшылығы, яғни болашақта өнеркәсіп өндірісін тұрақсыз энергиямен қамту қорқынышы.

2. Облыстан шет жерлерге құрылыс индустриясы өнімдері мен өндеуші өнеркәсіпті сатуға темір жолмен жүк тасымалдаудың жоғары тарифі кедергі келтіреді.

3. Тамақ, жеңіл өнеркәсіптің дамуы үшін шикі зат базасының тарифі кедергі келтіреді.

4. Еліміздің батыс аймағында "МАЭК" РМК үшін "КЕГОК" ААҚ көрсетілген қызметке тариф есебінің жасап тұрған әдісінің қолайсыздығына байланысты өндірілген электр энергиясы сатудың мүмкін еместігі.

5. Жер қойнауын пайдаланушы ірі кәсіпорындардың республикадан тысқары шағын габаритті жабдықтармен басқа да өнімдерді сатып алуға артықшылығы жергілікті тауар өндірушілерге, өнеркәсіп секторында қамтылғандарға, өндірілген өнімнің көлемін кеңейтуге және арттыруға мүмкіндік бермейді.

6. Аймақтың өнеркәсіп кәсіпорындарында сапаның халықаралық стандарттарының шектеулі жай енді сыртқы тауар рыногында жүру процессін тежейді.

7. Химия кешеніндегі сот талқылауының ұзаққа созылуы кәсіпорынның ұзақ уақыт бос тұруына (үш жылдан астам) және аймақтан және республикадан тысқары жерлерге білікті кадрлар жаппай кетуіне әкелді. Проблема ҚР Үкіметінің араласуын қажет етеді.

2. Перспективалар: 2003-2005 жылдар

Мақсаты мен басымдылығы. Мұнайгаз саласы аймақтың дамуы үшін тек табыс көзі есебінде ғана емес, сонымен қатар экономиканың басқа да салаларының әртарапты дамуына бейімделген сала есебінде зор маңызға ие.

Жоспарланған кезеңнің мақсаты мұнайгаз және химия саласын болашақта дамыту және өнеркәсіп кешенінің сыртқы және ішкі рынокта қайта өндеу өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі есебінен қалыптастыру болып табылады.

Өнеркәсіпті дамыту жоспарында анықталған басымдықтар:

1. Мұнайгаз саласының болашақта дамуы

2. Аймақтың химия саласы өндірісін қалпына келтіру және болашақта олардың химия саласы кәсіпорындары базасында жаңа өндірісін дамыту, қалыптастыру.

3. Қайта өңдеу өндірісін кеңейту.

4. Техникалық жабдықтар, халық тұтынатын жинақты тауарлар шығаруға бағытталған кәсіпорындарды қолдау мен дамыту.

Кейбір тауар рыноктарын дамыту перспективалары. Аймақта 2003-2005 жылдар кезеңінде химия өнеркәсібін дамыту міндеті тұр. 2005 жылдың аяғына дейін пластикалық масс зауыты өндірісін толықтай қалпына келтіріп, халық тұтынатын тауарлар өндірісінің және өнеркәсіптің кең спекторында пайдаланылатын полистролдің барлық маркасын: соққыға беріп (УПМ), жалпы арналған (ПСМ), көбіктегіш (ПСВ) шығаратын болды, сондай-ақ өнімнің жаңа түрлерін игеретін болады.

Минералды тыңайтқыштар: нитроаммофос, диамонийфосфаты және триполифосфат жуу құралдарына арналған құраушылар, шикізат пен реагент-аммиак, азот қышқылы мен күкірт қышқылы өндірісін қалпына келтіреді деп уәтілуде.

Өртүрлі бояулар, электродтар, мұнайгаз құрал жабдықиары шығаратын болады.

Бұл өнімдердің барлығы сыртқы да ішкі де рыноктарда бәсекеге қабілетті.

Тамақ өнеркәсібі өндірісін болашақта дамытудан алынатыны кондитер бұйымдарын шығару, қышқыл сүт өнімдері мен алкогольге жатпайтын сусындар өндіру.

Құрылыс материалдарын, оның ішінде ұлу тас, қиыршық тас, құм өндіру көлемі өсуде. Тікелей инвестиция тарту есебінен барит-целестин кені, кірпіш, жаяу жол тақтасы, цемент және черепица өндіру жөніндегі зауыт құрылысын салу жоспарлануда.

Қойылған мақсатқа жету жолдары. Жоспарланған кезеңде күш мұнайгаз саласында өнім көлемінің өсу қарқынын саптауға, химия саласыөндірісін қалпына келтіруге, пайдаланыстағы технологиялар мен құрал жабдықтарды жетілдіруге бағытталатын болады. Сондай-ақ кәсіпорындар өнімінің, оның ішінде тамақ, жеңіл өнеркәсіп пен машина жасаудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпорындарға саппа жүйесінің халықаралық стандарттары бойынша ИСО-9000 сериясын енгізу жөніндегі іс-шаралар іске асыру жөніндегі жұмыстар активтендірілетін болады.

Талассыз технологияның кешенге бірігу және құру. Өндіріске бірігу мақсатында аймақ экономикасының мұнай өндіру, химия және қайта өңдеу салаларындағы өзара байланыс жүйесін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады.

Бірінші кезекте химия кешенінің үш зауыты: күкірт-қышқыл, азот-түк және химия-гидрометаллургиялық, қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады. Алдағы уақыттарда бұл өндірістерді жетілдіру және өнімнің жаңа түрлерін - сульфамин қышқылы, карбомид, аммиак селитрасын игеру қарастырылған.

Әрекет етіп тұрған өндіріс өнімі жаңа жоспарлану үшін шикізатпен қызмет етеді. Күкірт қышқылы зауытының өнімі өз кезінде көзделген су өндіретін жаңа зауыттағы су өндірісінде өнімі қажет зауыты өндірісі үшін шикізатпен қызмет ету мүмкін. Күкірт қышқылының өнімін жоспардағы тұз қышқылы зауытында пайдалануы мүмкін, яғни сульфид зауыты мен активті оксид зауытының жаңа өндірісіне өткізуге табады.

Карбамид өрт сөндіру құралдарын құрайтын - цианат және металлургия мен алтын өндіруде пайдаланылатын өнім-цианид өндіруге арналған жаңа цианид - цианит зауытына пайдаланылатын болады.

Жаңа өндірістерді аймаққа тікелей инвестиция тарту есебінен құру көзделген.

Өнеркәсіп саласының дамуы. Мұнай мен газ өндіру және тасымалдау. Мұнайгаз саласында 2003-2005 жылдар кезінде өнім өндіру қарқыны сақталды. 2003 жылы іс жүзінде барлық негізгі өндіруші кәсіпорындар өндіру көлемін арттырды, оның ішінде:

"Маңғыстаумұнагаз" ААҚ - мұнайды 5,8 млн. тоннаға дейін немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейден 1,1 есе жоғары;

"Өзенмұнайгаз" ААҚ - 5 млн. тоннаға дейін немесе 2002 жылғы күтілетін кезеңге

Барлығы 14,1 млн. тонна мұнай өндірілетін болады. Өнеркәсіп өнімінің көлемі мұнайгаз секторында құндық тұлғасы 2002 жылғы бағамен 237,2 млрд. теңгені құрайды немесе осы жылдың күтілетін деңгейіне 109,7 пайыз. Облыста жалпы көлемдегі өнеркәсіп өнімінің үлесі 92,2 пайызды құрайды.

2005 жылдың соңына өнім өндірудің жалпы көлемі 16,6 млн. тонна мұнайжылғы күтілетін деңгейден 11,9 пайызға төменға жетеді.

"Өзенмұнайгаз" ААҚ өндіру көлемі - Өзен кенорындарында ұңғыларды қалпына келтіруге бағытталған Өзен кенорындарын сауықтыру жобасының аяқталуымен кенорындардың өнімділігін арттыру, сондай-ақ өндірісті технологиялық қайта жарақтандыруға байланысты 7 млн. тонна мұнаға дейін айтарлықтай өседі.

Жоспарланған кезеңде жаңа кен орындары: Толқын, Боранкөл, Солтүстік Бозащы іске қосылатын болады, сонымен қатар аймақта мұнай өндіру көлемін арттыруға әсерін тигізетін болады.

Газ өндіру көлемінің қысқару беталысының сақталуын әрекет етіп тұрған кенорындарындағы артық қордың азаюымен түсіндіріледі, олардан басқа әлеуетті инвесторлар үшін газ кенорындарын әзірлеу және аталған өнімді өндіру коммерциялық қызығушылық тудырмайды, яғни өндіріс еңбекті көп қажет етеді және шығын көп жұмсалады.

Бүгінде облыста газ өндіруге, яғни 2003 жылы өндіру көлемінің 947 мың куб метрге дейінгі немесе 2002 жылғы күтілетін деңгеймен салыстырғанда 14,5 пайыз қысқарту ниетіндегі "Өзенмұнайгаз" ААҚ қамтылған, сондай-ақ газ өндіру көлемі айтарлықтай емес-жылына 100-130 млн.куб.метрге газ өндіретін "Тенге" БК мен "Газсервис" ЖШС.

2005 жылдың соңында газ өндіру көлемі аймақ бойынша 1,1 млрд. куб.метрді құрады, яғни 2002 жылғы күтілетін деңгейден 11,9 пайызға төмен.

Мұнай тасымалдау "Казтрансойл" ЖАҚ Батыс филиалы мен Ақтау теңіз портының құбыр желілері жүйесі арқылы жүзеге асады.

Ақтау теңіз порты арқылы 2003 жылы 5582 мың тонна, 2005 жылы 8051 мың тонна, оның ішінде "Қазақтеңізкөлікфлоты" НМЕН ЖАҚ 4575 мың тонна, немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейге 164,7 пайыз мұнай тасымалданатын болады.

Химия өнімін өндіру. Жоспарланған кезеңде химия саласы жанданады деп күтілуде. Жылсайын пластикалық масс зауытында өндірісті қалпына келтіру қарқыны жақсаратын болады. 2003 жылы полистирол өндіру 20 мың тоннаға өседі, яғни 2002 жылғы күтілетін нәтижеден 1,7 есе артық, 2005 жылға 50 мың тонна шығарылатын өнімнің ассортиментін кеңейту.

Химия кешенінде өндіріс жаңартылды. Минералды тыңайтқыштар - нитроаммофос, фосфат диаммонийн өндіру қалпына келтірілетін болады.

Қаралған кезеңде аймақтық химия кешенінің жұмыс жасап тұрған кәсіпорындар базасында әртүрі химия өндірісін құру сызбасын әзірлеу жоспарланған. Сондықтан

жұмыс жасап тұрған өндірістерді қайта жаңарту және жетілдіру нәтижесінде карбамид, аммиак селитрасы, сульфамин қышқылы шығару игерілетін болады. Химия саласында әлеуетті инвестицияларға төмендегі өндірістерді - су өндірісінде пайдаланылатын өте зауыты тұз қышқылы зауыты, магний оксид зауыты мен басқа да химия өндірісін ұйымдастыру ұсынылатын болады.

Тұтастай химия саласы өнімінің көлемі 2003 жылы құндық тұлғада 2002 жылғы бағамен 3,1 млрд. теңгені құрайды, жоспарланған 2002 жылғы күтілетін деңгеймен салыстырғанда 104,8 пайызды құрайды. 2005 жылы химия өнімінің көлемі 4,1 млрд. теңгеге дейін өседі немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейден 1,2 есе.

Машина жасау және металл өндіру. Машина жасауда өндіріс көлемінде айтарлықтай өзгеріс болмайды. Облыс кәсіпорындары негізінен мұнайгаз өндіру өндірісі үшін шағын және орта габаритті өнімдер шығарады. Бүгінде өндірілген өнімдердің ішкі рыноктағы бәсекеге қабілеттілігі жеткіліксіз.

2003 жылы бұл салаларда өндіріс көлемі құндық тұлғада 2,8 млрд. теңгені құрайды немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейге 115 пайыз. Бұрынғыша күш құрылымдары үшін арнаулы мундирлі және форменді киімдер, өнеркәсіп секторлары үшін арнаулы киімдер, жеңіл өнеркәсіптік төсек орын жамылғысы және басқа да өнімдері өндірілетін болады.

Былғары және аяқ киім өнеркәсібі. Аймақта аяқ киімді жалғыз арнаулы кәсіпорын "Ақбөбек" ААҚ өндіреді. 2003 жылы аяқ киім өндірісінің көлемі 2002 жылғы күтілетін деңгейге қатынасы бойынша айтарлықтай өспейді және нақты тұлғада 102,9 пайызды құрайды немесе 17,6 мың пар. Аяқ киім тігу негізінен күш құрылымдары үшін жүзеге асырылады, мұнайгаз жүйесі үшін арнаулы аяқ киім және тұрғын халық үшін аз көлемде аяқ киім шығарады.

2005 жылы аяқ киім өндіру 19,4 мың парға жетеді, құндық тұлғада 170,8 млн. теңге немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейге 115,5 пайыз.

Тамақ өнеркәсібі. 2003-2005 жылдарғы жоспарланған кезеңде саланың даму қарқыны тұрақты болып қалады. Тамақ өнімдері өндірісінде негізгі үлесті сүт өнімдерін шығару - 50 пайыздай алады.

2003 жылы құндық тұлғада 2002 жылғы бағада 397,9 млн. теңгенің тамақ өнімі өндірілетін болады, оның ішінде 192,7 млн. теңгенің сүт өнімдері, яғни 2002 жылғы күтілетін деңгейден 5,4 пайыз көп. Тамақ өнімдері өндірісінің өсуінің шамалы қарқыны аймақта экономиканың осы секторын кеңейту және дамытуға арналған шикізат базасының болмауымен байланысты. 2005 жылдың аяғына дейін 550,7 млн. теңге көлемінде өнім өндірілетін болады немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейден 1,2 есе жоғары.

Электр энергиясы. Электр энергиясы, газ және су өндіру және таратуда 2003 жылы өндіріс көлемі 10,1 млрд. теңгеге дейін өседі немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейге қатыс бойынша 103 пайыз құрайды. Бұл жүйеде қамтылған кәсіпорын - "МАЭК" РМК

қазіргі уақытта сауықтыру рәсімінде тұр, осыған байланысты өндіріс көлемінің айтарлықтай өсуін күтпейді, яғни өндірісті жетілдіруін қамтамасыз ету керек.

2005 жылы өндіріс көлемі 13,9 млрд. теңгені құрайды немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейге 116,2 пайыз. Өндіріс көлемінің өсуі негізінен Химия саласы өндірісін қалпына келтірумен байланысты.

Жоғары технологиялық өндіріс құру. Ақтау қаласы аумағында арнаулы экономикалық аймақ құрумен байланысты, сондай-ақ аймақтың химия саласын дамыту сызбасын әзірлеу жоспарланған кезеңде алдыңғы қатарлы технологияларға негізделген, ғылым мен техниканың жаңаша жетістіктерін қолданумен бірқатар жаңа өндірістер ұйымдастыру көзделеді. Бұл мақсат үшін 2002 жылы инвестициялық дамуының химия саласын құру және дамуының аймақтық бағдарламасының жобасы аяқталды, АЭА құру туралы іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа өндірістер ұйымдастыру ұсынылған жобаға өз қаражаттарын салуға дайын әлеуетті инвесторлармен жүзеге асырылады.

Экспортты әртараптандыру. Аймақтың сыртқы сауда айналымында негізгі экспорт бобы болып мұнай шикізатықалады. 2002 жылы пластикалық масс зауыты өндірісін қалпына келтіруімен және кейінгі жылдардағы өнім өндіру көлемінің артуымен экспорт құрылымы 2003 жылы аздап өзгереді. Болашақта химия кешені өндірісінің қалпына келтіруімен 2004-2005 жылдарда сыртқы сауда айналымының экспорт бабын минеральды тыңайтқыштармен толықтырады.

Мамандырылған еңбек ресурстары. Аймақ экономикасының өндіріс секторының дамуы мамандырылған кадрларға сұраныстың өсуіне әкеледі. Облыста өнеркәсіп кәсіпорындары үшін мамандарды Ш. Есенов атындағы Ақтау Мемлекеттік университеті, Жаңаөзен мұнай және газ колледжі, Маңғыстау политехникалық және энергетикалық колледжі, сондай-ақ төрт кәсіптік мектеп дайындайды. Орта-арнаулы оқу орындары электр энергиясы, газ және су өндіру және тарату жөніндегі кен өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп пен кәсіпорындар үшін 24 өнеркәсіп мамандығы бойынша дайындық жүргізеді.

2001 жылы облыстың кәсіптік техникалық мектептері мен колледждерін өнеркәсіп мамандығының 557 маманы бітіріп шығарды. 2002 жылы жұмысшы мамандықтарымен 452 маман бітіреді деп күтілуде, олардың көпшілік үлесі (44,9 пайыз) мұнай саласына кіреді. 2003 жылы 1029 маман бітіреді деп жоспарланған, яғни 2002 жылғы күтетін деңгейден 2,3 есе көп. 2005 жылы жұмысшы кадрларына аймақ салаларының сұраныстарына байланысты 2002 жылғыдан 2,1 есе артық мамандырылған жұмысшы кадрлары бітіреді деп күтілуде. Жалпы санынан -2025 маман (54,9 пайыз) мұнайгаз өндіру саласы үшін, 413 маман (11,2 пайыз) - химия өнеркәсібі үшін, энергетика саласы үшін 495 маман, оның 24 мастері электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі дайындалатын болады. 2002-2005 жылдары 3690 маман бітіріп шығады деп жоспарлануда.

Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінде 10 мамандық бойынша өнеркәсіп кәсіпорындары үшін инженерлер дайындайды. 2001 жылы 9 мамандық

бойынша 2226 инженер бітіріп шықты, оның мұнайгаз өндіру саласы үшін 1123 инженер (85,4 пайыз).

Өнеркәсіпте шағын кәсіпорындардың дамуы. 2002-2005 жылдары қосымша жұмыс орындарын ашу арқылы жеке меншік үлгісіндегі шаруашылық субъектілері санының одан әрі өсуі көзделеді, яғни рынокты тауарлармен және қызмет көрсетумен толық қамтамасыз етуге, бәсекелестікті дамытуға бейімделетін болады.

Өнеркәсіпте қамтылған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2005 жылы 800 бірлік ретін (2002 жылға 128,0 пайыз) құрайды. Экономиканың өнеркәсіп секторында шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар саны 3120 адамға дейін өседі, яғни 2002 жылмен салыстырғанда 124,2 пайыз құрайды, өндіріс көлемі 1991,2 млн. теңгеге дейін өседі немесе 2002 жылғы деңгейге 13,6 пайыз.

Өнеркәсіпте шағын бизнестің дамуы үшін мынадай қажетті алғышарттар бар:

- бизнес-жоспардың болуы (қазіргі уақытта екінші дәрежелі банкте өндіріс жүйесінде 11 жоба (64,7 пайыз), қызмет көрсету жүйесінде 4 (23,5 пайыз) және ауыл шаруашылығында 2 жоба немесе 11,8 пайыз кіретін, барлығы 17 жоба қаралуда жатыр;

- еркін қуыстың болуы (тамақ өнеркәсібі, мұнайды қайта өңдеу, тұрмыстық және өнеркәсібі қалдықтарын қайта пайдалану және т.б.);

- бизнес негізінде оқу жөніндегі курстардың болуы (2000 жылы ОКИОК жүйесі бойынша 30 кәсіпкер оқудан өтті, 2001 жылы "ПРАГМА" корпорациясының жобасы бойынша 142 адамға арналған 8 оқу курсы өткізілді, "Евразия" қоры арқылы "Бизнес негізінде" қысқа мерзімді бағдарламасы бойынша жаңадан бастаған кәсіпкерлерді оқыту үшін грант алынып, 61 адам оқудан өтті. 2002 жылдың 3 айында 69 жаңадан бастаған кәсіпкерлер курстарда тыңдаудан өтті).

Өнеркәсіп секторында шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту үшін бар мүмкіндіктерді жасақтауда оларды жою жөніндегі тиісті шара қажет ететін проблемалар бар және негізгі проблема тек өнеркәсіп секторында ғана бизнеспен айналасуға тілек білдірген кәсіпкерлерде қысқа мерзімді несие алуға кепілдік мүліктің болмауы болып табылады.

Тұрғын үй құрылысы және құрылыс материалдарын өндіру. Жоспарланған кезеңде тұрғын үй құрылысының көлемі жеткілікті жоғары болады. 2003 жылы кәсіпорындар қаражаты есебінен тұрғын үй салу көлемі қысқарады, алайда муниципалды және жеке тұлғалардың тұрғын үй салуы 2001 жылғы деңгейден тиісінше 1,6 және 1,1 есе асып түседі. 2005 жылы тұрғын үй салудың жалпы көлемі 80,1 мың шаршы метрді құрайды, сондықтан жеке тұлғалардың тұрғын үй құрылысын салу көлемі 2002 жылғы күтілетін деңгейге 1,6 есе өседі, муниципалды тұрғын үй 1,3 еседен артық іске қосылатын болады.

Тұрғын үй құрылысы көлемінің, оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйлердің өсуімен 2003 жылы бетоннан жинақты құрастыру өндірісі 2002 жылғы 5,7 мың тоннадан 53,8 мың тоннаға дейін, қаптама тоқта 769 тоннаның орнына 815 тоннаға дейін өседі.

Ұлутастан қабырға материалдарын жасау өндірісінің көлемі 860 мың куб. метрге өседі немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейден 1,1 есе артық.

2005 жылы тас-ұлутас өндірісінің көлемі 960 мың куб.метрге дейін немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейден 17,8 пайыз артық, құм 38 мың куб. метрге немесе 126,6 пайыз, бетон құрастырмалары 61,5 мың тоннаға немесе 2002 жылғы деңгейден 14,3 пайыз жоғарыға жетеді деп күтілуде.

Өнеркәсіпті орналастыру. 2003-005 жылдардағы кезеңде өнеркәсіп секторы негізінен аймақта өнеркәсіп орталығы болып табылатын Ақтау қаласы аумағында басымдылықпен орналасқан әрекет етіп тұрған өндірістер мен арнаулы экономикалық аймақ (АЭА) базаларында және Жаңаөзен қаласында дамыту жоспарлануда. Сондай-ақ барлық жоспарланған жаңа өндірістер Ақтау қаласына орналастырылатын болады, яғни бұл өндірістердің химия кешені кәсіпорындарымен бірлесуі көзделеді. Ақтау және Жаңаөзен қалалары аумағында негізгі еңбек ресурстары орналасқан, өнеркәсіп мамандарын дайындау үшін базасы бар.

3 Тарау. Ауыл шаруашылығы дамуы

1. Талдау: 2000 - 2002 жылдары

Егіншілік. 2000 жылы облыстың жалпы жер көлемі 165564,2 мың гектарды құрады, оның 12672,2 мың гектары ауыл шаруашылығының жері болып есептелінеді, оның ішінде шабындық жер көлемі ауыл шаруашылығы жер көлемінің барлығы 0,01 пайыз құрайды.

Облыс шаруашылықтарының барлық санаттарында 2000 жылы егін үшін 89,4 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары себілді. Себілген жер көлемінің айтарлықтай бөлігін ашық және жабық грунтті көкөніс алады, олардың үлесіне 2000 жылы барлық себілген жердің 50 пайызы кіреді.

Бақша үшін жер көлемінің үлес салмағы 24 пайыз, жемшөп дақылдары - 23 пайыз құрады.

Суармалы егіншілікпен негізінен шаруа қожалықтары қамтылған. Жер мөлшері негізінен суару үшін пайдаланылатын жер асты су көздерінің аз мөлшерімен байланысты 3 - 5 га құрайды.

Жайылымды суландыру 55 пайыз құрайды. Облыстық жайылымы өнімділігінің жоғары еместігімен, жыл сайын және маусым сайын тез ауытқушылығымен сипатталады. Маусым бойына пайдаланудың көпшілік үлес салмағы күзде-қыста 48 пайыз болады, көктемде - жазда 39 пайызды ұстайды. Жайылыстың түсімділігі гектарына 0,5-1,7 центнер жемшөп өлшемін құрайды. Суармалы егіншілікпен 90 гектарға жуық жер қамтылған, одан әрі басқа әрект етіп тұрған 5-6 ден жер бөлігі 2418 саяжай учаскелері бар.

Облыстық табиғат ерекшеліктеріне байланысты, бақшашылдықпен және бағбандықпен жаппай айналасу мүмкін емес. Сонымен қатар Астрахань - Мангышлак су құбырындағы жайық суының жоғарғы бағасы өнімнің өзіндік құнының жоғары

болуынан және олардың бәсекеге қабілетсіздігінен суармалы егіншіліктің дамуын ы н т а л а н д ы р м а й д ы .

2000 жылы тыңайтқыштар қолдануымен ахуал жақсарды: 92 центнер минеральды тыңайтқыш, оның ішінде азот және өөөөөөө енгізілді. Осымен байланысты облыста өсетін негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының түсімділігі артты: көкөніс түсімділігі 1997 жылғы деңгейден 58 центнерге, азық-түлік бақша түсімділігі 6 центнерге артты.

2000 жылы жинақталған жалпы түсім 1999 жылмен салыстырғанда көкөніс дақылдары 4 есеге жуық, бақша 2 пайызға артты.

Осы мезгілдер мал азықтық кукурузаның жалпы түсімі жартылай төмендеді, шөп 5 есе, картоп пен мал азықтық дәнді дақыл жинау қалыс қалды.

Техникалық парк. 2001 жылдың басында шаруашылықтардың барлық санаттарында 135 трактор, 89 трактор тіркемесі, 53 трактор косилкасы, 39 тырма, 20 ж и н а қ т а у ш ы - п р е с с б о л д ы .

Шаруашылықтардың қажетті машиналар мен механизмдер жиынтығымен жеткіліксіз қамтамасыз етілуінен жұмыссыздарды механикаландыру деңгейі төмен қалып отыр. 2000-2001 жылдары техникалық парк іс-жүзінде ауылшаруашылығын қаыптастыруға техникалардың қымбаттылығынан толықтырылмады. Лизинг бойынша техникаларды жеткізудің пайдаланыстағы жүйесі лизингі өтеудің көп емес мерзімі мен құнының жоғарлығынан мал шаруашылығы қожалықтары үшін тиімді емес.

Мал шаруашылығы. Мал шаруашылығы негізгі бағытын аймақ халқының қажеттілігінің 30 пайызынан аспайтын көлеміндегі, өндірілетін өнімдер - ет, сүт, жүн және қаракөл елтірісі, аймақтың ауыл шаруашылығын дамытуға арналған.

Аймақ халқын негізгі тамақ өнімдерімен, ішінара сүтпен және етпен, тұрақты қамтамасыз ету, облыстың аграрлық секторын күшейту мақсатында мал шаруашылығы саласының болашақта қарқынды дамуына орталықтандырылған.

Осыған байланысты аграрлық сектор тек қой, жылқы және түйе өсіретін жайылыстағы мал шаруашылығына бағытталған.

Қой шаруашылығындағы негізгі бағытта аймақтың мал шаруашылығының дәстүрлі саласы - қаракөл қой шаруашылығы дамытылатын болады. Өнделген түрдегі қаракөл шикізаты сыртқы және ішкі рынокта жоғары сұраныста пайдаланылады.

Жылқы шаруашылығымен түйе шаруашылығында басымдылық айрықша суындар: шұбат пен қымыз өндіруді арттырумен қылқы табыны мен түйе шаруашылығында қ а л а т ы н б о л а д ы .

Маңғыстау облысында бес асыл тұқмды шаруашылық бар: "Қарағантүбек" АҚ, "Құланды" АҚ, "Таушық" ЖАҚ, "Түлік" АҚ және "Сенек" ААҚ.

Неғұрлым ірі түйе шаруашылығы "Таушық" ЖАҚ жаңа технология бойынша шұбат өндіру жөніндегі цех салынуда.

Сондай-ақ күш жылқы етінен ұлттық өнім өндіруге, яғни жыл мезгілдері бойына ет өнімдерін тиімді пайдалануға мүмкіндік беруге күш орталықтандырылатын болады.

2000 жылы мал басының төмендеуін болдырмау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін құлдыратпау мақсатында облыстың ауыл шаруашылығы басқармасында 2000-2005 жылдарға арналған ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының аймақтық бағдарламасы әзірленді.

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде соңғы екі жыл ішінде облыста мал басы санының өсуінің, ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтану беталысы байқалды. 2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша барлық санаттарда 5539 бас ірі қара малы, 323,7 мың бас қоймен ешкі, 26256 бас түйе мен 25346 бас жылқы болды, яғни 1999 жылғы деңгейден 3-7 пайызға асып түсті.

2000 жылғы жалпы өнім көлемі 1999 жылмен салыстырғанда 100,2 пайызға артты.

2001 жылы жалпы өнім көлемі 939,1 млн. теңгені құрады, 2000 жылға 107,6 пайыз.

Сүт өндіру 2,5 мың тонна құрады немесе 2000 жылғы деңгейге 105,7 пайыз, ет өндіру көлемі 5,7 пайызға артты немесе 8230,6 тонна ет өндірілді.

Мал басының саны: ірі қара 4 пайызға, қой мен ешкі 1,9 пайызға, жылқы 0,9 пайызға, түйе 2,1 пайызға өсті.

2002 жылғы қаңтар - сәуірде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 275,9 млн. теңгені құрады, өткен жылдың тиісті кезеңімен 7,3 пайызға төмен. Бұл үшін ет өндіруді 9,1 пайызға азайтуға жол берілді. Сүт пен жұмыртқа өндіру, керісінше тиісінше 2,1 және 2,6 пайызға артты.

Ет өндірудің азаюы ағымдағы жылы малдың кеш төлдеуінен, сондай ақ қыс айларынан кейін ауыл шаруашылығы өндірушілерінің мал күйінің арық болуынан малды союға жіберуге мүмкіндігінің болмауымен байланысты.

Қаралған кезеңде шошқадан басқа, мал басының барлық түрінің өсуіне қол жеткізілді. Құс саны 21,2 пайызға төмендеді.

2002 жылдың аяғында жалпы өнім көлемін 1035 млн. теңге деңгейінде қамтамасыз ету көзделуде, яғни 2001 жылғы деңгейден 3,5 пайыздан жоғары болады. Мал басының өсу қарқыны сақталады.

Ауыл шаруашылығындағы инвестиция. 2000 жылы ауыл шаруашылығына 80,0 млн. теңге инвестиция жолданды, оның ішінде: мал шаруашылығына 27,7 млн. теңге, ауыл шаруашылығының басқа салаларына 52,3 млн. теңге. Көп салалы ауыл шаруашылық кәсіпорны "Сенек" ААҚ қаракөл өңдеу жөніндегі цех құрылымына 3,1 млн. теңге жолданды.

2001 жылы 25,3 мың теңге игерілді, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға 25278 мың теңге.

Ағымдағы жылдың төрт айында ауыл шаруашылығын дамытуға 7,3 млн. теңге бағытталды.

Саланың негізгі проблемалары:

1. Аграрлық сектор үшін негізгі проблема - ауыл шаруашылығы өндірушілерінде несие ресурстарын алуы және болашақта дамуы үшін өтімді кепілдіктің болмауы.

2. Асыл тұқымды мал өндірумен айналысатын шаруашылықтардың дамуына мемлекеттік қолдаудың жетімсіздігі.

3. Ауыл шаруашылығы техникаларының лизингте қымбат бағада сатып алудың және қысқа мерзімде қайтарудың мүмкін еместігі.

2. Перспективалар: 2003-2005 жылдары.

Егіншілік. Облыстың жайылысқа пайдаланатын жерлерінің басым көлемі қанағаттанарлық жаңдайда, алайда облыста өнеркәсіпті қарқынды игеру, мұнайгаз құбырларын салу, мұнай және газ кенорындарын іздеу жайылысқа пайдаланатын жер аумағының бұзылуын үнемі арттырып келеді.

Жыл сайын ауыл шаруашылығы жерлеріне қауіп төндіретін жаппай зиянкестер: шегіртке, жусан жапырақтарын жеу және т.б. Олармен күресте мезгілінде шара алмаса үлкен зардаптарға соқтыруы мүмкін.

Қызыметтерінің негізгі бағыттары:

- жайылысты мезгілінде зерттеп, терсеруді ұйымдастыру, қауіпті зиянкестердің орналасуы мүмкін жерлерін болжау және жұғу ошақтарын жою жөнінде тиімді шаралар өткізу;

- облыс аумағында шекарадан қауіпті зиянкестердің дендеп еніп кетуіне және өсімдіктердің ауруына күзетті күшейту.

Жер қатынастарын іске асыру мақсатында облыста табиғи ортаны қорғау және жерді қорғау жөніндегі қажетті шаралары анықталған Маңғыстау облысының шаруашылық - жер құрылысының сызбасы әзірленді.

Перспективада жер асты су көздері қорының аздығынан, жаңа учаскелерді игеру қиындығынан егіс алқабын кеңейту күтілмейді. Суармалы егіншілікпен айналасуға тілек білдіруші шаруа қожалықтарына уческе бөліп беру несие алу үшін бизнес - жоба жасау сияқты қажетті көмектер көрсетледі.

Техникалық қамту. Ауыл шаруашылығын қалыптастыруда шөп жинаушы техникаларды: лизинг бойынша сатылмайтын косилка, жинақтаушы пресс және т.б. қажет етеді.

Соңғы 8 жылда іс жүзінде ауыл шаруашылығын қалыптастырудың техникалық паркі техникалардың қымбаттылығынан толықтырылған жоқ.

2003-2005 жылдардағы жоспарланған кезеңде ауылдықтарға көмек көрсету мақсатында МТС құрылатын болады, яғни қажетті техникалармен қамтамасыз етілетін болады, сонымен қатар жаппай несие серіктестігін ұйымдастыру жоспарлануда.

2002 жылдың екінші жартысында жаңадан құрылған "Маңғыстауагропромсервис" МҚК өз қызметін жалғастыратын болады.

Мал шаруашылығы. Облыстың аграрлық секторында әртүрлі шаруашылық үлгілерімен ұсынылған орнықты ұйымдық-өндірістік құрылым қалыптасқан. Малдың барлық түрінің саны мен мал шаруашылығы өнімі көлемінің өсуін, үй қожалығындағы мал шаруашылығының орнақты дамуын, аймақтың малдәрігерлік қолайлығын атап өту

керек. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында сауықтыру жұмыстары жоспарлы өтуде, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі шағын цехтар ұйымдастыру, сервистік кәсіпорындар ұйымдастыру басталды.

Алайда мал шаруашылығының болашақта дамуы мал басын арттырудың проблемалық жетістігінің бірі. Мал шаруашылығының қарқындауының негізгі факторы арасында басымдылық жағдай асылтұқымды - селекциялық жұмыстарда, тиісті асыл тұқымды базын ашу, дайындау операцияларын жетілдіру, ауыл шаруашылығын несиелендіру мүмкіндіктерін кеңейтумен өлшенетін болады.

2003-2005 жылдарда мал басының тез өсуі мал шаруашылығының дамуының жайылыстық жер жағдайы мен ауа райы-климат жағдайына тәуелділігімен байланысты өтпейді. Қай ауданда болса да қолайсыз жағдай үнемі кезеңмен байқалады, сондықтан жоспарды әзірлегенде мал басының өнімділігі мен санының өсуі облыста аудандастыру үшін орташаланған, сипатты тұқым мен табиғи-климат жағдайы қабылданған.

"Ақ құс" ААҚ кәсіпорнында инвестициялаудың нақты бағдарламасы болмауына байланысты құс шаруашылығы өнімі көлемінің өсуі айтарлықтай болмайды.

Облыс экономикасының аграрлық секторында 2003-2005 жылдарда көкейтесті міндеттерді шешудің төмендегідей жолдары белгіленген:

- болашақта асыл тұқымды - селекциялық жұмыстарды жетілдіру есебінен мал шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету;

- "Таушық" ЖАҚ-да шұбат дайындау және оны полиэтилен ыдысқа құю жөніндегі цех құрылысын аяқтау;

- "Сенек" ААҚ-да жүн жуу жөніндегі цех құрылысын аяқтау.

Аграрлық секторды несиелендіру. Экономиканың аграрлық секторын несиелендіру барлық уақытта белгілі бір қиындықтармен қатар жүреді, нақты айтқанда ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өтімді кепілді мүмкіндігінің болмауы.

Аграрлық секторды несиелендіру мәселелерін шешудің төмендегі жолдары белгіленген:

- өздерінде бар қаражаттары есебінен несие ресурстарын құру;

- несие серіктестігін құру туралы мәселені пысықтау;

- "Маңғыстауагропромсервис" МҚК арқылы несие менджментін ұйымдастыру.

Ақпарат-маркетинг жүйесін қалыптастыру. Қазіргі уақытта Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының маркетинг қызметі агроөнеркәсіп кешенінің жағдайы туралы ақпараттар жинайды және өңдеуден өткізеді. Одан басқа өткізу, баға рыноктары бойынша ақпараттар жинайды және қорытады. Барлық жұмыстар тауар өндіруші - облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы - Ауыл шаруашылығы министрлігі сызбасы бойынша жүреді. Рыноктың қатынастарды тереңдету жағдайында облыстың ауыл шаруашылығының ақпарат-маркетинг жүйесінің болашақта дамуы

және техникалық жарақтануы, әртүрлі деңгейдегі пайдаланушылардың ақпараттық қажеттілігін барынша қанағаттандыратын аудандық звеноларда ақпараттық жүйені енгізу жөніндегі жұмыстар өткізілетін болады.

4 Тарау. Инвестициялық қызметі

1. Талдау: 2000-2003 жылдар

Талданып отырған 2000-2001 жылдары негізгі капиталдың дамуына облыс бойынша толықтай қаржыландырудың барлық көздері есебінен 90136 млн. теңге инвестиция ж о л д а н д ы .

2000 жылы инвестиция көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,1 есе өсіп, 36024,9 млн. теңгені құрады.

2001 жылы материалдық негізгі капиталға 54111,1 млн. теңге көлемінде инвестиция жолданды, яғни 2000 жылмен салыстырғанда 30 пайыз артық.

Инвестиция құрылымында негізгі капиталда көбірек үлесін 80 пайыз жобасында күрделі құрылыстағы инвестиция алады.

Есеп беріп отырған жылдары 34468,2 млн. теңге сомасында негізгі қор көрсетіледі, оның 70 пайыздан астамы мұнай өндіруші салаларға, көлік пен байланысқа 20-25 пайыз, өндірістік емес жүйе объектілерінде негізгі қор 5-10 пайыз шамасында келеді.

"Қаракұдықмұнай" ЖАҚ, "Өзенмұнайгаз" ААҚ, "Қаражанбасмұнай" ААҚ, "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ сияқты мұнай компанияларымен 2000 жылы - 74, 2001 жылы - 188 мұнай ұңғылары кірістірілді. "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ Қаламқас және Жетібай кенорындарында өндірістік жайластыру жалғасуда, мұнайды қыздыруға арналған 4 пеш, 3 буферлік сыйымдылық іске қосылды; Жетібай, Оймашы кен орындарында амбар мұнайын дайындау қондырғысы салынды. "Өзенмұнайгаз" ААҚ 52 км кәсіпшілікаралық мұнайқұбыры, Батыс Теңге кен орнынан магистралды газ құбырына табиғи газ беру үшін 6 км газ құбыры тартылды.

Жаңаөзен қаласында 1266 оқушыға арналған және Ақтау қаласынан 1560 оқушыға арналған жалпы білім беретін мектеп пайдалануға берілді.

2001 жылы Ақтау портын қайта жаңартудың бірінші кезеңі аяқталды және паром терминалы пайдалануға беріліп, 1,5 млн. тоннаға дейін құрғақ жүк пен 8,0 млн. тоннаға дейін мұнай өнімдері бойынша жүк тасымалдау көлемін арттыруға мүмкіндік туды.

30 км газ құбыры желісі, 74 км электр берілісі, 43,7 км байланыстық кабельдік ж е л і с і ұ з а р т ы л д ы .

2000-2001 жылдары тұрғын үй құрылысына 1450,6 млн. теңге (күрделі құрылыстағы инвестиция көлемінің 2,1 пайызы) жалданды. 99358 шаршы метр тұрғын салынды, оның ішінде 2001 жылы - 50858 шаршы метр.

Салынған тұрғын үйлердің жалпы көлемінен негізгі үлес - 81,6 пайызы тұрғындар қаражаты есебінен берілді, кәсіпорындар қаражаты есебінен 9347 шаршы метр с а л ы н ы п 18,4 п а й ы з д ы құрады.

Қаржыландыру көздері бойынша инвестиция құрылымында жыл сайын

кәсіпорындардың өз қаражатының үлесі артып келеді. Мысалы, егер 2000 жылы өз қаражаттарымен шетелдік инвестиция үлесін иелену 6,9 пункт құраса, 2001 жылы өз қаражаттарының үлесі 68,8 пайыз, шетелдік инвестиция 23,9 пайызды құрады.

Инвестиция салуға көбірек тартылған инвестициялар үшін мұнайөндіру саласы болып табылады, яғни беруші инвестицияларға жеткілікті жоғары табыспен қаражатын т е з қ а й т а р а д ы .

Жоғары қосылған құнды өндіріс құруға бейім экономика салалары нашар қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

Өнеркәсіптің өңдеуші саласын дамытуға 2000 жылы инвестицияның барлық көлемінің 0,2 пайызы ғана тартылды, 2001 жылға - 0,9 пайызы.

Ағымдағы жылдың оңтайлы бағасы негізгі капиталға 65,7 млрд. теңге ретінде инвестиция жолдау көзделеді, яғни инвестиция көлемін 2001 жылмен салыстырғанда 1 2 , 5 п а й ы з ғ а ө с і р у .

Кәсіпорындардың өз қаражатының және шетел инвестициясының негізгі үлесі тиісінше 53,6 пайызы және 40,8 пайызы болып, салыстырмалы жоғары болып қалады.

Ағымдағы жылы, алдыңғы жылдар сияқты, кәсіпорындардың өз қаражатының және шетел инвестициясының негізгі үлесі мұнай өндіруге 48822 млн. теңге немесе инвестицияның жалпы көлемінің 76,5 пайызы жолданатын болады.

4311 млн. теңге көлеміндегі жергілікті бюджет қаражаты негізінен облыстық инфрақұрылымын дамытуға жолданатын болады, оның ішінде жергілікті маңызды автожолдары құрылысын салу мен қайта жаңартуға, Ақтау және Жаңаөзен қаласында канализациялау -тазалау имараттарының құрылысын салу мен қайта жаңарту, ауыз су мен техникалық су құбырларын, электр және жылу жүйелерін жөндеу.

167 мұнай ұңғысы салынып, пайдалануға берілетін болады.

"ММГ" ААҚ "Су тұщыту зауыты" пайдалануға берілетін болады. Сонымен қатар аймақтың әлеуметтік жобасын қаржыландыру үшін қаралған, Аджип ККО компаниясының қаражаты есебінен Ақтау қаласында 90 төсектік перзентхананың 2 блогін пайдалануға беру белгіленді.

Тұрғын үй салуға 1079,3 млн. теңге артық игерілетін болады, 72,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, оның 62 пайызы азаматтардың өз қаражаттары есебінен - 45,2 мың шаршы метр, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 6,0 мың шаршы метр, кәсіпорындар қаражаты есебінен 21,7 мың шаршы метр.

2. Перспективалар: 2003-2005 жылдар

Жоспарланған 2003-2005 жылдарда инвестиция көлемі негізгі капиталда 262428,2 млн. теңгені құрайды. Инвестиция көлемінің өсуі алдыңғы жылдармен салыстырғанда 2003 жылы 6,3 пайызға немесе 74085,9 млн. теңгені; 2004 жылы 13 пайызды немесе 88769,6 млн. теңгені, 2005 жылы -5,8 пайыз немесе 99572,7 млн. теңгені құрайды.

Инвестиция құрылымында экономикалық қызмет түрлері бойынша өңдеуші салаларда, әзірге мұнай өндіру басымдылық жағдайда қалатындықтан, инвестиция

Маңғыстау облысының көлік кешені, оның ішінде оның негізгі болып аталатын Ақтау теңіз сауда порты Қазақстанның көлік инфрақұрылымында маңызды орын алады. Географиялық орналасуының, өнеркәсіптік және техникалық әлеуетінің, сондай-ақ аймақтың келешегімен және Ақтау теңіз портының дамуымен байланысты қолайлы инвестициялық климат аймақтың көлік әлеуетін тиімді және толық пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Су көлігі. Ақтау теңіз порты - әр түрлі жүктерді халықаралық тасымалдау үшін белгіленген Қазақстан Республикасындағы жалғыз теңіз қақпасы және ТРАСЕКА - Қазақстан көлік дәлізіндегі шешуші буын болып табылады. Ақтау порты арқылы негізгі транзиттік жүк ағыны өтеді. 1999 жылғы қайта жаңартудың бірінші кезеңінен кейін кәсіпорын қазіргі заманғы көп салалы терминалға айналды. Контейнерлерде басты, нысаналы жүктерді аударып тиеу жөнінде Ақтау портының өндірістік әлеуеті жылына 1,5 млн. тоннаға дейін жетті, жылына мұнай мен мұнайөнімдерін аударып тиеу жөнінде 8,0 млн. тонна.

Жұмыстың жылбойындағы тәртібі, алдыңғы қатарлы асқын жүкті техника, контейнерлерді, басты және нысаналы жүктерді өңдеу жөніндегі көп салалы терминал, жүк сақтайтын жабық және ашық аумақтар, сондай-ақ еліміздің көптеген жетекші экспортерлерімен басқа да байланыстары бәсекеге қабілетті кәсіпорын есебінде Ақтау теңіз порты туралы айтуға мүмкіндік берді.

Қайта жаңартудың 1 кезеңінен соң, теңіз портын дамыту жоспарына сәйкес 2000 жылы бірінші кезекте астық терминалы іске қосылды, салдық терминалды қатпына келтіру жұмыстары басталды. Жыл қорытындысы бойынша Ақтау теңіз портында 0,8 млн. тонна көлемінде құрғақ жүк ұсталды немесе алдыңғы жылғы деңгейден 2,7 есе жоғары, 3,4 млн. тонна көлемінде мұнайды аударып тиеу жүзеге асты немесе 163,8 пайыз.

2001 жылы жылына 300 мың тонна астық қуатында және бір мезгілде 13,5 мың тонна астық сақтайтын астық терминалы құрылысының екінші кезеңі аяқталды. Жолаушы тасымалымен және көлік құралдарын тасымалдаумен айналасуға мүмкіндік жасайтын салдық терминалды қайта жаңарту жүзеге асып, өнделетін жүктердің ассортименті кеңейді. Жүк тасымалы 28 темір жол вагоны мен автопоездардан контейнерлерді еркін жүргізіп-шығарып тасымалдау жолымен жүзеге асады. 2001 жылы Ақтау теңіз портында 1,3 млн. тонна көлемінде құрғақ жүк қайта өңделді немесе алдыңғы жылғы деңгейден 1,7 есе жоғары, 4,4 млн. тонна көлемінде мұнайды аударып тиеу жүзеге асты немесе 2000 жылғы деңгейге 129,0 пайыз.

2000-2001 жылдардағы кезеңде жүк ағынының артуы Ақтаудың транзиттік тартылымының өскені туралы көрсетеді.

2002 жылдың 1 тоқсанында жүк аударып тиеу көлемі 696,5 мың тонна жүкті құрады, оның ішінде мұнайды аударып тиеу 356,5 мың тонна немесе 55,2 пайыз және тиісінше өткен жылғы деңгейге 34,6 пайыз. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда теңіз

көлемімен жүк аударып тиеу көлемінің азаюы N 4, 5 және 9 мұнай құю айлақтарын үлесі Ақтау порты арқылы мұнай аударып тиеудің барлық көлемінің 2/3 құрайтын "Қазақтеңізкөлікфлоты" НМСК ЖАҚ мүліктік меншігіне берілуіне байланысты.

2002 жылы "Ақтау теңіз сауда порты" РМК 5817 мың тонна жүкті аударып тиейді деп күтілуде, оның 4336,8 мың тоннасы мұнай мен мұнай өнімдері, оның ішінде "Қазақтеңіз көлікфлот" НМСК ЖАҚ - 3192,3 мың тонна мұнай.

2002 жылдың 26 сәуірінде ҚР Президентінің "Ақтау теңіз сауда порты арнаулы экономикалық Аймақ құру туралы" N 853 Жарлығы шықты. АЭА құру порт аумағында көлікпен қызмет көрсету құнын төмендетуге мүмкіндік жасайды, яғни өз кезегінде сыртқы сауда операцияларын арттыруды, кәсіпкерлік қызметті, инвестиция ағыны мен аймақ халқының жұмыспен қамтылуын ынталандыратын болады.

Автомобиль көлігі. Облыстың автомобиль көлігі жүйесінде коммерциялық тасымалмен айналысатын жекеменшік нысанындағы 60 тасымалдаушы - кәсіпкерлік кіреді, оның ішінде 2 жолаушы тасымалымен айналысатын 2 ірі автобус паркі "Автобус" ЖШС мен "Шапагат" ААҚ бар.

Жүк тасымалы көлемінде негізгі үлес - 75 пайыз шамасында коммерциялық тасымалмен айналысатын жеке тұлға тасымалдаушыларға кіреді. Мамандандырылған кәсіпорындардың үлесі шамамен 15 пайызды құрайды. Жолаушы көлігінде жеке тұлға тасымалдаушыларына 85 пайыз тасымалдан келеді.

Облыста экономикалық ахуалдың жақсаруы автомобиль көлігінде кәсіпорындарының жұмысында да байқалды. 2000 жылы теңіз автотасымалы 98,4 пайызға өсті және 12,9 млн. тоннаны құрады. Осындай беталыс 2001 жылы да сақталды. 2001 жылы автомобиль көлігімен тасымалдау 31,6 млн. тоннаны құрады немесе алдыңғы жылдан 2,4 есе жоғары. Жүк айналымы мен жолаушы тасымалының көлемі 17,2 пайыз және 59,9 пайызға артты және 867,5 млн. тонна мен 18,8 млн. жолаушыны құрады. Ағымдағы жылдың 4 айында 20,4 млн7 тонна жүк жеткізілді, яғни 2001 жылдың тиісті кезеңінен 3,1 есе артық.

2002 жылдың аяғына дейін 61,2 млн. тонна халықшаруашылығы жүктері жеткізіледі деп күтілуде немесе 2001 жылдық деңгейіне 193,7 пайыз, жүк айналымы мен жолаушы айналымының көлемі тиісінше 2,1 есе және 5,7 пайызға артады.

Жол шаруашылығы. Облыс аумағында Түркменстан, Өзбекстан, Ресейге шығуды қамтамасыз ететін ұзақтығы 910 км республикалық маңызды автомобиль жолдарының желісі өтеді. Сондай-ақ облыс орталығын облыс қалалары мен аудандары және елді мекендермен өзара байланыстыратын, жалпы ұзақтығы 1500 км жергілікті маңызды ж о л ө т е д і .

Қаржы ахуалының жақсаруы 2000 жылы қаржыландырудың орталықтандырылған көзі есебінен, оның ішінде жергілікті бюджеттен жергілікті және республикалық маңызды автомобиль жолдарына күрделі жөндеу жүргізуге және ұстауға 700 млн. теңге шамасында бөлінді. Сонымен қатар республикалық бюджеттен 206 млн. теңге игеріліп,

оның 71 млн. теңгесі "Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сайөтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау" автожолының 26 км -ін жөндеуге және қалғандары - республикалық маңызды автожолдарды орта жөндеуге.

2001 жылы жергілікті және республикалық маңызды автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге және ұстауға 1,1 млрд. теңге шамасында жалданды, яғни 2000 жылғыдан 86,6 пайыз көп. Сонымен қатар республикалық бюджеттен 211 млн. теңге игерілді, оның 15,8 млн. теңгесі "Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сайөтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау" автожолының жобалау - іздестіру жұмыстарына және қалғандары - республикалық маңызды автожолдарды орта, ағымдағы жөндеуге жұмсалды.

2002 жылдың 4 айында республикалық маңызды автожолдарға 28,9 млн. теңге игерілді, оның ішінде "Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай-Өтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау теңіз порты" автожолын орта жөндеуге 8,9 млн. теңге игерілді. 10 км жол жөнделді. Жергілікті маңызды автомобиль жолдарында 2002 жылдың 4 айында ағымдағы жөндеу мен ұстауға 17,2 млн. теңге игерілді, оның ішінде облыстың жолға 13,9 млн. теңге.

2002 жылы республикалық және облыстық маңызды автожолдарды күрделі, ағымдағы жөндеуге және ұстауға 406,5 млн. теңге бөлінді, одан республикалық жолға 156 млн. теңге "Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай-Өтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау теңіз порты" автожолын орта жөндеуге 69,4 млн. теңге игеріліп, 51 км жол жөнделетін болады. Жергілікті маңызды жолдарда 239,5 млн. теңге игерілетін болады, оның 150 млн. теңгесі облыстық жолдарға және 89,5 млн. теңгесі қалалық және аудандық жолдарға жұмсалады.

Жылдың аяғына дейін 44 км автожолды күрделі жөндеуге, оның ішінде 23 км "Форт-Шевченко - Таушық" автожолын жатқызады.

Әуе көлігі. Мұнай өндіруші өнеркәсіп кәсіпорындары көлемінің өсуі және осымен байланысты кен орындарын жарақтандыру, жүк және құрал-жабдықтар жеткізу жөніндегі жұмыстар әуе көлігінің жүктемесін арттырады. Облыста әуе көлігі "Ақтау халықаралық әуе жайы" ААҚ ұсынылған.

Өңделген жүктің жалпы көлемінің 90 пайызы аймаққа мұнай құрал-жабдықтарын жеткізудің артуы есебінен халықаралық жүк тасымалын құрайды. 2001 жылы әуежайлық қызмет көрсетуге 25 шарт жасалынды, оның 16 шарты халықаралық.

2000 жылмен салыстырғанда әуе күштерінің ұшу бағыттарының саны мен жиелігі артты. Стамбул, Роттердам, Лондон, Амстердам қалаларына авиа жолаушыларын жөнелту артты. Ақтау әуежайы қолайлы болжамды - климат жағдайы арқасында транзиттік және қор есебінде пайдаланады. Қазіргі уақытта жылсайын АҚШтан мұнай кәсіпшілігінің құрал жабдықтарын әкелу жөнінде АН-124 "Руслан" типті ұшақпен 2-3 сапаар орындайды. Сонымен қатар халықаралық маңыздылығына қарамастан Ақтау әуежайы аталған мәртебеге толық деңгейде жауап бермейді. Әуежай аумағында халықаралық стандартқа сәйкес аэровокзал жоқ, ұшып-қону жолағына, рульдік

жолдарға, перронға күрделі жөндеу жүргізуді талап етеді. 2002 жылдың аяғына дейін жергілікті бюджеттен қаржыландыру есебінен әуежайды қайта салудың жобалық-сметалық құжаттарын жасақтау қарастырылған.

2003 жылы қарыз қаражаттарын тарту жолымен аэровокзал құрылысын салу жүзеге а с а т ы н б о л а д ы .

Темір жол көлігі. Маңғыстау облысының аумағымен 1000 км-ден астам теміржол жолы өтеді. Ұзақтығы 708 км "Опорный - Бейнеу - Маңғыстау - Өзен" станциялары темір жол желісі "Қазақстан Темір Жол" ҰҚ ЖАҚ құрамына кіреді. Аталған желіні қамтамасыз етуге 9 кәсіпорын мен 10 учаскелік цех қамтылған, тасымал процесінде қатынасушы адамдар саны 2,5 мың шамасында.

Ұзақтығы 18 км "Маңғыстау станциясы - Ақтау теңіз порты" темір жол учаскесі "Каскор-Трансервис" ААҚ жеке кәсіпорнына қарайды. Жолдың аталған учаскесі кірме жолдар арқылы зауытшілік жүк және жолаушы тасымалын, осы учаскеде орналасқан облыстық өнеркәсіп кәсіпорындарына вагон беру және жинауды қамтамасыз етеді. 2000 жылдан "Каскор-Трансервис" ААҚ "Маңғыстау станциясы-Ақтау теңіз сауда порты" РМК бағытында теміржолмен жүк тасымалдауды жүзеге асырады.

Ақтау теңіз порты арқылы жүк аударып тиеу көлемінің өсуімен "Каскор-Трансервис" ААҚ теміржол учаскесі арқылы жүк тасымалдау көлемінің өсуіне б е й і м д е л е д і .

Байланыс және телекоммуникация. Облыс бойынша тұрғындарға байланыс қызметін көрсетуге үш ірі кәсіпорын: Маңғыстау облыстық телекоммуникация дирекциясы ("Қазақтелеком" ААҚ МОДТ), "Мұнайтелеком" ЖШС, "Каскор-Телеком" ААҚ, сондай-ақ почта байланысы қызметін көрсетуге "Қазпочта" ААҚ Маңғыстау о б л ы с т ы қ ф и л и а л ы қ а м т ы л ғ а н .

2000 жылы байланыс қызметін іске асыру көлемі 1121,9 млн. теңгені құрады немесе алдыңғы жылдың деңгейіне 130,0 пайыз.

Облыс бойынша 349 халықаралық телефон каналы, оның ішінде 217 спутниктік жасайды. Автомат телефон станциясының жалпы монтирленген сыйымдылығы 67471 нөмер, оның ішінде цифрлы станция - 49469 немесе монтирленген сыйымдылықтың жалпы көлемінен 73,3 пайыз, оның ішінде ҚТС - 46499, СТС - 2970.

2001 жылдың аяғында облыста 12 спутниктік станция "ДАМА" жүйесі жасады. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 5 ауылдық елді мекенде 5 толық жинақты "ДАМА" жүйесі қондырылды. 2002 жылдың аяғына дейін облыстың селолық аудандарында тағы 5 станция қондырылады деп күтілуде.

Облыста 44 почта байланыс бөлімшесі жасайды, оның ішінде 18 қалықаралық және 26 ауылдық. 2000 жылы тұрғындарға почта байланысы қызметін көрсету көлемі 30,0 млн. теңгені құрады, яғни алдыңғы жылғы деңгейден 15,4 пайыз көп. Көрсетілетін қызмет түрлерінің ассортиментінің кеңеюі 2001 жылы 45,0 млн. теңгеге дейін почта қызметін көрсету көлемін арттыруға мүмкіндік жасады немесе 2000 жылғы тиісті

кезеңге 133,3 пайыз. Хат, сыйлық, телеграмма, газет және журналдар жөнелту, зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі почта байланысының дәстүрлі қызмет көрсетуіне жақыңдалуына айналды, зейнетақы қорларымен агенттік қызмет көрсетуді ұсыну дипозитке тарту, почта бөлімшелері арқылы бюджетке әртүрлі салықтар қабылдау жөніндегі жұмыстар атқарылды.

2002 жылы облыс бойынша 874,2 млн. теңгенің байланыс қызметі көрсетіледі деп күтілуде немесе 2001 жылғы тиісті кезеңге 124,8 пайыз, оның ішінде почта байланысының қызметіне 60,0 млн. теңге немесе 2001 жылдың сол кезіне 133,3 пайыз.

2. Перспективалары: 2003-2005 жылдар

2003-2005 жылдардағы кезеңде аймақтың көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту қарастырылған.

Су көлігі. Теңіз көлігінде жүк аударып тиеу көлемін 2003 жылы 5,6 млн. тоннадан 2005 жылы 8,1 млн. тоннаға дейін арттыру көзделуде, оның ішінде "Қазмортрансфлот" НПСК ЖАҚ - 4,6 млн. тонна мұнай немесе 2002 жылғы деңгейге 164,7 пайыз. Бұл Ақтау теңіз портын қайта салу және транзит тасымалы көлемін арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу арқасында мүмкіндік болады.

"Ақтау теңіз сауда порты" РМК 2001-2005 жылдарға қарыз және "Қазмортрансфлот" НМСК ЖАҚ өз қаражаты есебінен жобалық құны 25 млн. АҚШ долларына N 4 және N5 мұнай айлақтарын, бөгет мен толқын тежейтін қайта салу, сондай-ақ жобалық құны 150 млн. АҚШ долларына Баутин портында қолдау базасын құрылысын салу қарастырылған.

Автомобиль көлігі. Жоспарланған 2003-2005 жылдары автомобиль "Атырау-Ақтау" автомобиль жолын пайдалануға беру есебінен және Ақтау халықаралық теңіз сауда портының дамуы есебінен 2003 жылы 66,1 млн. тоннадан 2005 жылы 76,4 млн. тоннаға дейін артады және 2002 жылғы деңгейге 124,8 пайызды құрады.

Жол шаруашылығы. Бұл кезеңде жалпы пайдаланыстағы автомобиль жолдарын дамытудың Аймақтық бағдарламасын одан әрі іске асыру қарастырылған. 2003 жылы республикалық маңызды жолдарда орта және ағымдағы жөндеуге 200 млн. теңгені, 2004 жылы - 3970 млн. теңгені, 2005 жылы 5581 млн. теңгені игеру жоспарлануда. Облыстық маңызды жолдарда 2003 жылы орта және ағымдағы жөндеуге 756 млн. теңге, 2005 жылы - 901 млн. теңге игерілетін болады.

Әуе көлігі. 2003-2005 жылдардағы кезеңде қарыз қаражаты есебінен аэровокзал құрылысы мен жүк терминалының құрылысы, жасанды ұшып-қону жолағын рульдік жол, перронды күрделі жөндеу қарастырылған. Жобаның жобалық құны 40 млн. АҚШ доллары.

Теміржол көлігі. Ақтау теңіз портының одан әрі дамуы "Маңғыстау станциясы-Ақтау теңіз порты" теміржол учаскесінде жүк тасымалы көлемін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Байланыс және телекоммуникация. Жоспарланған кезеңде тұрғындарға байланыс қызметін көрсету көлемі алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсіп, 2003 жылы - 4 пайыз немесе 909,1 млн. теңге, оның ішінде почта байланыс қызметі - 68 млн. теңге құрайды. Облыстың телекоммуникация дирекциясы - халықаралық және қалааралық байланысты ұсыну жөніндегі байланыстың негізгі операторы "Қазақтелеком" ААҚ филиалы болып табылады.

2002 жылдың аяғына дейін Ақтау қаласында желіні 5 мың нөмерге кеңейту жөніндегі бизнес-жоба жасақталуда. 2003 жылдан Атырау - Ақтау - Бейнеу - Өзен" валоконды-оптикалық кабель төсеу жөніндегі жұмыстар қарастырылады. 2002-2003 жылдары "Каскор-Телеком" ААҚ сиймдылығын 300 нөмерге арттыру үшін АТС жабдықтарын сатып алуы және орнатуы жоспарланады.

6 Тарау. Шағын кәсіпкерліктің дамуы

1. Талдау: 2000-2002 жылдары

Шағын кәсіпкерлікті дамыту экономика саласының шынайы секторында басым бағыт болып табылады, оның дамуы бәсекелестік ортаны қалыптастырады, рынокты жеке меншік тауарлары мен қызмет көрсетуге толықтыруға, тұрғындарды жұмыспен қамту проблемаларын шешуге дейімделеді.

2000 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 7413 бірлікті ұстап, 1999 жылғы деңгейден 6,2 пайызға артық болды. Шағын кәсіпкерлікке қамтылғандар саны 28,7 пайызға артты (26349 адам), шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемі 1999 жылмен салыстырғанда 5,7 есе өсті (8590 млн. теңге).

2001 жылдың аяғында (1.01.2002 жағдай бойынша) облыс бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2000 жылмен салыстырғанда 6,9 пайызға артты және 7930 бірлікті құрады, оның:

2635 - 13200 адам жұмыс жасайды деп есептелетін шағын кәсіпорындар (занды тұлғалар), әрекет етіп тұрған шағын кәсіпорындар саны - 2259 бірлік;

5295 - жеке тұлға кәсіпкерлері мен шаруа (фермерлік) қожалықтары.

Шағын кәсіпкерліктің тіркелген субъектілерінің жалпы санынан 7557-і қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырды, (2000 жылға 108,4 пайыз), олардың үлес салмағы жалпы санынан 95,2 пайызды құрайды.

Шағын кәсіпкерлікте қамтылғандар саны 2001 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,4 пайызға артып, 26724 адамды құрады немесе барлық экономикалық белсенді тұрғындардың 18,3 пайызын (қамтылғандардың жалпы санының 20,4 пайызы).

2001 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерімен 14,8 млрд. теңге сомасына өнім өндірілді (жұмыстар мен қызмет көрсету), яғни 2000 жылдан 1,7 есе артық, бюджетке төлем көлемі 1,6 есе артып, 2,2 млрд. астам теңгені құрады. Шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген несие ресурстарының көлемі 1,9 есе артып, 3,69 млрд. теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банк арқылы облыс бюджетінен 2001 жылы шағын бизнестің 8 кәсіпорны мен жеке кәсіпкерлерге 65,5 млн. теңге сомасында қаржы бөлінді.

2001 жылы мемлекеттік сатып алулар жөнінде 7649 конкурс өткізілді, оның ішінде ШКС 5183 мемлекеттік сатып алулар өткізілді немесе 67,8 пайыз. Мемлекеттік сатып алуларға 18947 шаруашылық субъектілері қатынасты, оның 13743 - ШКС немесе қатынасушылар санының 72,5 пайызы.

2002 жылғы баға бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері 8250 бірлікті құрайды (2001 жылға 104,0 пайыз, оның ішінде 2850 - шағын кәсіпорын (заңды тұлға), 5400 өжеке тұлға кәсіпкерлер мен шаруа (фермерлік) қожалықтары). Шағын кәсіпкерлікте қамтылғандар саны 5,1 пайызға артып, 28090 адамды құрайды, шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер) көлемі 3,1 пайыз және 15,3 млрд. теңгені құрайды.

2. Перспективалары: 2003-2005 жылдары

2001 жылғы шағын кәсіпкерліктің дамуы көрсеткендей, қысқа мерзімде есептелген іс-шаралар жүйесін жүзеге асыру ағымдағы перспектива міндеттерін жүзеге аыру шаралары жөніндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды өзгертуі жұмсағырақ қарауға мүмкіндік жасайды. Осыдан бастап шағын және орта бизнесті одан әрі дамытуға " экономикалық өмірге кіру" рәсімін ықшамдауға және рынокта өмір сүруін қолдауға, жаңа технологиялық өндіріске бағытталған шағын және орта бизнес субъектілерімен көбірек артықшылықтарын құруға жолданатын болады.

Ш е ш у ж о л д а р ы :

- құру және лицензиялау рәсімін ықшамдау, бақылау және қадағалау функцияларын мемлекетпен жүзеге асырылуын тәртіпке келтіру, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуды болдырмау;

- кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестігін, олардың топталуы мен нығаюын жан-жақты қ о л д а у ;

- жаңа өндірістер мен инновацияны қаржымен қамтамасыз ету;

- шағын бизнестің отандық өнімдері мемлекеттік сатып алуларының кеңеюіне б а қ ы л а у ж а с а у ;

- отандық өндірушілерге мемлекеттік ақпараттық-маркетингтік қолдау көрсету, оларды озық технологиялар мен менеджмент мәселелері жөнінде оқыту және кеңес б е р і п о т ы р у ;

- ірі өндірушілерді шағын бизнес субъектілерінің импорталмастыру процестеріне б а ғ ы т т а у ;

- өндірістік шағын бизнес субъектілерінің өзара, сондай-ақ ірі мұнай компанияларымен бірлесуін белсенді қолдау;

- облыстық бизнес-орталығы құрылымын салу.

Жаңа өндірісті енгізу мен әрекет етуін кеңейтуге 2005 жылы экономиканың жеке секторындағы жұмыспен қамтылғандар санын 2005 жылмен салыстырғанда 20,8 пайыз,

шағын кәсіпкерлер субъектілерімен өндірілген өнім көлемі - 13,5 пайызға арттыруға мүмкіндік жасайды. Көлік пен байланыста, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіп пен құрылыста жұмыспен қамтылудың көбірек өсуі күтіледі.

7 Тарау. Сыртқы сауда айналымы

1. Талдау: 2000-2002 жылдары

2000 жылы облыстың сыртқы сауда айналымы 1999 жылмен салыстырғанда 1,3 есе өсіп 922,1 млн. АҚШ долларын құрады. Сол себепті экспорт 1,2 есеге (206,8 млн. АҚШ доллары) артты. Экспорттың тауар құрамында басымдылық жағдайы үлесі экспорт өнімінің жалпы көлеміндегі 96,7 пайызын ұстайтын шикі мұнай сақтайды.

2000 жылы облыс кәсіпорындары сыртқы экономикалық қызметте 61 елмен ынтымақтасты, оның ішінде 32 елмен экспорт және импорт жөніндегі мәселені жүзеге асырды.

Импорттың тауар құрылысында облыста 2000 жылы бұрынғы сияқты аймақтың мұнай өндіруші кәсіпорындары өндірістің кеңеюіне байланысты көбірек үлес салмағы машиналарға, құрал-жабдықтарға көлік құралдары мен аспаптарға келеді.

Облыстың сыртқы сауда айналымы 2001 жылы 1004,0 млн. АҚШ долларын құрады, 2000 жылмен салыстырғанда 1,3 есе жоғары, сол себепті экспорт 1,2 есе (720,6 млн. АҚШ доллары), импорт - 1,3 есе (283,4 млн. АҚШ доллары) артты.

Облыс өнімін негізінен сатып салушылар Ресей Федерациясы, АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Венгрия болып табылады.

Экспорт құрамында Достыққа мүше-елдері үлесінің артуы және алыс шетел елдері үлесінің кему беталысы байқалды.

Экспорт бұрынғыша шикізат түрінде жеткізіледі. Экспортта негізгі өнім үлесіне жалпы көлемінің 93,5 пайызы кіретін мұнай болып табылады.

Облыстан мұнайдан басқа қара металл қалдықтары мен сынақтары шығарылады, олар негізінен Германияға, Иранға, Түркияға, Иранға экспортталады.

Мұнайгаз секторында кәсіпорындардың белсенді қызметімен байланысты басқа елдермен сыртқы экономикалық қатынастарының өсу беталысы байқалады. Импорттың жалпы көлемінде 2000 жылмен салыстырғанда машина жасау өнімдері мен минералды өнімдер үлесі артып, металлургия мен химия өнеркәсібінің үлес салмағы қысқарды, ал азық-түлік тауарларының үлесі өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейде қалды.

Ұңғылар мен жайластыру объектілерін жоғары сапалы құрылыстарымен қамтамасыз ету үшін батыс Еуропа мен америка өндірушілерінен бұрғылау және кәсіпорындарын жайластыруға арналған қажетті құрал - жабдықтар импортта өндіріледі.

Облыста 120 біріккен және шетел компаниялары тіркелген, одан жұмыс жасайтыны - 64. Біріккен компаниялардың үлкен бөлігі мұнагаз секторында шоғырланған, яғни серіктес елдер болып табылатын: АҚШ, Индонезия, Түркия, Польша, Беларусь, Молдава және Иран. Соңғы жылдары төмендегі кәсіпорындар өз қызметін шетел

инвестициясымен орнықты жүзеге асырып келеді: "ММГ" ААҚ, "Арман" БК, "Қарақұдықмұнай" ЖАҚ, "Қазақтүрікмұнай" БК, "Теңге" БК ЖШС, "Қазполмұнай" БК, "Тексако Норс Бузачи", Аджип ККО, "Партекс Қазақстан Корпорейшн" және "Қ а р а ж а н б а с м ұ н а й" А А Қ .

Біріккен және шетел фирмаларымен өндірілген мұнай көлемінің үлесі айналымның жалпы көлемінен 2 есе - 62 пайызды құрайды, оның ішінде экспортта - 2 есе, импортта - 1 , 8 е с е .

2002 жылы сыртқы сауда айналымы көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 2001 жылмен салыстырғанда 6,4 пайыз төмендеп, 940,0 млн. АҚШ долларын құрайды деп к ү т і л у д е .

Осыған қарамастан, ағымдағы жылдың 4 айында мұнай өндіру жөніндегі өсім 17,4 пайызды құрады, шикі мұнай бағасының төмендеуі есебінен сыртқы сауда айналымының көлемі төмендейді деп күтілуде және тиісінше экспорт көлемінің тө м е н д е у і н е ә к е л е д і .

Тек ағымдағы жылдың сәуірінде облыс бойынша мұнайдың орташа бағасы 2001 жылдың сәуірімен салыстырғанда 11,7 пайыз төмендеді.

2002 жылы мұнай секторы кәсіпорындарының арнаулы техникаға, құрал-жабдықтар мен тамақ өнімдеріне қажеттілігінің артуы есебінен, құрлықта жүретін көлік құралдары мен шиналар әкелудің өсуі есебінен импорт көлемі 3,6 пайызға өседі деп күтілуде.

2. Перспективалары: 2003 - 2005 жылдары

2003 жылы сыртқы сауда айналымы көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 9,1 артады , оның ішінде өнім экспорты 13,2 пайыз, импорт 4,0 пайызға өседі.

2004-2005 жылдары мұнай экспорты көлемін орнықтыру, біріккен мұнай компанияларымен мұнай конденсаты және газ экспорттау есебінен жыл сайын сыртқы сауда айналымын 8 пайызға өсіру жоспарлануда.

8 Тарау. Кедейшіліктің төмендеуі және әлеуметтік қорғау

1. Талдау: 2000-2002 жылдары

Өмір сүру деңгейі және әлеуметтік көмек. Соңғы жылдары облыс экономикасында өмір сүру деңгейін көтеруге бейімделу беталысы күрделенді. Сонымен қатар бұл көрсеткіш күнкөріс минимумын арттыруға теріс әсер етеді, яғни біздің облыс республика бойынша ең жоғарғылардың бірі болып саналады (басқа облыстарға қарағанда орташа 34 пайыздан жоғары). 2000 жылы күнкөріс минимумы 5174 теңгені қ ұ р а д ы .

Күнкөріс минимумы шамасының өсуі кедейлік шегі мөлшерінің артуына және тиісінше кедей азаматтар санының көбеюіне мүмкіндік жасайды. 2000 жылы кедейлік шегі 1966 теңгені құрады (күнкөріс минимумы деңгейінен 38 пайыз), кедейлік шегінен төмен тұратындар саны - 37,6 мың адам. 27,8 мың аз қамтылғандар адресті әлеуметтік көмек, 4,7 мың адам - тұрғын үй көмегін алды, мемлекеттік адресті әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері 624 теңгені құрады.

2000 жылы жергілікті бюджеттен мемлекеттік адресті әлеуметтік көмекке 330,9 млн. теңге жолданды. Жергілікті бюджеттің барлық шығыны аз қамтылғандарды әлеуметтік қолдауға 864,9 млн. теңге, әлеуметтік қамтамасыз етуге (мектеп-интернаттар, балалар үйі, жетімдер) - 81,5 млн. теңгені құрады.

2001 жылы күнкөріс минимумы деңгейінің 6046 теңгеге дейін одан әрі өсуі байқалды (2000 жылмен салыстырғанда 16,8 пайыз), яғни негізгі тамақ түрлері мен ақылы қызмет көрсетуге инфляцияның өсуімен түсіндіріледі. Бұл күнкөріс минимумы шамасынан төмен тұратын тұрғындар үлесінің өсуіне әкелді, яғни 2001 жылы 46,1 п а й ы з д ы к ұ р а д ы .

2001 жылы анықталғандай кедейлік шегі 2297 теңгені құрады. Кедейшілік және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі іс-шараларды өткізу нәтижесінде кедейлік шегінен төмен тұратын тұлғалар саны 2001 жылы 37,1 мың адамға дейін төмендеді. 2001 жылы аймақтық деңгейде адресті әлеуметтік көмек алатындар саны 28,1 мың адамды құрады, көмектің орта мөлшері 860 теңгеге дейін өсті.

2001 жылы жергілікті бюджеттен әлеуметтік қамтамасыз ету мен әлеуметтік көмекке (арнаулы мемлекеттік жәрдемсіз) -835,3 млн. теңге игерілді, оның ішінде адресті мемлекеттік әлеуметтік көмекке - 289,7 млн. теңге.

2002 жылдың аяғына дейін күнкөріс минимумының 6487 теңгеге дейін өсуі нәтижесінде және тиісінше кедейлік шегі 2002 жылдан бастап күнкөріс минимумынан 40 пайыз мөлшерінде, 2595 теңге ге дейін анықталды, кедей азаматтар саны 38,8 мың адамға дейін өседі де күтілуде. Бұл сондай-ақ іргелес республикалардан квота есебімен және квотасыз келіп жатқан толассыз көшіп келушілер ағынымен, яғни көпшілігінің көп балалығына, табысының аздығына, жұмысқа орналасуға сәйкесті білімінің болмауы, тіл білмеуі қиындықтарына байланысты адресті әлеуметтік көмекке ү м і т т е н у і м е н б а й л а н ы с т ы .

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген "Мемлекеттік адресті әлеуметтік көмек туралы" Заңына сәйкес ағымдағы жылы мемлекеттік адресті әлеуметтік көмек алушылар саны 38,5 мың адамды, тұрғын үй көмегін алушылар саны - 4,6 мың адамды құрайды. Адресті көмектің орташа мөлшері кедейшілік шегі мен отбасы мүшелерінің орташа жан басылық табысы аралық айырмасы анықталғандай, көмек мөлшерін есептеудің жаңа әдісін енгізу нәтижесінде 1776 теңгеге дейін өседі (2001 жылға 2,1 есе) . Тұрғын үй көмегінің орташа айлық мөлшері 2338 теңгені құрайды.

Нақтыланған бюджет бойынша 2002 жылға әлеуметтік көмек (арнаулы мемлекеттік жәрдемсіз) пен әлеуметтік қамтамасыз етуге 1,05 млрд. теңге жолдау қаралды.

Әлеуметтік қорғау және сақтандыру. 2000 жылы зейнетақы мен жәрдемақы алатындар саны 36,6 мың адамды құрады, оның 23,2 мың адамы зейнеткерлер, мемлекеттік әлеуметін жәрдемақы алатындар 13,1 мың адам. 2000 жылдың аяғында арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар 21,1 мың адам болып е с е п т е л і н д і .

Зейнетақының орташа айлық мөлшері 5476 теңге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы - 4101,1 теңге, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы 1310 теңгені құрады. Зейнетақы төлеуге республикалық бюджеттік шығысы 1544,4 млн. теңгені, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 976,4 млн. теңгені құрады.

Халықтың неғұрлым әлеуметтік-мүжәлсіз тобын әлеуметтік қорғау мақсатында облыста 2000-2002 жылдарға арналған кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі аймақтық бағдарламаға сәйкес аз қамтылған азаматтарға қосымша көмек көрсету жөнінде белсенді жұмыстар жүргізілуде, қайырымдылық акциялары, марафондар, аз қамтылғандар үшін киім жинау жүйелі жүргізіледі.

2000 жылға адресті әлеуметтік көмектен басқа, қосымша әртүрлі көздерден 56,1 мың аз қамтылған азаматтарға 162,6 млн. теңге сомасында көмек көрсетілді, оның ішінде аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі облыстық аймақтық қордан 1,8 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 22,8 млн. теңге, бюджеттен тыс қордан 0,6 млн. теңге, әкімдердің ерікті қаражатынан 3,1 млн. теңге, кәсіпорындар мен ұйымдардан 61,6 млн. теңге, демеушілік қайырымдылық қызмет пен қайырымдылық акциясы жүрісінен - 6,2 млн. теңге, гуманитарлық көмектен 53,2 млн. теңге.

Аз қамтылған азаматтарды әртүрлі көздерден табиғи және материал түрінде қосымша әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі жұмыстар жалғасып, 2001 жылы 51,2 мың адамға 93,4 млн. теңге сомасында, оның ішінде облыс кәсіпорындары мен ұйымдарынан 23,1 мың адамға 57,6 млн. теңге сомасында көмек көрсетілді.

Аз қамтылған азаматтарды қолдау жөнінде "Ақтау теңіз сауда порты" РМК, "Қаражанбасмұнай" АҚ, "Мұнайгазқұрылыс" ААҚ, "Ақтаугаз" ЖАҚ, "Қазкоммерцбанк" АҚ, "Өзенмұнайгаз" ААҚ тұрақты жұмыстар жүргізеді.

2001 жылы аз қамтылған отбасыларының 9,4 мың балаларына ыстық тамақ ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен 24,0 млн. теңге, жетім балалар мен аз қамтылған отбасыларының жасөспірім балаларын жазғы сауықтыруға 4,4 млн. теңге бөлінді.

2001 жылы облыс әкімиятында азаматтардың, мүгедектердің, көп балалы аналардыың, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің материалдық жағдайын жақсартуға 10 қаулы мен шешім қабылданды. 185 жалғыз тұратын мүгедектің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысына 1726,6 мың теңге үстеме қосылды, 144 Ұлы Отан соғысы ардагері мен ЧАЭС мүгедектері 1050,1 мың теңге сомасында тіс протездерін дайындау және салдыру үшін бір жолғы төлем алды.

2001 жылы аз қамтылған азаматтарға әртүрлі сипаттағы төмендегі төлемдер берілді: ҚР Тәуелсіздік күніне 6,4 мың адамға 19,3 млн. теңге сомасында, Республика күніне 5,8 мың адамға 11,6 млн. теңге сомасында.

2001 жылы зейнетақы мен жәрдемақы алатындар саны іс жүзінде 36,5 мың адам деңгейінде қалды, алайда зейнеткерлер саны 22,9 мың адамға дейін төмендеді, ал мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатындар саны 13,5 мың адамға дейін өсті. 2001

жылдан бастап арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу негізінен жергілікті бюджеттен төлене бастады: контингенті 20,7 мың адамды, шығысы 300,2 млн. теңгені құрады. Республикалық бюджет бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алатындар контингенті 1,9 мың адамға дейін қысқарды.

Зейнетақы төлеуге республикалық бюджет шығысы 1634,5 млн. теңгені (2002 жылға 105,8 пайыз), мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеуге 743,3 млн. теңгені құрады. Зейнетақының орташа жылдық мөлшері 5940 теңге, мемлекеттік арнаулы жәрдемақы 4163 теңге, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы 2834 теңгені құрады.

Халықты әлеуметтік қолдауда маңызды рольді сақтандыру ойнайды.

Облыста жыл сайын сақтандыру компаниялары мен республикалық сақтандыру ұйымдарының филиалдары, өкілдері, агенттік пунктер жүйелері кеңейтіп келеді.

2001 жылы облыста сақтандыру ұйымдастырумен 47877,9 мың теңге сомасында 10515 сақтандыру келісім-шарты жасакталды, оның ішінде сақтандырудың міндетті түрі бойынша 27950,5 мың теңге сомасында 9963 келісім-шарт, ерікті жеке сақтандыру бойынша 381,5 мың теңге сомасында 158 келісім-шарт, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 19545,8 мың теңге сомасында 395 келісім шарт.

Облыста 4 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс жасайды, 2001 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатынасушылар саны 96,7 мың адамды, жинақталған зейнетақы сомасы 3369,5 млн. теңге ұұрады. 2002 жылғы бағалау бойынша зейнетақы қоры салымшыларының саны 106,4 мың адамға дейін, жинақталған зейнетақы сомасы 4043,4 мың теңгеге дейін өседі.

ҚР Үкіметінің 11.05.99 жылғы N 561 қаулысына сәйкес Бейнеу ауданы артта қалған болып белгіленді. Ауданды әлеуметтік-экономикалық жақсарту жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілді, жұмыссыздық деңгейі 1999 жылғы 30,7 пайыздаааан 2001 жылғы 6,5 пайызға дейін қысқарды, әлеуметтік төлем бойынша берешектер жойылды.

Қолданылған шараларға қарамастан, бірқатар проблемалар қалып отыр:

- ауылдық жерлерде жұмыс орындарының жетіспеуіне, өзін-өзі қамтамасыз ету үшін мүмкіндіктердің төмен болуына байланысты кедейлік деңгейдің жоғары болуы;

- аз қамтылған азаматтар үшін әлеуметтік және тұрғын үй көмегінің мөлшері, зейнетақы және жұмыссыздарға әлеуметтік жәрдем, материалдық көмек мөлшері, қоғамдық жұмысқа ақы төлеу мөлшері бүгінде нақты күнкөріс минимумы мен халықтың кедей топтары үшін қажетті өмір сүру деңгейіне сәйкесті қамтамасыз ете алмайды ;

- аз қамтылған азаматтарды есепке алу жүйесінің жеткіліксіз дамуы;

- жұмысқа орналасқан тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне толық тартылмауы.

2. Перспективалары: 2003-2005 жылдары

Өмір сүру деңгейі және әлеуметтік көмек. Болжам бойынша 2003-2005 жылдары күнкөріс минимумының шамасы тұтыну бағасы индексінің өсуіне сәйкес жыл сайын артатын болады және 2005 жылы 7603 теңгені құрайды. Аз қамтылған халықты әлеуметтік көмекпен мейлінше толығырақ қамту мақсатында алдағы жылдары кедейлік шегі күнкөріс минимумы деңгейінен 40 пайыз, 46 пайыз және 50 пайыз мөлшерінде анықталатын болады және 2005 жылы 3802 теңге (2002 жылға 146,5 пайызды) құрайды.

Облыста тұрғындардың жұмыспен қамтылуын көтеру, табысын арттыру, азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсарту есебінен халықтың кедейленуін қысқарту мақсатында 2003-2005 жылдарға арналған кедейлікті азайту жөнінде аймақтық бағдарлама әзірленуде.

Аталған бағдарламаны іске асыру нәтижесінде күнкөріс минимумынан төмен табысы бар халықтың үлесі 2005 жылы 27,2 пайызға дейін, кедейлік шегінен төмен тұратындар саны 37,4 мың адамға төмендейді (2002 жылға 96,4 пайыз).

Адресі әлеуметтік көмек алушы күтілетін контингент 2002 жылмен салыстырғанда 2005 жылы 3,9 пайызға төмендейді және 37,0 мың адамды құрайды. Сол сияқты әлеуметтік төлемдер нақты күнкөріс минимумын қамтамасыз ете алмайды, болашақта халықты жұмыспен қамтуды көтеруден, азаматтардың табысын арттырудың тірегін жасайтын болады. Осыған сәйкесті адресі әлеуметтік көмектің орташа мөлшерін 2005 жылы 1580 теңгеге дейін жайыменен төмендету көзделуде (2002 жылға 89,0 пайыз).

Тұрғын үй көмегін алушылар контингенті: 2002-2003 жылдары контингентті анықтауға көзқарастың нақтылануымен байланысты Ақтау қаласы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын алатындар санының төмендеуі есебінен сәйкесті 4,6 мың адам және 3,8 мың адамға дейін азаяды.

Қазіргі уақытта жұмыссыздардың көпшілігі төлем ақының төмендігінен қоғамдық жұмыстарға қатынасудан бас тартуда, сонымен қатар "Мемлекеттік әлеуметтік көмек туралы" Заңға сәйкес және облыстың мәслихаттың 14.05.2002 жылғы N 19/195 қаулысымен бекітілген.

Алайда 2004-2005 жылдары алыс және жақын шетелдерден көп балалы аз қамтылған оралман отбасылары ағынының артуын күтумен байланысты тұрғын үй көмегін алушылар саны 4,4 мың адамға дейін артады деп жоспарлануда (2002 жылға 95,7 пайыз және 2003 жылға 115,8 пайыз). Тұрғын үй көмегінің орташа мөлшері 2002 жылмен салыстырғанда 119,5 пайызға артады және 2005 жылы 2793 теңгені құрайды.

2003 жылы жергілікті бюджет шығысы адресі әлеуметтік көмек (арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны есептемей) пен әлеуметтік қамтамасыз ету қажеттігіне сәйкес 2002 жылмен салыстырғанда 42,8 пайызға, 1,5 млрд. теңгеге дейін, 2005 жылы 1,7 млрд. теңгеге дейін өседі (2002 жылға 161,9 пайыз).

Әлеуметтік қорғау және сақтандыру. 2005 жылы зейнеткерлер саны 2002 жылмен салыстырғанда 1,3 пайызға артады және 23,4 мың адамды құрайды. Айтарлықтай өсу

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны бойынша 31,3 пайызға (9,3 мың адам), негізінен халықтың аурулығының жоғары деңгейіне байланысты мүгедектігі бойынша алушылар санының өсуі есебінен деп күтілуде. Республикалық бюджет бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар контингенті 1,7 мың адамға дейін қысқарды (2002 жылы 92,0 пайыз). Алайда жергілікті бюджет бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алатындар саны 24,6 мың адамға дейін (2002 жылға 108,4 п а й ы з) а р т а д ы .

2002 жылы зейнетақы мөлшерінің қайта қарауымен байланысты олардың орташа айлық мөлшері 2000 жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға артты. 2003 жылы зейнетақының орташа мөлшері 7600 теңгеге дейін одан әрі артылатын болады немесе 2 0 0 2 ж ы л ғ а 1 1 4 , 1 п а й ы з .

Кейінгі жылдары күнкөріс минимумы шамасының өсуі зейнетақының орташа мөлшерін айтарлықтай көтеруді талап етеді: 2005 жылы 10100 теңгеге дейін (2002 жылға 151,6 пайыз). Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 2005 жылы 5300 теңгеге дейін (2002 жылға 124,3 пайыз), арнаулы мемлекеттік жәрдемақы 3 6 0 0 теңгеге дейін (120,8 пайыз) артады.

Зейнетақы төлеудегі республикалық бюджет шығысы 2005 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 53,6 пайызға өседі және 2836,0 млн. теңгені, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 58,9 пайызға - 1304,4 млн. теңгені құрайды. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы контингенті мен орташа мөлшерінің өсуіне сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі 30,2 пайызға артады және 4 5 8 , 4 м л н . теңгені құрайдды .

Алдағы жылдары аз қамтылған отбасыларын әлеуметтік қолдаудың әртүрлі нысандарына көмек көрсету, халықтың әлеуметті-мүжәлсіз топтарын қорғау жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады .

Әлеуметтік сақтандыру жүйесі болашақта дамуын алады. Ертеректе алынып тасталынған әлеуметтік сақтандыруды кірістіру жоспарлануда. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатынасушылар саны 2005 жылы 131,5 мың адамға дейін, осы мезгілде әрекет етіп тұрған қор бойынша жинақталған зейнетақы сомасы 6595,2 млн. теңгеге дейін (2002 жылға 162,8 пайыз) өседі.

9 Тарау. Тұрғындар, жұмыспен қамту және еңбек ресурстарының дамуы

1. Талдау: 2000 - 2002 жылдары

Демография. Облыс бойынша 2000-2002 жылдардағы демографиялық ахуал табиғи өсімінің өсуі және халықтың көшіп-қон ағынының артуымен байланысты халық санының артуымен сипатталады. Егер 2000 жылы халықтың орташа жылдық саны 320,9 мың адамды, оның ішінде қалалық жерлерде 252,3 мың адам, селолық 68,5 мың адамды құрасы, 2001 жылы ол 2,2 пайызға өсті және 328,0 мың адамды құрады, оның ішінде қала халқы 2,6 пайызға(258,8 мың адам), селолық 0,9 пайызға (69,2 мың адам).

Облыста халық санының өсуімен бір мезгілде өлім деңгейінің артуы байқалды. 2000

жылы өлім коэффициенті тұрғындардың 1000 адамға 7,52 кездейсоқтықты құрады, 2001 жылы бұл көрсеткіш 8,01 дейін көтерілді (2000 жылға 106,5 пайыз). Өлім деңгейінің өсу себебінде анықтаушы рольді қан айналысы органдарының ауруы ойнайды, айтарлықтай орынды кездейсоқтың жағдайдағы улану мен жарақат алудан және жаңа ұйымдасу жағдайындағы өлімдер алады.

1 жасқа дейінгі балалардағы балалар өлімі деңгейінің өсуі аса дабыл көтеруді шақырады. 2001 жылы нәрестелердің өлім коэффициенті 2000 жылмен салыстырғанда 5,7 пайызға артты (26,37 пайыз) және 1000 туылғандарға 27,86 жағдайды құрады, яғни республикалық орташа деңгейден 45 пайызға артық. Нәрестелердің шетінеу себебі құрылымында бұрынғыша шарана кезеңінде туындаған жағдайдан, сондай-ақ тыныс алу органдары ауруынан қайтыс болғандар басымдыққа ие.

Осы уақыттарда туу өсуінің беталысы байқалды. 2000 жылы туу коэффициенті 1000 адамға 18,76 кездейсоқтықты құрады, 2001 жылы 20,43. Туу коэффициенті өлім коэффициентінің 2,5 есе артып, яғни табиғи өсімінің 12,9 пайызға өсуіне әкелді (2001 жылы 4 0 6 7 адам).

2002 жылы облыстағы халық санының өсуі жалғасты. 1.03.2002 жылғы жағдай бойынша халық саны жыл басынан 0,5 пайызға артты және 334,2 мың адамды құрады, оның ішінде қала тұрғындары 264,2 мың адам, ауылдықтар 70,0 мың адам. 2002 жылға бағалау бойынша халықтың орташа жылдық саны 337,2 мың адамға дейін өседі немесе өлім коэффициенті 1000 адамға 7,70 кездейсоқтыққа дейін азайту, туу коэффициенті 21,13 ке дейін және табиғи өсімді 4529 адамға дейін арттыру (2001 жылға 111,4 пайызға) есебінен 2001 жылғы деңгейге 2,8 пайыз.

Көшіпқон. Соңғы екі жылда көші қон саласы оң қосылды: 2000 жылы 3,4 мың адам (1999 жылға 12,0 есе), 2001 жылы 5,3 мың адам (2000 жылға 155,9 пайыз).

2001 жылы облыстан тыс жерлерге 1263 адам көшіп қонды, яғни 2000 жылғыдан 39,7 пайызға кем, оның ішінде 1219 адам ТМД елдеріне және 44 адам ТМД дан тыс елдерге тұрақты қоныстануға көшті. Көшіп қон ұлттық құрамы орыс ұлты тұлғаларының 80,3 пайыз басымдылығымен ұсынылды, немістер 2,1 пайыз, татарлар 3,1 пайыз, басқалары 1,2 пайызды құрайды.

2001 жылы облыс ішінде көші қон процестерінің қарқындылығы 2000 жылмен салыстырғанда 2,8 пайызға, облыс аралық -13,6 пайызға артты. Облыс аралық миграция 343 адамды құрады, яғни тұрғындардың ауылдық жерлерден қалаға немесе жұмыс іздеп басқа аудандарға көшуімен байланысты. жақын шетелдерден қазақ диаспары өкілдерінің көшіп келу ағынының өсуі байқалды. Жақын шетелдерден жергілікті ұлт өкілдерінің көшіп келуінің артуының негізгі себебі Өзбекстан мен Түркменстанда өмір сүрудің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің Қазақстанмен салыстырғанда төмендігі, сондай-ақ Ауғаныстанда болып жатқан әскери қақтығыстар болып табылады.

2001 жылы қоныс аударушы - оралмандар саны 2000 жылмен салыстырғанда 3723

адамға немесе 192,9 пайызға артты. Осылайша, егер 2000 жылы облысқа 4008 жергілікті ұлт өкілдері келсе, 2001 жылы 7731 адам. 2000 жылы Өзбекстаннан 1551 адам, Түркменстаннан 2255 адам келсе, 2001 жылы тиісінше 4540 және 3453 адам келді. Қазақстан Республикасы Президентінің 11.06.2001 жылғы "2001 жылға арналған көші қон квотасы туралы" N 628 Жарлығына сйкес Маңғыстау облысы үшін 56 отбасына (279 адам) квота бекітілді. Облысқа нақтылы айтарлықтай артық қоныс аударушылар к е л д і .

Ираннан келген оралмандар жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғаудың Ақтау бөліміне есепке қойылды. 2001 жылы оралмандарға тұрғын үй бөлу жөніндегі комиссия квотадан тыс келген оралмандар үшін Ақтау қаласынан жаңадан салынған үйлерден 7 пәтер, 2002 жылы тағы 4 пәтер бөлді. 2001 жылдың аяғында тұрғын үй қажет ететін 235 отбасы есепке тұрды. Ақтау қаласының іргесінде (саяжайларда) тұратын 3000 оралмандар үшін барлық жағдай: ауыз су, электр энергиясы, жылу және балондағы сұйытылған газ жасалды.

Көшіп келушілердің көпшілік санының орналасқан екінші елді мекені Жаңаөзен қаласы болып табылады, квотадан тыс келуші көшіп келушілердің жалпы санынан 30 отбасы пәтермен қамтамасыз етілді, 15 отбасы жатаханаларға орналастырылды. Жұмысқа орналастыру, өз күштерімен тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін беру мәселесі шешілуде.

Бейнеу ауданында оралмандар үшін жеке құрылыс үшін жер учаскелері бөлінген, 358 отбасының 109 баласы аудан мектептерінде ыссы тамақпен, 23 бала - жаңа киіммен қамтамасыз етілген.

Ағымдағы жылы облысқа келетін оралмандар санының өсуі жалғасады, тек 2002 жылдың 4 айында облысқа 2129 адам оралман келді, яғни өткен жылдың тиісті кезеңінен 40 пайыз жоғары.

Еңбек рыногы. 2000 жылы экономикалық белсенді тұрғындар 153,7 мың адамды, экономикалық белсенділік деңгейі 47,8 пайызды құрады.

Экономикаға қамтылғандар саны экономикалық белсенді тұрғындардың 86,3 пайызын құрады (132,7 мың адам), оның 92,8 мың адамы - жалдану бойынша (шағын кәсіпорындарға қамтылғандар мен келісім - шарт бойынша жұмыс жасайтындар есебімен) немесе 69,9 пайызға, дербес айналысатын тұрғындар - 39,9 мың адам немесе 30,1 пайыз.

2001 жылы экономикалық белсенді халық саны 2000 жылғы деңгеймен салыстырғанда 5,0 пайызға (146,1 мың адам), экономикалық белсенділік деңгейі -- экономикада қамтылғандар санының 130,7 мың адамға (2000 жылға 98,5 пайызға) және жұмыссыздар санының 15,4 мың адамға (73,7 пайыз) азаюы есебінен 3,3 пайыздық пунктке төмендеді. Облыс бойынша жалпы жұмыссыздар деңгейі 3,2 пайыздық пунктке: 2000 жылы 13,7 пайыздан 2001 жылы 10,5 пайызға дейін төмендеді.

Жалдау бойынша қамтылғандар саны 2000 жылмен салыстырғанда 7,3 пайызға

артты, дербес айналысатын тұрғындар саны 22 пайызға азайды. Жұмыспен қамтылған тұрғындар құрылымында жалдау бойынша жұмыс жасайтындар үлесі 76,2 пайызға (99,6 мың адам) өсті, дербес айналысатын тұрғындар 23,8 пайызға (31,1 мың адам) төмендеді.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша: өнеркәсіпте және құрылыста 43,0 мың адам (43,2 пайыз), ауыл, орман және балық шаруашылығында 2,3 мың адам (2,3 пайыз), қызмет көрсетуде 54,3 мың адам (54,4 пайыз) қамтылған.

1999 - 2001 жылдары облыс бойынша тіркелген жұмыссыздар деңгейі 8,1 пайыздық пунктке: 1999 жылғы 11,9 пайыздан 2001 жылғы 3,8 пайызға төмендеді. 2002 жылдың 1 тоқсанының аяғында жұмыссыздардың нақты саны 2001 жылдың аяғындағы тіркелген жұмыссыздар санымен салыстырғанда 5633 тен 5521 адамға азайды.

Алайда 1.04.2002 жылғы жұмыссыздар деңгейінің 3,9 пайызға артуы байқалды, бұл тұрғындардың экономикалық белсенділігінің төмендеуінен деп түсіндіріледі. Облыстың жұмыспен қамту қызметіне жұмысқа орналасуға 2000 жылы 13454 адам, 2001 жылы 14012 адам (2000 жылға 104,1 пайыз), 2002 жылдың қаңтар-наурызында 3888 адам хабарласқан.

2000 жылы облыста 10383 жұмысшы орны құрылды немесе 2000-2002 жылдарға арналған кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі қабылданған Аймақтық бағдарламадан 131,0 пайызға, оның ішінде қоғамдық жұмыстар бойынша 3460 орын. 2001 жылы облыс кәсіпорындарында 10641 қосымша жұмыс орны ашылды, оның ішінде қоғамдық жұмыстар бойынша 4908 орын. 5733 тұрақты жұмыс орны ашылды, оның ішінде мұнайгаз саласында 1391 орын, шетел фирмаларымен 1357 орын, шағын несиелеу есебімен 73 орын, шағын кәсіпкерлікте 2673 орын, басқа салаларда 239 орын.

Жұмыс орындары санының артуы 2000 жылы 4852 жұмыссызды, 2001 жылы 4503 жұмыссызды жұмысқа орналасуға мүмкіндік жасады. Ақы төлейтін қоғамдық жұмысқа 2000 жылы 3460 адам (1999 жылғыдан 2,9 есе артық), 2001 жылы 5443 адам (2000 жылғыдан 157,3 пайыз), 2002 жылдың 3 айында 1506 адм жіберілді. Қоғамдық жұмыстар түрлерін кеңейту жұмыссыздық мүмкіндігінше көбірек санын қамтуға мүмкіндік жасады, өөөөөө жұмыстарды жүргізу, тарихи - архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіру, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу сияқты қоғамдық жұмыс түрлері пайда болды.

2002 жылы экономикада қамтылғандар саны 132,7 мың адамға дейін өседі деп күтілуде, одан жолдау бойынша 104,5 мың адам, оның ішінде экономикалық қызмет түрлері бойынша: өнеркәсіп пен құрылыста 46,1 мың адам (44,1 пайыз), ауыл, орман және балық шаруашылығында 2,4 мың адам (2,3 пайыз), қызмет көрсетуде 56,0 мың адам (53,6 пайыз) қамтылды.

Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі аймақтық бағдарламаны іске асыруда 2002 жылы жұмыссыздардың жалпы санын 14,7 мың адамға дейін

бірқалыпты төмендету көзделді (2001 жылға 78,6 пайыз).

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары К.К. Мәсімовте 16 мамыр 2002 жылғы мәжілісінің N 11-7/И-178 хаттама шешімімен Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы шағын қала болып белгіленді. Жұмыссыздар деңгейі 1.05.2002 жылы 9,0 құрап, облыстық орта көрсеткіштен 4,2 пайыздық пунктке жоғары болды. Ауданның градқұрылушы кәсіпорны "Қазақрыбфлот" ААҚ 1999 жылдан тоқтап тұр. Қалада ауыз сумен қамтамасыз ету желісі толық қайта жаңартуды қажет етеді.

Тұрғындардың табыстары мен шығыстары. Халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысы 2000 жылы 51371 теңгені құрады (1999 жылға 100,2 пайыз), орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығысы 1999 жылмен салыстырғанда 0,8 пайызға азайды және 50601 теңгені құрады.

2001 жылы халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысы 34,2 пайызға өсіп, 68942 теңгені құрады, яғни республикалық орташа деңгейден 7,5 пайызға жоғары, сондай-ақ орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығысы республика бойынша 2000 жылғы деңгейге 36,2 пайызға артты (68942 теңге).

Ақшалай түсілімнің негізгі көзі 60118 теңге құраған (орташа жан басына шаққандағы табыстың жалпы көлемінің 88,0 пайызы) еңбек қызметінің табысы болып қалатыны жалғасуда. Тұрғындардың жан басындағы әлеуметтік трансферті 7633 теңгені құрады (10,0 пайыз), сатудың барлық түрінен түскен табыс 485 теңге (1,0 пайыз) және басқа да ақшалай түсімдер 706 теңге (1,0 пайыз).

2002 жылғы бағалау бойынша орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыс 10,5 пайызға өседі және 76171 теңгені құрайды, сондай-ақ орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығыс 8,9 пайызға өседі және 75105 теңгені құрайды.

Мұнайгаз жүйесі қызметінің белсенділігі және мұнай өндіру мен көлік сервистік өндірісін дамыту есебінен облыс бойынша еңбекке ақы төлеу қоры 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 60,0 пайызға өсті және 25,7 млрд. теңгені құрады. Еңбекке ақы төлеу қоры 2001 жылы 2000 жылғы деңгейге 43,9 пайызға артып, 37,0 млрд. теңгені құрады, оның ішінде өнеркәсіпте 19,5 млрд. теңге, көлік пен байланыста 6,9 млрд. теңге, құрылыста 4,1 млрд. теңге, білім беруде 1,6 млрд. теңге.

2000 жылы экономикалық қызметтің барлық түрінде жұмыс жасайтындардың орташа айлық атаулы еңбек ақысы 1999 жылмен салыстырғанда 1,5 есе өсті және 28967 теңге құрады, оның ішінде өнеркәсіпте 40748 теңге, құрылыста 29511 теңге, көлік пен байланыста 43328 теңге.

Экономикалық қызметтің барлық түрінде қамтылған жұмысшылардың орташа айлық атаулы еңбек ақысы 2001 жылы орташа 34458 теңгені құрады (2000 жылға 125,6 пайыз), яғни республикалық орташа деңгейден 2 есе жоғары. Еңбек ақының ең жоғары деңгейі кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында 65810 теңге, ал ең төменгісі ауыл шаруашылығында 8767 теңге болып белгіленген, араларындағы алшақтық 7,5 есені құрайды. Жұмыс жасайтындардың айтарлықтай бөлігіне еңбек ақы төлеу мөлшері

жоғары емес деңгейде қалады: мемлекеттік басқармаларда 1704449 теңге (аймақ бойынша еңбек ақының орташа деңгейінен 49,5 пайыз), білім беруде 11397 теңге (33,1 пайыз), денсаулық сақтауда 10183 теңге (29,6 пайыз).

2002 жылғы бағалау бойынша жұмыссыздарға орташа жан басына шаққандағы еңбекке ақысы 2001 жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға артады және 38621 теңгені құрады. Еңбекақы қоры 2001 жылғы деңгейге 17 пайыз өседі және 43,0 млрд. теңгені құрады.

Негізгі проблемалар болып қалатындар:

- нәрестелердің шетінеуінің жоғары деңгейі (27,86 республикалық орташа көрсеткіште - 19,8 пайыз);
- қалалар мен аудандар арасындағы өмір сүру деңгейінің айтарлықтай айырмасы;
- ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың жоғары деңгейі;
- экономикалық қызмет түрлері бойынша еңбек ақының мәнді айырмасы.

2. Перспективалары: 2003 - 2005 жылдары

Демография. Болжам бойынша тұрғындардың орташа жылдық саны 2003-2005 жылдары 364,9 мың адамға дейін өседі немесе табиғи өсім мен шекаралас елдерден азаматтардың көшіп келуінің жалғасуы есебінен 2002 жылғы деңгейге 8,2 пайыз, оның ішінде қала халқы 291,5 мың адамға дейін (9,2 пайыз), ауылдықтар 73,4 мың адамға дейін (1,0 пайыз).

Табиғи өсімнің 6122 адамға дейін артуы (2002 жылы 135,2 пайыз) өлім коэффициентінің 1000 адамға 6,86 кездейсоқтыққа дейін азаюынан және туудың көпшілік жоғары көрсеткішін иеленетін жергілікті ұлт үлесінің артуы есебімен бала туу коэффициентінің 23,63 ке дейін өсуінен шартталатын болады.

Көшіқон. Аймақ экономикасының дамуы, өмір сүрудің экономикалық жағдайының жақсаруы жалпы ұлттық өнім өндірісінде қатынасушы еңбекке қабілетті жасындағы тұрғындардың облыстан кетуін азайтуға әкеледі.

Көшіп келушілік белсенділігі жөніндегі шараларды қабылдау қазақтардың өзінің тарихи отанына оралуына, ролардың орналасуын ұйымдастыруға жан-жақты жәрдемдесуге бейімделетін болады.

2003-2005 жылдары оралмандар ағыны одан әрі артады деп күтілуде.

Оралмандарды тұрғын үймен, жұмыспен, әлеуметтік қорғаумен, кәсіптік оқумен, оралман балаларының тегін орта білімге толықтай қамтылуын қамтамасыз етумен, олардың аз қамтамасыз етілгендерін әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.

Жақын шетелдерден келетін көшіп келушілер үшін квотаны ұлғайту мәселесін ҚР Үкіметі деңгейінде шешу жөніндегі жұмыстар жүргізіледі.

Болжам бойынша 2003-2005 жылдары көшіпқон сальдасы оң нәтижелі жинақталатын болады және жыл сайын шамамен 4,0 мың адамды құрайды.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саясаты. 2003-2005 жылдардағы перспективада халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саясаты еңбек рыногындағы шиеленісті азайтуды көздейді. Жұмыс орындарын ашу мұнайгаз және химия өнеркәсібінде, көлік пен байланыста, құрылыста, шағын кәсіпкерлікте, оның ішінде шетелдік жұмыс берушілермен жаңа өндіріс ашу, әрекеттелетін тұрғын өндірісті кеңейту және тоқтап тұрған кәсіпорындарды қалпына келтіру есебінен қамтамасыз ететін болады. Ақтау теңіз порты аумағында құрылған арнаулы экономикалық аймақ жұмыс орындарын ашу мен экономикада жұмыспен қамтылғандар санын арттыруға шарттасады.

Жолдау жөніндегі экономикалық қызметтің барлық түрі бойынша жұмыспен қамтылғандар санын 2005 жылға 120,3 мың адамға дейін (2002 жылға 115,1 пайыз) арттыру жоспарланады.

Өздігінен айналысатын тұрғындар саны 34,1 мың адамға дейін өседі (2002 жылға 120,9 пайыз). Жалдау бойынша жұмыс жасайтын жұмысшылар және өздігінен айналысатын тұрғындар санының өсуі нәтижесінде, экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 154,4 мың адамға дейін өседі (2002 жылға 116,4 пайыз).

Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі аймақтық бағдарламаны іске асыру 2005 жылы жұмыссыздар санын 10,8 мың адамға дейін бірқалыпты азайтуды (2002 жылға 73,5 пайыз) және тиісінше жұмыссыздықтың жалпы деңгейін 6,5 пайызға дейін төмендетуді көздейді (2002 жылғы деңгейге 3,5 пайыздық пунктке).

Экономикада жұмыспен қамтылғандардың өсуі және жұмыссыздар санының төмендеуі халықтың экономикалық белсенділігінің өсуіне әкеледі, яғни 2005 жылы 165,2 мың адамға дейін артады (2002 жылға 112,1 пайыз).

Табыс саясаты. 2003-2005 жылдарға арналған болжам бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық еңбек ақысы еңбек ақы өсуі есебінен 51234 теңге дейін артады (2002 жылға 132,7 пайыз), өнеркәсіпте 71985 теңгеге дейін (130,2 пайыз), құрылыста 56245 теңге (136,3 пайыз), көлік пен байланыста 73564 теңгеге дейін (126,2 пайыз).

Еңбек ақы білім беруде 19670 теңге (облыс бойынша орташа ақы деңгейінен 38,4 пайыз), денсаулық сақтауда 17928 теңге (35 пайыз), ауыл шаруашылығында 12751 теңге (24,9 пайыз), балық аулауда 10106 теңге (19,7 пайыз) болып, жоғары емес деңгейде қалады.

2005 жылға еңбек ақының орташа айлық өсуі нәтижесінде, сондай ақ еңбек ақыны есептеу үшін қабылданатын сандар 2002 жылмен салыстырғанда 14,5 пайызға, еңбекақы қоры 65,3 млрд. теңгеге дейін өседі (2002 жылға 1518 пайыз).

2003-2005 жылдарға арналған болжам бойынша жан басына шаққандағы ақшалай табыс 93076 теңгеге дейін өседі (2002 жылға 122,2 пайыз), оның ішінде еңбек қызметінен түсетін табыс 81975 теңгеге дейін (табыстың жалпы сомасынан 88 пайыз), әлеуметтік трансферттер 9251 теңгеге дейін (9,9 пайыз). Жан басына шаққандағы ақшалай шығыста 91725 теңгеге дейін өседі (2002 жылға 122,1 пайыз), оның ішінде

тұтыну шығыны 90789 теңгеге дейін ұлғаяды (шығыстың барлық сомасынан 989 пайыз), салықтар, алымдар мен төлемдер 367 теңгеге дейін, басқа да ақшалай шығыстар 569 теңгеге дейін.

Ауылда әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мақсатымен 2001-2005 жылдарға арналған ауылды дамытудың аймақтық бағдарламасы іске асырылуда. Қазіргі уақытта шағын қала Форт-Шевченконың даму бағдарламасы жасақталуда.

10 Тарау. Әлеуметтік-экономикалық дамуға әйелдердің қатысуы.

Талдау: 2000-2002 жылдары

Әйелдер саяси жылжуы. 2000 жылы облыста әртүрлі деңгейдегі депутаттар болып 14 әйел сайланды, саяси партияларда жалпы саны 8 мыңнан астам адамдардан партия мүдереі болып бір әйел сайланды.

Сайлау алды комиссиялары кезінде депутаттыққа кандидатқа дауысқа түсушілердің жалпы санынан әйелдер 14,7 пайызын құрады.

2001 жылы және ағымдағы жылдың 4 айында жағдай мәнді өзгерген жоқ. Депутат әйелдер саны 2-ге қысқарды.

Сот билігі органдарында әйелдер өкілдері орнықты түрде қалып отыр. Облыстың қалалық және айдандық соттарында сот қызметінде 20 әйел жасайды немесе жалпы құрамның 48 пайызы. Олардың 2-і - сот төрайымдары.

Әйелдердің экономикалық жағдайы. Экономикалық өмірге әйелдердің қатысу статистикасында төмендегі цифрлармен белгіленеді: шағын бизнес жүйесіндегі басшылардың 30 пайызы әйелдер болып табылады. Маңғыстау облысының 117 мемлекеттік органында 1610 әкімшілік қызметтердің 63,4 пайызы әйелдер немесе 1020 адам. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың басшылық қызметінде 28 әйел-басшы жұмыс жасайды немесе 24 пайыз.

Облыс қалалары мен аудандарындағы дербес мемлекеттік органдардың басшылары арасында әйелдер 23,9 пайыз, облыстық органдар басшылары арасында 30,8 пайыз, олардың орынбасарлары 60 пайыз, облыстық органдардың бөлім бастықтарында әйелдер 61 пайызды құрайды.

Статистика деректері сондай-ақ 8 еселенген төменгі еңбекақы көлемінде еңбекақы алушы еркектермен салыстырғанда әйелдер санының басым екендігін растайды. Әйелдер 2,1 есе артық. Сонымен қатар 8-ден 24-ке дейін еселенген төменгі еңбекақы алушы еркектер әйелдерге қарағанда 5,6 есе артық.

Бұл бұрынғыша әйелдер еңбегін төмен бағалайтындығын көрсетеді, олардың көпшілік бөлігі экономиканың өндірістік емес жүйесінде жұмыспен қамтылғандар.

Әйелдер денсаулығы. Облыста әйелдер денсаулығының алдын алуға бағытталған бағдарлама реті жасақталды.

"Ана мен бала" бағдарламасына сәйкес бала туу жасындағы әйелдерді сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Облыс бойынша әйелдердің 85 пайыз анемиямен науқастанады. Облыстық

денсаулық сақтау бақармасымен анемиямен науқастанатын әйелдерді тегін емдеуге қарастырылған 2001-2003 жылдарға арналған анемияға қарсы бағдарлама жасақталып, і с к е а с ы р ы л у д а .

Республикалық тамақтандыру институтының басшылығымен емшек сүтімен тамақтандыру жөнінде қысқа мерзімді бағдарлама (2001 жылдан 2002 жылға) іске асырылуда және Ақтау қаласы мен Жаңаөзен қаласындағы қалалық перзентханаларды "Балаларға достық мейірім қатынасы" арухана атағына сертификаттануға дайындықтар жүргізілуде .

Ақтау және Жаңаөзен қалаларындағы емханалар жанынан әйелдерді сауықтырумен айналысатын отбасын жоспарлау бөлмелері ашылды, күндізгі стационар ашылды. Бала туудың ұлғаюымен байланысты Ақтау қаласындағы облыстық перзентхананың 2-ші блогы құрылысын аяқтау жөніндегі шаралар қабылданды. Әйелдер арасындағы өөөөөөөө бағдарламасы енгізіліп жатыр. 2001 жылғы маусымда "Пфайзер" компаниясымен Ақтау қаласында медицинаға жаңа технологияны енгізу туралы ғылыми-практикалық конференция өтті.

2002 жылдың аяғына дейін облыстың әйел тұрғындарын жалпыға ортақ диспансеризациялау өткізілетін болады (экстрагентиталды паталогияның анықталуы және оларды сауықтыру, онкологиялық визуалды нысандарының уақытында анықталуы).

Әйелдерге қатысты зорлықпен күрес. 2000 жылы облыста әйелдерге қатысты 545 зорлық фактісі тіркелді, 2001 жылы 1610.

2000 жылы әйелдерге жан-жақты көмек көрсететін, оның ішінде психологиялық та, көшіқон жөніндегі халықаралық ұйымның қамқорлығымен құрылған "Надежда" дағдарыс орталығы ашылды .

Әйелдер проблемалары, олардың құқын және заңды мүддесін қорғау жөніндегі облыстық комиссия дағдарыс орталығымен бірлесіп, Америка заңгерлері Ассоциациясының (орталық және шығыс Европаның құқықтық Белсенділігін АВА/СЕЕҮІ) қатысуымен тренинг ұйымдастыруға және өткізуге қатынасты.

Перспективалары: 2003-2005 жылдары

Жоспарланған кезеңде әйелдер денсаулығын күзетуге, әйелдеді зорлықтан қорғауға бағытталған барлық бағдарламалардың іске асырылуы жалғасатын болады. Облыстық әкімият пен қалалық және аудандық әкімият деңгейінде құрылған комиссия жұмысын жалғасады.

11 Тарау. Білім беру

1. Талдау: 2000-2002 жылдары

2000-2001 жылдары білім беру жүйесін қаржыландыру көлемін ұлғайту есебінен білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар іске асырылды. Білім беру жүйесіне екі жылда жергілікті бюджеттен барлығы 6855,1 млн. теңге бөлінді.

Білім беру ісін одан әрі жетілдіру мақсатында "2001-2005 жылдарға арналған Маңғыстау облысы бойынша білім беру жүйесін дамытудың аймақтық бағдарламасы" қабылданып, іске асырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу. Облыста 29 бірлік санында мектепке дейінгі балалар ұйымдары (МБҰ) желісі сақталға, оның ішінде 26 мемлекеттік қазыналық кәсіпорын, 2 мемлекеттік мекеме, 1 ведомствалық балалар бақшасы. Балалар бақшасындағы балалар саны 2000 жылғы 5,7 мың адамнан 2001 жылы 6,5 мың адамға дейін өсті. МБҰ атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі 2001 жылы 330,6 млн. теңгені құрады, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 253,8 млн. теңге.

Мектепке дейінгі білім жүйесін реформалау процесі мектепке дейінгі ұйымдар желісін саралап жіктеуге әкелді: "Балалар бақшасы - мектеп", мектепке дейінгі гимназия, әртүрлі санаттағы ауыратын балаларға арналған мектепке дейінгі балалар ұйымдары кешендері құрылды. 2002 жылы мектепке дейінгі балалар ұйымдары желісін Қарақия ауданында 35 орынды санатория балалар бақшасының ашылуымен байланысты 1 бірлікке ұлғайту жоспарлануда.

Бүгінде 5-6 жастағы балалар саны 12,9 мың адамды құрайды, одан мектеп алдындағы дайындыққа 5,5 мың бала (232 топтар мен сыныптар) қамтылды, оның ішінде 26 мектепке дейінгі ұйымдар базасында 3,4 мың бала (129 топ), 61 жалпы білім беретін мектеп базасында 2,1 мың бала (103 топ).

Жалпы орта білім беру. Соңғы 2 жылда жалпы орта білім беру ұйымдарының желісі 11 бірлікке ұлғайды: 2000 жылы 7 бірлікке, 2001 жылы 4 бірлікке. 4520 орындық 5 жаңа мектеп ғимараты, оның ішінде ауылдық желілері ескі, апатты ғимараттардың а у ы с т ы р ы л ы п с а л ы н д ы .

2000 жылы Жаңаөзен қалалық әкімшілігінің Теңге кентінде "Қазахойл" ҰМК қаражаты есебінен 1322 орындық жалпы білім беретін мектеп салынды, Жаңаөзен қаласында мектеп-лицей, Бейнеу ауданында мектеп - гимназия, 3 бастауыш мектеп және бір кешкі мектеп ашылды.

2001 жылы Ақтау қаласында жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1868 орынды жаңа жалпы білім беретін мектеп іске қосылды, Жаңаөзен қаласы мен Маңғыстау ауданы Шетпе селосында мектеп - гимназия, Бейнеу ауданы Бейнеу селосында мектеп - лицей ашылды.

Қазіргі уақытта облыс бойынша 107 жалпы орта білім беретін ұымдар іс-қимыл жасайды, оның ішінде 99 жалпы орта білім беретін мектеп, 4 арнаулы түзету кешені, 4 кешкі мектеп. Жыл сайын оқушылар саны табиғи өсімнің өсуі мен ТМД көрші елдері мен Ираннан көп балалы отбасылардың көшіп келуінің өсуі есебінен 2-2,5 мың адамға ұлғаяды. Мемлекеттік жалпы орта білім беретін ұйымдардағы оқушылар саны 2000 жылғы 80,0 мың адамнан 2001 жылы 83,1 мың адамға ұлғайды.

2002 жылы 100 орынды қиын мінезді балалар үшін арнаулы мектеп-интернат пайдалануға іске қосылды, жылдың аяғына дейін Бейнеу ауданында 300 орынды

бастауыш мектеп ашу қарастырылды.

Мектебі жоқ ауылдық елді мекендердегі балаларды жеткізу жүзеге асырылуда. 2000-2002 жылдары мектептердің, оның ішінде ауылдық жерлердегі, материалдық-техникалық базасы мен оқулықтарымен қамтылуы айтарлықтай жақсарды.

Облыс мектептерінде аз қамтамасыз етілген отбасылары балаларының 87,8 пайызы тегін ыссы тамақпен қамтамасыз етілген.

Облыс мектептеріне жыл сайын жалпы оқу қорынан қаражат бөлінеді (2001 жылы мектептерді ұстау шығынынан 3,4 пайыз, оның ішінде ауылдық 1,8 пайыз).

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру. Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесі 2000-2001 жылдары өзгеріссіз қалды: 1,6 мың адамдық оқушылар контингенті мен 5 мемлекеттік кәсіптік мектеп, 6 мемлекеттік колледж. Мемлекеттік колледждердегі оқушылар саны 2 жылда 4,6 мың адамнан 4,9 мың адамға ұлғайды.

Мемлекеттік кәсіптік мектептерде 22 жұмысшы мамандығы бойынша колледждерде 42 мамандық бойынша оқыту жүргізіледі.

2003 жылы кәсіптік мектеп желісі N 2 КМ жабылу есебінен бір бірлікке кемиеді, яғни ғимараты өткен жылы ҚР Үкіметінің 1.03.2001 жылғы N314 қаулысына және облыс әкімінің 19.04.2001 жылғы N 87 шешіміне сәйкес әскери теңіз училищесіне берілді, ал ағымдағы жылы қалған оқушылар оқуын қортывдылайды.

Ағымдағы жылы нақтыланған бюджет бойынша білім беру жүйесінің шығысы 3360 млн. теңгені құрайды немесе 2000 жылмен салыстырғанда 8,6 пайызға аз (3675 млн. теңге), бұл 2002 жылы кооперативтік салықты республикалық бюджетке алуына байланысты жергілікті бюджет табысы азаяды деп күтілуімен түсіндіріледі.

Жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемінің төмендеуі және мемлекеттік тапсырыстың қысқаруы нәтижесінде 2002 жылы білім беру ұйымдарымен атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемі: балалар бақшасы бойынша 265,0 мың теңгеге (2001 жылға 80,2 пайыз), жалпы орта білім беру бойынша 1835,0 млн. теңге (81,0 пайыз), бастауыш кәсіптік білім беру бойынша - 54,0 млн. теңге (78,0 пайыз) азайды.

Жоғары кәсіптік білім. Облыста 1 мемлекеттік және 1 жеке жоғары оқу орындары, 2 республикалық жоғары оқу орнының филиалдары мен 3 жеке жоғары оқу орнының филиалдары жұмыс жасайды. Мемлекеттік жоғары оқу орнында оқитындарсаны 9,7 мың адамды, жеке 4,1 мың адамды құрайды.

Жоғары оқу орындарындағы оқытушы құрамының жалпы санынан ғылым докторлары 5,8 пайыз, ғылым кандидаттары 26 пайыз, профессорлар 6,4 пайыз, докторлар 17 пайыз құрайды.

Жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіптік білім. Облыста жоғары оқу орнынан соң білім алу үшін арнаулы ұйымдар: аспирантуралар, магистратуралар немесе докторанатуралар жоқ. Жоғары оқу орындарынан кейін білім аймақтан тыс республика

мен ТМД елдерінің оқу органдарында сатып алынады.

Аймақта тек мектепке дейінгі, жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқытушыларының біліктілігін көтеру үшін бағытталған мұғалімдер білімін жетілдіру институты жұмыс жасайды.

Білім беруге жеке секторлардың қатынасуы. Облыста білім беруде жеке сектор да дамып келеді. Облыс бойынша жалпы оқушы саны 1,0 мың адамдық жалпы білім беретін 11 жеке мектеп жұмыс жасайды. Орта кәсіптік білім беру жүйесінде 1,7 мың адам-оқушысымен 5 жеке колледж жұмыс жасайды. Әйтсе де облыста жеке балалар бақшасы жоқ, алайда 2 мемлекеттік емес мектеп балабақша кешенінде мектепке дейінгі тәрбие ұйымдастырылды.

Білім беру жүйесіндегі проблемалар:

- мектепке дейінгі балалар ұйымдарының әлсіз қамтамасыз етілуі;
 - жалпы білім беретін мектептердің артық тығыздылығы;
 - ауылдық мектептердің әлсіз материалдық базасы;
 - кәсіптік мектептер мен колледждерде орта буын жұмысшы.
- кадрлары мен мамандарын даярлауда бюджеттік қаржыландырудың жетіспеуі.

2. Перспективалары: 2003-2005 жылдары

Ауылдық білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ауылдық жерлерде тұратын балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасауға қарастырылған 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыл мектебі" бағдарламасының жобасы әзірленді.

2005 жылға дейін апатты ғимараттарды ауыстыру есебімен білім беру ұйымдарының құрылысын салу және кеңейтудің жоспар-кестесі жасақталды.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқу. 2003-2005 жылдарға арналған перспективада мектеп алды дайындаудың және мектепке дейінгі балалар ұйымдарының жұмысын ұйымдстыруды жақсарту мақсатында олардың санын бұрындары жалға берілген балалар бақшасы ғимараттарын кейін қайтару жолымен 37 бірлікке дейін (2002 жылға 123,3 пайыз) көбейту жоспарлануда. МБҰ-да балалар саны 7,7 мың адамға дейін арттады (2002 ж 111,6 пайыз).

2005 жылы мектепке дейінгі балалар ұйымдарымен атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемін 400,0 млн. теңгеге дейін жыл сайын арттыру қарастырылуда.

Жалпы орта білім беру. Бүгінде жалпы білім беретін мектептердің жобалық қуаты 70,4 мың адамға есептелгенін есепке алсақ, оқушылар саны 83,0 мың адамды құрайды, негізінен Ақтау мен Жаңаөзен қалаларында артық тығыздықтан мектеп желісін кеңейтудің өткір қажеттілігі бар. Сонымен қатар, облыста норматив бойынша жаңа жалпы білім беретін мектеп ашу қажет елді мекендер бар, осыған байланысты 2003-2005 жылдарға арналған кезеңде жалпы орта білім беретін мектебі 8 бірлікке ұлғайту жоспарлануда.

2003 жылы Ақтау қаласынан 960 орынды, Жаңаөзен қаласынан 1300 орынды және Маңғыстау ауданы Тиген аулынан 50 орынды, 2004 жылы Бейнеу ауданы Бейнеу кентінен 320 орынды, Ақтау қаласы 12 шағынауданнан түберкүлезбен ауыратын балаларға арналған санаториялық мектеп-интернат және бастауыш мектеп, 2005 жылы Түпқараған ауданы Аташ кентінен 320 орынды және Жаңаөзен қаласынан 1300 орынды мектеп ашу болжануда.

Жалпы орта білім беретін ұйымдар саны 2005 жылы 117 бірлікке дейін өседі, яғни 2002 жылға 107,3 пайызды құрайды. Жалпы білім беретін ұйымдар оқытатындар саны 2005 жылы 90,4 мың адамға дейін (2002 жылы 106,6 пайыз), олармен атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі 2400,0 млн. теңгеге дейін (2002 жылы 130,8 пайыз) өседі.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру. 2005 жылы бастауыш кәсіптік білім беру желісін Бейнеу ауданы Бейнеу селосынан мектеп аралық оқу өндірістік комбинаты (МОӨК) кәсіптік мектеп етіп өзгерту есебінен бір бірлікке ұлғайту жоспарлануда.

Орта кәсіптік білім беру ұйымдарының желісі әзірге өзгеріссіз қалды, алайда мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау көлемін 2001 жылғы 0,6 мың адамнан 2005 жылы 0,8 мың адамға дейін (2002 жылы 133,3 пайызға) және тиісінше бюджет есебінен оқытындар санын 1,7 мың адамға дейін (113,3 пайыз) ұлғайту жоспарлануда. Мемлекеттік колледждерде оқытындардың жалпы саны 2005 жылы 5,1 мың адамға дейін өседі (2002 жылы 104,1 пайыз).

Еңбек рыногының талаптарына сәйкес кәсіптік мектептер мен колледждерде бірінші кезекте экономиканың нақты секторы үшін кейінгі жылдары дамуын алатын жаңа мамандықтар енгізіледі.

2005 жылы бастауыш кәсіптік білім беру ұйымдарымен атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі 60,0 млн. теңгеге дейін (2002 жылы 111,1 пайыз), орта кәсіптік білім беру ұйымдарымен 350,0 млн. теңгеге дейін (2002 жылы 122,8 пайыз) ұлғаяды.

Жоғары кәсіптік білім беру. Жоғары білім беру жүйесінде төмендегі мәселелерді шешу бойынша жұмыстар өткізілетін болады: мемлекеттік тапсырыстар көлемін ұлғайту, бітірушілерді жұмысқа орналастыру, білікті еңбек кадрларына облыс экономикасының қажеттілігіне сәйкес мамандарды даярлау, оқытушыларды қайта даярлау және біліктілігін көтеру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту.

Білім беруге жеке сектордың қатынасуы. 2003-2005 жылдары білім берудің мемлекеттік емес секторы одан әрі дамуын алады. 2004 жылы кемінде бір жеке мектеп ашу, жеке мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында оқытындар санын ұлғайту.

Ақпараттық технология. Білім беруді дамытуда, оқыту сапасын арттыруда маңызды рольді жаңа ақпараттық технологияларды енгізу ойнайды. Бүгінде барлық жалпы білім беретін мектептер мен білім беру мекемелері жаңа буын

компьютерлерімен толықтай жарақтандырылған.

"Интернет-мектептерде" салалық ведомствоаралық бағдарламасына сәйкес мектептерді Интернет жүйесіне кезеңмен қосу процесін жүзеге асыру жалғасады.

Қазіргі уақытта жоғарыда айтылған бағдарлама шегінде Интернет желісіне облыстың 74 мектебі қосылды. "Ғылыми-техникалық оқытудың аймақтық орталығы) МҚК базасында 128 информатика мұғалімі 4 кезеңді курстық дайындықтан өтті.

2002-2003 жылдары жалпы білім беретін мектеп оқушыларына (облыстың 95 мектебі үшін) арақашықтық оқу үшін спутниктік оқу телебине құрал-жабдықтарын сатып алу жоспарлануда. Бұл бағыттағы жұмыстар басталып кетті. Қазіргі уақытта Қарақия ауданының 4 мектебі үшін спутниктік құрал-жабдықтар сатып алуға 2,0 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінді.

12 Тарау. Денсаулық сақтау ісі

1 Талдау: 2000-2002 жылдары

Тұрғындарға муниципалдық және дәрі-дәрмекпен көмек көрсету. 2000 жылы қосымша қаржыландыру нәтижесінде денсаулық сақтау ісіне жергілікті бюджеттен шығыс 2460,8 млн. теңгені құрады. 2001 жылдан бастап облыста сала дамуының барлық аспектілерін қамтиын "2001-2005 жылдарға арналған денсаулық сақтау ісін жетілдіру" аймақтық бағдарламасы" қабылданды және іске асырылуда. Өткен жылы бағдарламаға сәйкес облыстық бюджеттен денсаулық сақтау ісіне 2287 млн. теңге бөлінді (азаю 2000 жылы несие бережақтарын өтеуге байланысты).

2000 жылы дербес емханалар саны 47 бірлікті, емдеу мекемелер саны 30 бірлікті, отбасылық дәрігерлік амбулатория (ОДА) саны 13, фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) 11 бірлік есептелді.

2001 жылы емдеу ұйымдарының саны Арнаулы емдеу-алдын алу мекемелерінен (АЕАМ) 60 төсектік облыстық наркологиялық диспансердің бөлінуіне байланысты бір бірлікке артты. 2001 жылы аурухана саны 31 бірлікті, оның ішінде мемлекеттік 29 (27 облыстық денсаулық сақтау басқармасы бойынша, 2 ведомствалық), жеке 2 бірлік.

2001 жылы дербес емханалар саны 47 бірлік деңгейінде қалды, оның ішінде мемлекеттік 27 (25 облыстық денсаулық сақтау басқармасы бойынша, 2 ведомствалық), жеке 20 бірлік (медициналық кабинеттер кіреді).

ОДА саны жеке амбулаториялар ашылу есебінен 3 бірлікке артып 16 бірлікті құрады, ФАП саны өзгеріссіз қалды.

2000 жылы амбулаториялық емхана мекемелерінің қуаты ауысымында 5,4 мың барушыларды, аурухана мекемелері 2938 төсекті құрады, тұрғындардың емдеу төсек орындарымен қамтылуы 10 мың адамға 91,5. 2001 жылы емдеу төсек орындарының саны 2956 төсекті құрады, ауысымында келушілер саны 5,0 мың барушыларға дейін кеміді, тұрғындар санының тез өсуі нәтижесінде төсек орындарымен қамтылуы 10 мың тұрғынға 90,1 пайызды құрады.

2000 жылы дәріхана мекемелерінің саны 132 бірлікті, оның ішінде дәріханалар 83

бірлікті құрады. 2001 жылы дәріхана мекемелерінің саны 160 бірлікке дейін, оның ішінде дәріханалар 98 бірлікке дейін (2000 жылға 118,1 пайыз) ұлғайды. Дәріханалардың барлық санынан тек 6 мемлекеттік, қалғаны жеке.

2000 жылы облыс бойынша дәрігерлер саны 1160 дамды, орта медициналық қызметкерлер 2825 адамды құрады, 2001 жылы дәрігерлер саны 1179 адамға дейін (2000 ылға 101,6 пайыз), орта медициналық қызметкерлер саны 2916 адамға ұлғайды (2000 жылы 103,2 пайыз).

2001 жылға дәрігерлермен қамтылу 10 мың адамға 35,9, орта медициналық қызметкерлер 88,9 құрады. Облыс бойынша дәрігерлер мен медбикелер қамтылуы Ақтау қаласының ерекшелігінде орта республикалық көрсеткіштерді айтарлықтай арттырады (дәрігерлермен 28,2, медбикелермен 65,2), алайда селолық ауруханаларда медициналық кадр жетіспеуі байқалады.

2000-2001 жылдар ішінде облыста "Ана мен нәресте", "Түберкүлезбен күрес", "Жыныстық қатынас жолымен берілетін ауруды алдын алу", "Салауатты өмір сүруді насихаттау", "Иммунді алдын алу" аймақтық бағдарламаларын іске асыру бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды.

Облыстық медицина мекемелерінің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды. 2001 жылы барлық жерде денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеу жүзеге асырылды, бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен қосымша 191,6 млн. теңге бөлінді. Денсаулық сақтаудың 2 жаңа объектісінің құрылысы іске қосылды: облыстық онкологиялық диспансер үшін "Террагам-Татра" радиологиялық кобальтты қондырғы орналасқан сәулелі терапия бөлімшесі және Жаңаөзен түберкүлезге қарсы диспансердің диспансерлер бөлімшесі. Облыс бюджетінен медициналық жабдықтар мен керек-жарақтар сатып алуға 114,3 млн. теңге бөлінді.

Шұғыл және қауырт медициналық көмек көрсету мәселелерін жедел шешу үшін 12 бірлік санитарлық автокөлік, реанимобиль, "Аұінқо" радиомен басқару аппараты, ЭКГ аппараты және т.б. сатып алынды. Облыстың барлық медициналық ұйымдары 3 жылғы тамақпен, қажетті дәрі-дәрмектермен және жамылғы-төсеніштермен қамтамасыз етілген. 2001 жылы облыс бюджетінен науқастардың тамақтануына 175 млн. теңге, дәрі-дәрмектерге 539,6 млн. теңге, төсек-орын жабдықтарына 6 млн. теңгеден артық қаражат бөлінді.

Наскастарды емдеуде маңызды орынды облыстың емдеу мекемелерінің дәрі-дәрмек жабдықтарымен қамтамасыз етілуі иеленеді. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Заңына сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету негізінен ашық конкурстар өткізу жолымен өткізілді. 2001 жылы медициналық ұйымдар үшін барлығы 510,8 млн. теңге сомасында дәрі-дәрмектерге мемлекеттік сатып алулар өткізілді.

ҚР Үкіметінің "Тұрғындардың жекеленген санаттарын ауыруының түрлері бойынша дәрі-дәрмек жабдықтарымен және балалар мен емдік тамақтануды

вакциналар сатып алу мәселелері шешілуде. Облыстың санитарлық эпидемиологиялық қызмет зертханасының материалдық-техникалық базасын нығайтуға ағымдағы жылы 23,0 млн. теңге бөлінді.

"А" вирус гепатитімен тұрғындардың ауруы 2002 жылдың 1 тоқсанында 2000 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,6 есе төмендеді және 100 мың тұрғынға 32,83 құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-наурызында тұмау мен ауру 2000 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 3,5 есе төмендеді.

Облыстық теріқан диспансері үшін жыныс жолдарымен берілетін инфекцияның диагностикасы мен алдын алуды жақсарту мақсатында 2,5 млн. теңге сомасында қазіргі заманғы зертхана (ПЦР) сатып алынды. Инфекциялық нашақорлар арасында ВИЧ-инфекциясы індетінің тарауын ескерту үшін анаша тұтынушылар үшін шприц ауыстыру жөніндегі сенім пункті ашылды.

Салауатты өмір сайын қалыптастыру. Облыста салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде белсенді жұмыстар жүргізілуде. Облыс қалалар мен аудандарындағы емханалар жанынан "Денсаулықты нығайту орталығы" ашылды, бұл мақсатқа тәжірибелі дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерден қосымша штаттар бөлінді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары облыстық орталығымен (ОЦПФЗОЖ) бұқараны қамтамасыз ету мақсатында туризм және спорт, басқа да қоғамдық ұйымдарымен бірлесе отырып, көріністік-насихаттық іс-шаралар өткізілуде.

Облыс емханалары жанынан ОЦПФЗОЖ филиалы болып табылатын 9 денсаулықты нығайту орталығы іс-қимыл жасайды және салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді. Облыстың барлық мектептерінде "Валеология" бағдарламасы енгізілді. Облыстың 10 мектебінде салауаттылықты нығайтуға бейімделген мектептер "ВОЗ" бағдарламасы бойынша және Ш.Е. Есенов атындағы Ақтау Университетінде "Салауатты университет" бағдарламасы бойынша жұмыс жасайды.

2001 жылға салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде 153,3 мың адам қатынасқан барлығы 26,6 мың іс-шаралар, оның ішінде ауылдық жерлерде 1,8 мың іс-шаралар (18,2 мың адам) өткізілді.

Облыс халқына салауатты өмір салтын қалыптастыруда ақпараттық насихат жұмыстарынан басқа спорттық материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту, бұқаралық-спорттық іс-шаралар ұйымдастыру аз емес маңызға ие. Облыста 2001 жылға барлығы 333 бұқаралық спорттық іс-шаралар, оның ішінде 108-і ауылдық жерлерде өткізілді. Іс-шараларға қатынасқан қатысушылар саны 25246 адамды, оның ішінде 7527 адам-ауылдық жерлерде тұрады.

СПИД, нашақорлық, түбerkүлезбен бүкіл дүниежүзілік күресу Күніне облыстық білім басқармасы, облыстық және қалалық әкімияттар, наркологиялық, түбerkүлез

диспансерлері СПИД орталығымен бірлесіп, ірі көлемде акция өткізілді. "Салауатты өмір салты-ұзақ өмір сүрудің негізі" салауаттылық фестивалы, айлықтар, оң күндіктер, дебаттар, суреттер, өлеңдер, плакаттар конкурстары, тұрғындар мен мектеп оқушылары, студенттермен дөңгелек стола кездесулер өткізілді.

Салауатты өмір салты, СПИД бойынша бильборд, түберкүлез, нашақорлық, темекі шегу бойынша жергілікті материалдан бейнеролик әзірленді, радио, телеарна, аспасөз беттерінен мамандардың сөйлеуі ұйымдастырылды. СПИД, темекі шегу, түберкүлез, нашақорлық бойынша сауалнама жүргізілді.

Маңғыстау облысында 2001-2002 жылдарға арналған нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрестің Аймақтық бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ облыстық білім, ішкі істер басқармаларымен бірлесе оырып есірткінің алдын алу мен қиянат жасауын, есірткінің қолайсыздығын оқушылар ұғымында қалыптастыру мақсатында 2001 жылы "Есірткісіз өмір үшін" апталығы өткізілді. Акцияға 25 оқу орындары қатынасты. Түпқараған ауданында 350 адам қатынасқан "Жастар есірткіге қарсы" жастар конференциясы өтті. 2001 жылы маусымда Ақтау қалалық емханасында нашақорлықпен күрестің бүкілхалықтық күніне ойластырылған Акция өтті. Барлық осы іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Денсаулық сақтау жүйесіндегі проблемалар:

- селолық емдеу-алдын алу ұйымдарының (СЛПО) дәрігерлермен және орта медициналық қызметкерлермен толық жасақталмауы бюджет жүйесі қызметкерлері үшін тұрғын үйдің болмауымен және аудандарда жұмыс істеуге жас мамандардың ықыласының болмауымен түсіндіріледі;

- әлеуметтік маңызды аурулармен ауыратындар, жекелеп алғанда түберкүлезбен, жоғары деңгейде қалып отыр (деректі көрсеткіштер бойынша облыс республика бойынша 3-орын алады).

2. Перспективалары: 2003-2005 жылдары

Тұрғындарға медициналық және дәрі-дәрмек көмегін көрсету. Алда тұрған жылдары денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі басымдылығы болып табылатындар: тұрғындардың әлеуметтік маңызды аурулармен ауруын, мүгедектер мен өлімді, негізінен балалардың азайту, халықтың репродуктивтік денсаулығын нығайту, медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту.

2003-2005 жылдары талап етілетін төменгі мемлекеттік стандартқа дейінгі емдеу-алдын алу ұйымдарын жетілдіру жөніндегі жұмыстар жетілдірілетін болады. 2003 жылы Маңғыстау облысы Онды селосынан мемлекеттік СДА (СВА) ұйымдастыру есебімен дербес амбулаториялық емхана ұйымдарының саны 48 бірлікке дейін өседі деп күтілуде (2002 жылға 102,1 пайыз).

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 2003 жылы Қарақия ауданының Сенек селосында СДА (СВА) үшін жаңа ғимаратының құрылысы, 2004 жылы Жетібай кентінде ауысымында

150 келушіні қабылдайтын емхана құрылысы, 2005 жылы Маңғыстау ауданы Өтес кентінде СДА (СВА) медицина қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылысымен салынады деп жоспарлануда. Жоғарыда аталған объектілер үшін жаңа ғимарат құрылысы салынады, себебі ескі бөлмелері апатты жағдайда және күрделі жөндеуге жатпайды.

2003 жылы емдеу ұйымдарының саны, сондай ақ 4 сауықтыру орталығының (мүгедек-балалар үшін, бала тууға қабілетті жастағы әйелдер үшін және т.б.) ашылуы нәтижесінде 4 бірлікке ұлғаяды және 35 бірлікті құрайды (2002 жылға 112,9 пайыз), оның ішінде мемлекеттік 33 бірлік (113,8 пайыз).

"2001-2003 жылдарға арналған бала мен ана өлімін азайту" аймақтық бағдарламасы шеңберінде 2003 жылы негізгі блокты санитарлық өңдеу уақытында босанушыларды уақытынша орналастыру үшін қажетті облыстық перзентхананың екінші блогының құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Фельдшерлік-акушерлік пункттер саны бойынша өзгерістер жоспарланбайды. 2003-2005 жылдары сауықтыру орталығының 100 төсегі есебінен емдеу төсегін 235 бірлікке ұлғайту, облыстық туберкулезге қарсы диспансердің төсектік қуатын 80 төсекке ұлғайту, облыстық наркологиялық диспансердің жасөспірімдер бөлімшесін 25 төсекке кеңейту және СЛПУ -да маскүнемдерді мәжбүрлеп емдеу үшін бөлімшелер мен әйелдер бөлімшелерін (30 төсектік) ашу.

Денсаулық сақтаудың және ұйымдардың қосылуымен және бұрынғыларының кеңеюімен медициналық кадрға қажеттілік өсті. Сол себепті дәрігерлер санын 2003 жылы 10,2 пайызға немесе 1299 адамға дейін, орта медициналық қызметкерлерді 33,6 пайыз немесе 3897 адамға дейін, 2005 жылы дәрігерлер санын 1371 адамға дейін (2002 жылға 1116,3 пайыз), медициналық қызметкерлер санын 4113 адамға дейін (141 пайыз) ұлғайтуды жоспарлаймыз. Тиісінше дәрігерлермен қамтылу 10 мың тұрғынға 2003 жылы 37,5 пайызға дейін, орта медициналық қызметкерлер 112,5 пайызға дейін артады.

Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау ұйымдарын медицина кадрларымен толықтыруға көп көңіл бөлінетін болады. Медицина қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылысын салу, әлеуметтік жеңілдіктерді ұлғайту жоспарлануда.

Ауылдық жерлердегі дәрі-дәрмекпен қызмет көрсетулерді жақсарту мақсатымен облыстың аудан орталықтарында муниципалды дәріханалар ашу жоспарлануда. 2005 жылы дәріханалар саны 106 бірлікке дейін (2002 жылға 108,2 пайыз) өседі. Денсаулық сақтау ісінің шығынын жыл сайын 3341,0 млн. теңгеге дейін (2002 жылға 120,5 пайыз) қаржыландыру қарастырылуда.

Туберкулезбен күрес жоспарында туберкулезге қарсы қызмет реформасы, диагностикалық, алдын алу мен емдеудің тиімді пайдасы әдістерін енгізу жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Санитарлық-эпидемиологиялық қолайлықты қамтамасыз ету. 2002 жылы облыста санитарлық-эпидемиологиялық қолайлықты қамтамасыз ету жергілікті бюджеттен 96,0

мың теңге бағыттау жоспарланды. Алда тұрған жылдары тұрғындарды санитарлық-эпидемиологиялық қолайлықпен қамтамасыз ету үшін төмендегі бағдарламалар мен іс-шаралар жоспары жасақталып бекітілді: "2002-2005 жылдарға арналған Маңғыстау облысы тұрғындары арасында иод тапшылықты жетіспеушіліктің алдын алу", "2002-2003 жылдарға арналған вакцина басқаруындағы инфекцияның алдын алу және күресу жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы", "2002 жылға арналған тырыспаға қарсы іс-шаралар жоспары", "2002-2006 жылдарға арналған карантинді және басқа да аса қауіпті инфекциялардың алдын алу және күресу жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары", "2002-2005 жылдарға арналған құтырумен күрес жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары" және басқалар.

Облыс елді мекендерін сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатымен қазіргі мезетте 2003-2005 жылдарға арналған "Ауыз су" аймақтық бағдарламасы ж а с а қ т а л у д а .

2003-2005 жылдары облыста санитарлық-эпидемиологиялық қолайлықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жергілікті бюджеттен қарыландыру сол деңгейде қалады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. 2002 жылы "Жергілікті деңгейде салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау" бағдарламасына 6,6 млн. теңге бөлу ж о с п а р л а н д ы .

2003-2005 жылдарға арналған перспективада қаржыландыру көлемін сақта, мүмкіндігінше ұлғайту қарастырылды.

Денсаулық сақтау жүйесін дамытуға, халыққа медициналық қызмет көрсетуге бағытталған іс-шаралардың өткізілгеніне қарамастан түберкүлезбен, вирусты гепатитпен және басқа да әлеуметтік маңызды аурулармен ауыру жоғары деңгейде қалып отыр. Тұрғындар өлімінің, оның ішінде ана мен нәресте өлімінің көрсеткіші жоғары күйде қалып отыр. Аймақ тұрғындарының өмір сүруінің орташа ұзақтығы қысқарып келеді. Сол себепті салауатты өмір салтын, табиғи және рухани салауатты тұлғалар қалыптастыру мәселелеріне тиісті көңіл бөлу қажет. СӨС (ЗОЖ) насихаттау алдын алудың негізгі құрал саймандарының бірі, емдеу, алдын алу және санитарлық-гигиеналық жұмыстардың тиімділігіне тікелей әсер ететін маңызды факторы б о л ы п қ а л а д ы .

2003-2005 жылдары салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі облыстық орталықпен ВОЗ жобасын - денсаулықты нығайтуға бейімделген мектептерді, салауатты жұмыс орындарын енгізуді кеңейту жоспарланған. Денсаулықты нығайту орталығын (ЦУЗ) кадрлармен толықтыру және олардың жарактандыру, алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде мамандар, ұстаздар мен валеологтар даярлау, облыстық түберкүлезге қарсы диспансер мен облыстық балалар ауруханасының медбикелерін интерактивті әдіспен оқыту өткізілетін болады.

Перспективада ДНО (ЦУЗ) жанынан табаққа қарсы орталық құру, іс-шаралар өткізу

үшін диагностикалық орталықты тренерлік залымен салауатты тамақтану үшін саунасымен және асханасымен, релакциясы әртүрлі әдіспен оөыту үшін залымен СӨС (ЗОЖ) қалыптастыру жөніндегі кешек ұйымдастыру жоспарланды.

Алдағы жылдары спортты дамытуға тиісті көңіл бөлінетін болады, спортпен айналысатындар саны 2005 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 6,0 пайыз. Спорт импорттары мен спорт клубтарының желісін ұлғайту, жана спорт объектілер құрылысын салу жоспарланды.

Салауатты өмір салтын насихаттау алдағы жылдары халық денсаулығын жақсартуға биімделетін болады.

13 Тарау. Мәдениет, туризм және спорт

1. Талдау: 2000-2002 жылдар

Мәдениет. 2000-2001 жылдары мәдениет жүйесінде оң ілгерілеушілік байқалды. 2000 жылы мәдениетті қолдау жылы мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды, мәдениетті дамытуға жергілікті бюджеттің шығысы 455,7 млн. теңгені құрады.

Соңғы жылдары бірінші рет облыс кітапханаларында кітап қоры 6,5 млн. теңгеге толықты, мұражай үшін 1,2 млн. теңгеге құнды экспонат сатып алынды. Оңтайландыру жылдары жабылған 13 кітапхана мен 4 клуб мекемелерінің қызметі қалпына келтірілді.

2001 жылы мәдениет ұйымдары жемісін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылып, 6 клуб мекемелерінің қызметі жаңаланды: 5-і Бейнеу ауданында және 1 селолық клуб Қарақия ауданы Сенек селосында. Жергілікті бюджеттен мәдениет жүйесін қаржыландыру көлемі 316,4 млн. теңгені құрады. 2001 жылға мемлекеттік мәдениет мекемелерімен ақылы қызмет көрсету көлемі 16,5 млн. теңгені құрады.

2001 жылы облыс бойынша мәдениет ұйымдары саны 127 бірлікті құады, ооның ішінде 121-і жергілікті бюджеттен қаржыландырылатындар, 1-і Республикалық мұражай - қорық, 5-і жеке мәдени демалыс ұйымдары (ЗМОСО (КРЦ) және 2 кинотеатр). 126 ұйымның ішінде (республикалық мұражай қорықты есептемегенде) - 5 мұражай мекемесі, 57 кітапхана, 64 мәдени демалыс ұйымдары, яғни 33 мәдениет үйлері, клуб мекемелері мен автоклубтар, 1 қуыршақ театры, ғылыми-әдістемелік және мәдени-демалыс қызметтерінің облыстық орталығы, 8 кинотеатр мен кино қондырғылары, 1 филормония, 1 жаңғырту, кинопракат және 13 халық ұжымдары, сондай-ақ 5 жеке мекемелер.

2001 жылы мемлекеттік мұрағат ұйымдарының саны 7 бірлікті құрады, олардың барлығы да жергілікті бюджет есебінен ұсталып отыр.

2001 жылы телехабардың мемлекеттік тапсырысының орташа тәуліктік көлемі 13 сағат, радиохабардікі 15 сағат құрады.

2002 жылға арналған индикативтік жоспар жобасында Қарақия ауданы Жетібай кентінен Мәдениет үйі құрылысын салу және Маңғыстау ауданы Шебір селосынан ауылдық клуб ашу есебінен клуб мекемелерін 2 бірлікке ұлғайту жоспарланған, бұл

мақсатқа жергілікті бюджеттен 58,8 млн. теңге бөлінді. Сонымен қатар облыс әкімінің 3.04.2002 жылғы N 76 қаулысына сәйкес Ақтау қаласында музыкалық-драма театры, сондай-ақ Түпқараған ауданы Баутин кентінен бейімделген бөлмеде кітапхана ашылады, ғимараттың құрылысы мен қайта жаңартуға жергілікті бюджеттен 435,0 млн. т е ң г е б ө л і н д і .

2002 жылы мәдениет ұйымдарының жалпы саны 131 бірлікке дейін өседі, оның ішінде жергілікті бюджеттен қаржыланатындары - 126 бірлікке дейін.

2002 жылы мұражай қорық жергілікті бюджетке берілді. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарымен көрсетілетін ақылы қызмет көлемі 17,3 млн. теңге.

Мұрағат ұйымдарының саны өзгеріссіз қалады, 2002 жылы олармен ақылы қызмет көрсету көлемі 1,055 млн. теңгені құрайды.

Спорт. Қазіргі уақытта дене тәрбиесі мен спорт Маңғыстау облысында қарқынды дамып келеді және халық арасында танымал болып қалады.

Облыс бойынша спорт имараттарының саны 278 бірлікті құрады, 2001 жылға олардың саны Маңғыстау ауданы Шетпе кентінен 1 жасөспірім - балалар спорт мектебі (ДЮСШ), Аджип ККО қаражаты есебінен Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы, Аташ кенті мен Баутин кентінен футбол жиегі мен кешенді алаң, теннис корты мен басқа да спорт алаңдары ашылуы есебінен 325 бірлікке дейін артты.

ЖБСМ (ДЮСШ) саны 2001 жылы 12 бірлікке дейін, ЖБСМ (ДЮСШ) қатынасатын балалар саны 5,1 мың адамға дейін өсті. Спорт клубтарының саны 4 бірлік, әртүрлі спорт түрлері бойынша 22 бірлік. Спортпен айналысатын адамдар саны 25,4 мың а д а м д ы қ ұ р а д ы .

2001 жылдан "2001-2005 жылдарға арналған Маңғыстау облысы бойынша дене тәрбиесі мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасы" қабылданып іске асырылуда.

2002 жылы 12 мың адам айналысатын Олимпиадалық дайындық орталығын ашу жоспарланды. Ақтау қаласынан 2 жасөспірімдер клубын ашу жоспарлануда. Спорттық имараттар саны әзірге өзгеріссіз қалады.

Туризм. Облыста туризмді дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. 2000 жылы 8 туристік фирма лицензия алды. Туристік фирмалармен шетел азаматтары мен отандастар үшін 27 облыс ішілік маршруттар, Қазақстан Республикасы азаматтарының алыс және жақын шетелге шығуы үшін 20 халықаралық туристік маршруттар игерілді.

"Жібек жолы тарихи орталығына қайта оралу, түрік тілді мемлекеттердің мәдени мұраларын сабақтаса дамыту, туризмнің инфрақұрылымын құру" Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2000 жылы ұлы пір Бекет-Атаның туған күнінің 250 жылдығына 41,0 млн. теңге көлемінде республикалық бюджет қаражаты мен кәсіпорындар мен ұйымдардың демеушілік қолдауы есебінен "Бекет Ата" жерасты мешітін жаңғырту аяқталды. Демеушілер қаражатынан сиына келушілер үшін мешіт п е н қ о н а қ ү й с а л ы н д ы .

Сонымен қатар, "Шапағат Ата" жер асты мешітінің ағынды су мен құдығына барар

жол құрылысын жаңарту аяқталып, 2,7 млн. теңге жұмсалды, мешіт салынды.

2002 жылдан "2001-2005 жылдарға арналған Маңғыстау облысында туризмді дамытудың кешенді бағдарламасы" қабылданып, іске асырылуда.

Облыс бюджетінен 2001 жылы Форт-Шевченко қаласындағы сақталған Жаңатеатр бекініс қабырғасын жаңарту мен бұзылудан сақтауға "Қараман Ата" табыну-жерлеу кешеніндегі жаңарту жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттарын жасауға және бастауға 12,6 млн. теңге бөлінді.

2001 жылы "Көктем 2001" ілеспе қызмет көрсететін республикалық туристік эспедициялық жәрмеңке өткізілді, 2002 жылдың аяғында "Қыс 2002" жәрмеңкесін өткізу жоспарланды.

Астана қаласында ағымдағы жылы наурызда өткен "KITF 2002" Халықаралық Қазақстан көрмесінде Маңғыстау облысының экспозициясы алғыс куәлігімен марапатталды.

2002 жылы 5 туристік фирма лицензия алып, жұмыс жасауда. 2002 жылға бағалау бойынша туризмге инвестиция жергілікті бюджеттен 4,4 млн. теңгені құрады, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында 1,8 млн. теңге пайдаланылды.

Мәдениетті, спорт пен туризмді дамытудың оң ілгерілеушілік қабылданғанына қарамастан, төмендегі проблемалар әсер етеді:

- ауылдық жерлерде мәдениет пен спорт объектілерінің жетіспеуі;
- селолық клубтар мен кітапханалардың әлсіз жарақтануы;
- архитектура ескерткіштерін қалпына келтіруге қаражаттың жетіспеуі;
- спорт секцияларына музыка мектептеріне барудың жоғары төлемі;
- білікті кадрлармен төмен қамтылуы және облыс аудандарында жа мамандар үшін тұрғын үйдің болмауы.

2. Перспективалар: 2003-2005 жылдары

Мәдениет пен спортты дамытудың негізгі мақсаты мәдениет пен спорт ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және желісін кеңейту, кітапханаларда кітап қорын жаңарту, негізінен ауылдық жерлерде, табиғи және рухани салауатты тұлғаларды қалыптастыру болуы тиіс.

Жақын жылдары облыстың көптеген мектептерінде спорт заңдары мен спорт алаңдарын күрделі жөндеу қарастырылған. Тегін спорт секцияларын, аула клубтарын кеңейту мен аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына творчестволық талантын дамытуға көмек көрсету жоспарланды. Жастар бағдарламасына сәйкес жас мамандарды еңбекке орналастыру, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету қарастырылуда.

Мәдениет. 2003-2005 жылдары мәдениет ұйымдары желісін: 2003 жылы Ақтау қаласында кітапхана мен Маңғыстау ауданында автоклуб, 2004 жылы Маңғыстау ауданында автоклуб, 2005 жылы Түпқараған ауданы Баутин кентінде мәдениет үйі, Ақтау қаласында кітапхана және Маңғыстау ауданында автоклуб ашу есебінен 6

бірлікке кеңейту жоспарланған.

2005 жылы мәдениет ұйымдарының саны 137 бірлікке дейін (2002 жылға 104,6 пайыз) өседі, оның ішінде мемлекеттік 132 бірлікке дейін, одан кітапхана 60 бірлікке дейін (2002 жылға 103,4 пайыз), мәдени демалыс ұйымы 71 бірлікке дейін (2002 жылға 106 пайыз). 2004 жылы бір мемлекеттік мұрағат ұйымын ашу жоспарланған.

Көрсетілетін ақылы қызмет көлемі мәдениет мекемелерімен 54,2 млн. теңгеге дейін (2002 жылға 115,6 пайыз), мұрағат мекемелерімен 1,520 млн. теңгеге дейін (2002 жылға 114,1 пайыз) ұлғаяды.

2005 жылы мемлекеттік тапсырыстың орта тәліктік көлемі телехабарда 15 сағатқа дейін (2001 жылға 115,4 пайызға), радиохабарда 18 сағатқа дейін (2001 жылға 120,0 пайызға) ұлғаяды.

Жаңа мәдениет объектілерін қалпына келтіру мен ұстауға қаражат қалалық және аудандық бюджеттерден, қосмша көздерден, демеушілік көмек тартудан іздестірілетін болады.

Спорт. Спортты дамыту жөніндегі бағдарламалық іс-шараларды іске асыру жалғасатын болады. 2003 жылы спорт имараттарының саны демеушілік қаражат есебінен Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында спорт кешенін боулинг клубын ашу және қалалық бюджет қаражаты есебінен Ақтау қаласында спорт алаңын қалпына келтіру есебінен 2 бірлікке ұлғаяды.

2004 жылы қалалық бюджет қаражаты есебінен Ақтау қаласы ішінде спорт кешені құрылысын салу, Жаңаөзен қаласы мен Ақтау қаласында аула клубтарын, спорттық гимнастика бойынша федерация ашу көзделген. "Мұнайшы" спорт кешені базасында жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ақтау қаласында спорттық ойын түрлері бойынша ЖБСМ (ДЮСШ) ашу жоспарланған, ЖБСМ (ДЮСШ) айналысатындар саны 2005 жылы 6,0 мың адамға дейін (2002 жылға 15,4 пайыз) ұлғаяды.

2005 жылы Жаңаөзен қаласында демеушілік қаражат есебінен спорт алаңы және Ақтау қаласында бюджеттен тыс қаражаттан жағажай вoleyболы үшін алаң құрылысын салу, Ақтау қаласында вoleyбол клубын, 2 аула клубын, оқ ату жөніндегі федерация ашу жоспарланған.

2005 жылы спортпен айналасушылар саны 27,0 мың адамға дейін (2002 жылға 105,9 пайыз) өседі.

Федерациялар, спорт және аула клубтары мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктер болып табылады, олардың ұстауға қаражат қарастырылмайды.

Туризм. 2003-2005 жылдарға облыста туризмді дамытуға жергілікті бюджеттен 17,0 млн. теңге бөлу жоспарланған: 2003 жылы 5,0 млн. теңге, 2004-2005 жылдарда 6,0 млн. теңгеден. Сонымен қатар "Жібек жолы тарихи орталығына қайта оралуға түрік тілді мемлекеттердің мәдени мұраларын, сабақтаса дамыту, туризмнің инфрақұрылымын құру" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін 2003 жылы 18,0 млн. теңге, 2004 жылы 25,0 млн. теңге, 2005 жылы 31,0 млн. теңге бөлу қарастырылған.

Облыс ішілік туристік маршруттар кеңейтілуде. Экотуризм бойынша ("Қаратау жүйесі", "Мыс Түпқараған", Қарақия ойпаты және басқалары") ең азы 5 жаңа маршрутты іске қосу жоспарлануда.

Туризмді дамыту үшін Маңғыстау облысының имиджі аса маңызға ие. Берлиндегі (Германия) және Ташкенттегі (Өзбекстан) халықаралық көрмелерге қатысу жоспарлануда.

14 Тарау. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды басқару

1. Талдау: 2000-2002 жылдары

Қоршаған ортаның жағдайы. Аймақтың экономикалық жағдайы шектен тыс күрделі және ауыз судың табиғи көздерінің жетіспеуінен, автокөлік санының артуынан қала ішінде атмосфералық ауаның газдану деңгейінің артуынан, әзірленген және жұмыс жасамайтын уран кеніштерінің болуы, мұнай өндіру саласында жұмыс көлемінің артуынан қиындай береді. Сонымен қатар ахуал шектен тыс құрғақшылық климатпен жылына 150 мм аспайтын жауын шашынның жетіспеуінен қатты континентальдылықты қиындата береді.

Облыс үшін 25-32 м/сек дейін жылдамдықпен сағатына күшті дауыл мен жел тән, нәтижесінде жаппай еселенген шексіз шаңнан шектеулі рауалы концентрациясы (ШРК) артуы пайда болады. Облыста жыл сайын 100 күннен артық шаңды күн бойынша ШРК артуы бекітіледі.

Аймақшін көбірек шын қорқыныштысы облыс орталығы мен Қаспий теңізінің жағалай аймақтарында тікелей жақын орналасқан химия өндірісінің уран жинақты қалдықтары бар "Қошқар Ата" қоймасы ұсынады.

Химия кешені кәсіпорындарының тоқтауынан қалдықсақтауыштың сұйық фазасы деңгейінің төмендеуі ағынды суларды қалдықсақтауыштың бетін ылғалдандыру үшін пайдаланады, 8-10 м/сек артық жел жылдамдығымен шаңдатып, сусыз ашық жағажай құрылуына әкеледі. Бұл учаскелерден көтерілген шаң жақын елді мекендер аумағында тұрғындардың радиоактивті шаң тозандарды өөөөөө.

Мұнай күрделенген ахуалда облыста аттестацияланған зертханасы жоқ жалғыз бақылайтын пост "Қазгидромет" Ақтау РМК, басқа қоршаған ортаның ластануын бақылайтын постар жоқ.

Материалдық-техникалық базаның болмауы мен жеткіліксіз қаржыландыру қоршаған ортада мониторинг өткізуге мүмкіндік бермейді.

2000 жылы 23,5 млн. теңге көлемінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен аймақ экономикасына "Қошқар Ата" қалдықсақтауышының қауіпті әсер ету дәрежесін төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу мақсатында жоғары жер шоғырлануының мәнін және қоршаған орта қалдықсақтауыш әсерінің жету қашықтығын анықтау жөніндегі мониторинг өткізілді.

Радиоактив жұқтырылған аландарды толтыру жолымен жалпы көлемі 35,4 га жер

учаскесін, оның ішінде "Қошқар Ата" қалдықсақтаушына 8,6 га, 28,8 млн. теңге сомасында техникалық қайта құнарландыру жүргізілді.

Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындармен қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға есепті жылы 1963,1 теңге жолданды, одан шетел компанияларымен 119,7 млн. теңге немесе пайдаланған қаражаттың жалпы көлемінен 6 пайыз.

2001 жылға облыс табиғат пайдаланушыларымен табиғат қорғау іс-шараларына 5120,3 млн. теңге сомасында, жергілікті бюджет есебінен 34,0 млн. теңге жұмсалды.

"Қошқар Ата" қалдықсақтаушы деңгейін орнықтыру жөнінде "Қошқар Ата" қалдықсақтаушына топырақ пен түптік шөгінділер құрамын зерттеуге 4,2 млн. теңге, стихиялық қоқыстар үйіндісін жоюға 15,9 млн. теңге сомасында, өздігінен құятын ұңғыларды тексеруге 2,0 млн. теңге көлемінде мониторинг және киіктер саны мен бағалы балық тұқымдарын сақтау жөнінде іс-шаралар өткізілді.

2002 жылы басымдырақ табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру үшін жергілікті бюджеттен 135 млн. теңге қаралды, оның жартысынан көп сомасы, яғни құрамында көпшілік болып табылатын өөөөөөөөө кіретін Менделеевтің барлы таблицасы кіретін сусыз, ашық саяжайдың ілгеріде тұзды шаңдатуынан "Қошқар Ата" қалдықсақтаушының экологиялық проблемаларын шешуге бағыттталатын болады.

Табиғи ресурстардың жағдайы. Аймақтың басты табиғи байлығының бірі болып облыс орталығы Ақтау қаласы мен жақын елді мекендер үшін ауыз судың жалғыз көзі - Каспий теңізі болып табылады. Каспий теңізінде бір мезгілде әртүрлі жүктерді халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының теңіз қақпасы - Ақтау теңіз порты жұмыс жасайды.

Ақтау порты арқылы республиканың негізгі транзиттік жүктасқыны, континерлерде басты, ақтарма жүктерді аудару және жылына 8,0 млн. тоннаға дейін мұнай мен мұнай өнімдерін аударып тиеу жүзеге асырылады.

Сонымен қатар облыста Каспий теңізінің акватория жағдайына және мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдауда олардың құю деңгейіне экологиялық бақылау жетіспейді.

Жер. Облыс бойынша жалпы жер көлемі 165 мың шаршыметрді құрайды, одан ластанған жер көлемі 1153,4 га құрайды, мұнайлы ұралар саны 45 дәне, ұралардағы мұнай көлемі 322,5 мың тонна. 1.01.2002 жылғы жағдай бойынша алдын ала тексеріс бойынша ұйдасқан полигондар мен қоймаларда 60,2 млн тонна өндіріс және тұтыну қалдықтары үйіліп қалған.

Ауа. Мұнай өндіруші кен орындарды қарқынды дамуымен, газдың алаулап жануымен, жылдан жылға мұнай амбарларының құрылуы қоршаған ортаның атмосферасын төмендетеді. Сонымен қатар атмосфералық ауаның ластану сапасы мен

дәрежесін бағалау толықтай облыс бойынша қоршаған ортаның ластануын бақылайтын постылардың болмауы себепті жүзеге асырылмайды, яғни өндірістік мониторингті тұрақты өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

2. Перспективалары: 2003-2005 жылдар

Қоршаған ортаны қорғау.

Табиғи ресурстарды бақылау.

Облыста қоршаған орта жағдайы қанағаттанарлықсыз болып бағаланады. Құрлықта мұнай-газ кен орындарын қарқынды игеру, Каспий теңізі акваториясында мұнай операцияларын жүргізу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы, ауыз судың табиғи көздерінің тапшылығы, аймақ халқының денсаулығына жағымсыз әсер ететін факторларды айтарлықтай күшейтеді. Онкологиялық аурудың прогрессивті өсуі, түберкүлезбен аурудың жоғары пайызы, балалар өлімі санының өсуі байқалады.

Химия өнеркәсібі өндірісінің ұзақ тұруына байланысты аса қорқынышты облыс орталығынан 7 км және Каспий теңізінің жағалық аймағында орналасқан, құрамына Менделеевтің барлық таблицасы кіретін 350,0 млн. тоннадан астам қалдықтар жинақталған "Қошқар Ата" қалдықсақтауышы ұсынады.

Қазіргі мезетте барлық аймақ бойынша 100 млн.м³ шамасында ілеспе газ жанып тұр. Атмосфералық ауада тастандыны кішірейту үшін 2005 жылға дейін аймақтың барлық мұнайгаз кешендері алауларын түтіксіз жану режиміне ауыстыру жоспарланған, яғни атмосфераға ластанған заттегі тастандырылатын 60 есеге дейін қысқартады.

Тек, "Қошқар Ата" қалдықсақтауышына байланысты экологиялық проблемаларды шешу үшін 10,0 млрд. теңгеден астам қажет. Осыған байланысты 2003-2005 жылдар кезеңінде экологиялық жүктемелерді азайтуға бағытталған іс-шараларды орындауға қоршаған табиғи ортаға 2002 жылмен салыстырғанда 5 еседен артық қаражат тарту ж о с п а р л а н у д а .

Қаражат төмендегі негізгі табиғат қорғау іс-шараларына бағытталатын болады:

1. Қошқар Ата қалдықсақтауыш ауданында, Каспий теңізі акваториясында тұрақты Мемлекеттік мониторинг өткізу (су, ауа, жер).

2. Қошқар Ата қалдықсақтауышы жер асты суы жағдайына тұрақты Мемлекеттік мониторинг өткізу және қалдықсақтауыштың барлық ұзындық өлшемі бойынша ластанудың таралу аймағын анықтауы.

3. Қошқар Ата қалдықсақтауышын жаңарту, сақтап қалу және құнарландыру жобасын әзірлеуді аяқтауды қамтамасыз ету (2003-2004 жж).

4. 2005 жылға дейін 267 м белгіде қалдықсақтауыш деңгейін орналастыруды қ а м т а м а с ы з е т у .

5. 2005 жылға дейін өздігінен құятын иесіз ұңғыларды жоюды аяқтау.

6. 2003 жылы барлық түрдегі өндіріс қалдықтары мен тау үйінділерін тізімдеуді а я қ т а у .

7. 2003 жылы экологиялық аудандастыру жөніндегі жұмыстарды аяқтау.

8. 2005 жылға дейін Үстірт Дөңіндегі ядролық жарылыс зардаптарының жер асты сулары мен қоршаған ортаға әсерін зерттеуді қамтамасыз ету.

9. 2005 жылға аймақтың барлық мұнайгаз кешендерінің жанып тұрған алауларын түтіксіз жану режиміне ауыстыру.

15 Тарау. Аймақтық бағдарлама облыстық индикативтік жоспарын іске асыру тетігі

Жұмыс жасап тұрған және әзірленіп жатырған Аймақтық бағдарламаның тізімі қоса беріліп отыр.

14. Әрекет етіп тұрған және әзірленіп жатырған аймақтық бағдарламалар тізімі

к/с	Бағдарлама атауы
1	2
14.1 Әрекеттегі бағдарламалар тізімі	
Мемлекеттік басқару	
14.1.1	Коммуналдық меншіктің мемлекеттік мүлкін жеке шелендіру мен басқарудың аймақтық бағдарламасы
Көлік	
14.1.2	Маңғыстау облысының жалпы пайдаланыстағы автомобиль жолдарындағы аймақтық бағдарламасы
Тұрғын үй саясаты	
	Маңғыстау облысының тозған тұрғын үйлерді күрделі жөндеудің және апатты тұрғын үйлерін сүріп тастаудың аймақтық бағдарламасы
Өнеркәсібі	
	Маңғыстау облысы бойынша құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрылыс өнеркәсібінің дамытуының аймақтық бағдарламасы
	Маңғыстау облыстық "Сапа" аймақтық бағдарламасы

Әлеуметтік қорғау және кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес

Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі аймақтық бағдарлама

2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді сауықтыру аймақтық бағдарламасы

Құқық тәртібі

Маңғыстау облысының 2001-2002 жылдарға арналған қылмыстық пен толық күрес жөніндегі аймақтық басқармасы

Маңғыстау облысының 2001-2002 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес аймақтық басқармасы

2 0 0 1 -

2002 жылдарға арналған балалар мен кәмелет кетолмағандар арасында құқық бұзушылықты ескерту жөніндегі аймақтық бағдарлама

Маңғыстау облысы бойынша 2001-2002 жылдарға арналған шақорлық пен есірткі бизнесімен күрестің аймақтық бағдарламасы

Денсаулық сақтау

2001-2003 жылдарға арналған денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру аймақтық бағдарламасы

Білім беру

Білім беружүйесін дамыту аймақтық бағдарламасы

Туризм

2001-2005 жылдарға арналған туризмді дамытудың кешенді бағдарламасы

Дене тәрбиесі және спорт

2001-2005 жылдарға арналған денетәрбиесі мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасы

Ауыл шаруашылығы

Маңғыстау облысының ауылдық әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі аймақтық бағдарламасы

Кәсіпкерлікті дамыту

2001-2002 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы

14.2 Өзірленіп жатырған бағдарламалар тізімі**Ғылым мен техника**

Маңғыстау облысының инновациялық дамуының бағдарламасы

Сумен қамтамасыздандыру	
	"Ауызсу" аймақтық бағдарламасы
Әлеуметтік қорғау және кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес	
	2003-2005 жылдарға арналған кедейшілікті азайту жөніндегі аймақтық бағдарлама
	2003-2005 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамту аймақтық бағдарламасы
Ауыл шаруашылығы	
	2003-2005 жылдарға арналған ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму аймақтық бағдарламасы
Күйзелген экономикалы шағын қалаларды дамыту	
	Күйзелген экономикалы шағын қалаларды дамытуының аймақтық бағдарламасы
Кәсіпкерлікті дамыту	
	2003-2005 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы

Құқық тәртібі	
	Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға арналған қыл-мыстылықпен күрес жөніндегі аймақтық бағдарламасы
	Маңғыстау облысы бойынша 2003-2005 жылдарға арналған наша қорлық және есірткі бизнесімен күрестің аймақтық бағдарламасы
Жастар саясаты	
	2003-2005 жылдарға арналған жастар саясатының аймақтық бағдарламасы